

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЕУАЗИЯ УНИВЕРСИТЕТІ

қолжазба құқығында

А.Т.Рахымжанова

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ БАЙЛЫҚ МҰРАСЫ НЕГІЗІНДЕ БАЛАБАҚШАДАҒЫ
БАЛАЛАРДЫҢ ОТАНСҮЙГІШ ҚАБІЛЕТІН ТӘРБИЕЛЕУ

6M010300 Педагогика және психология мамандығы бойынша педагогика
магистрі академиялық дәрежені ізденуге
магистерлік диссертация

ПАВЛОДАР – 2014

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі

Инновациялық Еуразия университеті

Қорғауға жіберілді:
«Педагогика және психология»
кафедрасының меңгерушісі,
медицина ғылымдарының докторы,
профессор _____ Ю.А.Россинский
(қолы)
«__» _____ 20__ ж

Магистерлік диссертация

**ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ БАЙЛЫҚ МҰРАСЫ НЕГІЗІНДЕ БАЛАБАҚШАДАҒЫ
БАЛАЛАРДЫҢ ОТАНСҮЙГІШ ҚАБІЛЕТІН ТӘРБИЕЛЕУ**

6М010300 Педагогика және психология мамандығы

Магистрант

_____ А.Т. Рахымжанова
(қолы) (аты-жөні, тегі)

Ғылыми жетекші,
педагогика ғылымдарының
кандидаты, доцент

_____ А.Қ.Сатынская
(қолы) (аты-жөні, тегі)

ПАВЛОДАР – 2014

РЕЦЕНЗИЯ

официального внешнего рецензента на магистерскую диссертацию
_____ на тему:

(ф.и.о. магистранта)

« _____ »,
представленной на соискание академической степени магистра
_____ по специальности

1 Актуальность темы исследования и ее связь с общенаучными и общегосударственными программами (запросами практики и развития науки и техники).

2 Научные результаты в рамках требований к магистерской диссертации.

3 Степень обоснованности и достоверности научного результата (научного положения), вывода и заключения магистранта, сформулированных в диссертации.

4 Степень новизны каждого научного результата (положения), выводов, заключения магистранта, сформулированных в диссертации.

5 Подтверждение достаточной полноты публикаций основных положений, результатов, выводов и заключения диссертации.

6 Недостатки по содержанию и оформлению диссертации.

7 Соответствие диссертации предъявляемым требованиям.

8 Заключение.

Рецензент,
уч.степень,
место работы

(подпись)

ИОФ

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	4-7
1 Отансүйгіштікке тәрбиелеу педагогикалық проблема ретінде	8
1.1 Мектепке дейінгі жастағы балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің теориялық негіземесі	8-11
1.2 Отансүйгіштікке тәрбиелеуге арналған мемлекеттік бағдарламалар	11-15
1.3 «Ұлттық идея» қазақ халқының отансүйгіштікке тәрбиелеу ажырамас бөлігі	15-30
2 Отансүйгіштікке тәрбиелеу Қазақстандық моделі	31
2.1 Мектепке дейінгі жастағы балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу бойынша балабақша жұмысының сипаттамасы	31-37
2.2 Мектепке дейінгі жастағы балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу бойынша тәжірибелік эксперименталдық жұмысының моделі	37-41
2.3 Экперимент жүргізу нәтижелері	41-49
ҚОРЫТЫНДЫ	50-57
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	58-62

АННОТАЦИЯ

Тема диссертационного исследования определила основные направления работы, связанные с изучением теоретических аспектов и анализом современного состояния патриотического воспитания в учреждениях дошкольного образования.

В результате исследования были выявлены основные проблемные вопросы, требующие своего разрешения. На основании проведенной опытно-экспериментальной работы была проведена диагностика и предложены пути решения проблем патриотического воспитания в детском саду. Действенность методов работы по повышению эффективности процесса патриотического воспитания была подтверждена в ходе практической работы в старшей группе детского сада.

ABSTRACT

The question of patriotic education in the condition of modern pre-school constitution is described in the given research.

The research is based on the results of the study of theoretical hypothesis and the performance of practical and experimental work.

The practical recommendations for the development of work are also described in the given direction.

PIKIP

«Қазақ ұлттық байлық мұрасы негізінде балабақшадағы балалардың
отансүйгіштік қабілетін тәрбиелеу» тақырыбы бойынша орындалған
6М010300 Педагогика және психология мамандығы бойынша
педагогика магистрі академиялық дәрежені ізденуге ұсынылған магистерлік
диссертациясына

Магистранттың ТАЖ: Рахымжанова Айгуль Толегеновна
Факультет: Жаратылыстану-гуманитарлық факультеті
6М010300 Педагогика және психология мамандығы

[illegible]

Ғылыми жетекшісі,
П.ғ.к., доцент

А.Қ.Сатынская

Список научных трудов _____ (Ф.И.О. магистранта)

№	Название	Характер работы	Издательство, журнал, название, номер, год, страницы	Объем (п.л.)	Фамилии соавторов
1	2	3	4	5	6
1	Фонд возмещения как источник обновления производственного аппарата предприятия	Статья	Материалы международной НПК «Место и роль кооперативного движения в свете новых социально-экономических тенденций», Астана, ЕНУ, 2001.-С.99-101	0,25	
2	Влияние амортизации на повышение эффективности производства	Статья	Сборник докладов участников международной НПК «Кооперативы и акционерные общества: развитие, преимущества и конкурентоспособность», Гомель, БТЭУПК, 2002.- С.119-123	0,25	
3	Воспроизводство основных средств в современных условиях	Статья	Материалы республиканской НПК «Актуальные проблемы теории национального воспроизводства», Алматы, КазНУ им. аль-Фараби, 2002.- С.145-148	0,25	

Ученый секретарь Инженерной Академии
к.т.н., доцент

(подпись)

ИОФ

Зав. кафедрой

(подпись)

ИОФ

Магистрант

(подпись)

ИОФ

«Қазақ ұлттық байлық мұрасы негізінде балабақшадағы
балалардың отансүйгіш қабілетін тәрбиелеу»

Воспитание патриотизма детей дошкольного возраста на
основе казахского
национального наследия

Pre-school learners' patriotic up-bringing . on the basis of Kazakh
national heritage

КІРІСПЕ

Қазіргі таңда тарихи алаңға жаңа тұлға шығып жатыр. Тәуелсіз елеміз Қазақстан үшін іскер, тәуелсіз, жан-жақты дамыған тұлғалар қажет екені баршамызға мәлім. Бірақ та «адамгершіліктің жетіспеушілігі» орын алып отыр. Нәтижесінде Одақ ыдырағанынан бастап аласапат кезінде отансүйгіштік ұғымы өзінің маңыздылығынан айырыла бастады. Соңғы жылдары өсіп келе жатқан ұрпақ тіпті отандық мәдениеттен, тарихи құндылықтарынан, қоғамдық-тарихи тәжірибеден бас тартып жатыр. Осыған орай отансүйшікке тәрбиелеу проблемаларын шеші үшін білім беру және тәрбиелеу саласындағы қызметте жаңа идеологияны қалаптастыру қажет.

Соңғы жылдары, балаларды тәрбиелеуімен байланысты, орын алған маңызды өзгерістер отансүйгіштікке тәрбиелеу қоғамдағы орны, оның рөлі жөнінде жаңа шешімдерді қабылдауды талап етеді. Осыған орай отансүйгіштікке тәрбиелеу мәселесі барлық деңгейлерде көтеріліп жатыр.

Зерттеудің көкейкестілігі. Зерттеуге алынған проблема төңірегінде тәрбиені жастайынан бастау керек деген пікір басым орын алып жатыр. Әсіресе мектепке дейінгі жастан бастап. Осы кезеңде баланың рухани-адамгершілік негізі қаланады, эмоциялары, сезімдері, қоғамды әлеуметтік бейімделу механизмдері қалыптасады, бала өзін қоршаған ортада сезіне бастайды. Себебі баланың сезімталдығы күшті болып, жасында көргені, сезгені бүкіл өмір бойы есінде сақталады, яғни осы уақытта отансүйгіштікке тәрбиелеу бүкіл өміріне жалғастырылады.

Сонымен қатар айтып кететін жайт, азаматты, патриотты қалыптастыру тұтас ғылыми концепциясы қазіргі уақытта әлі де құралмаған. Педагогтар арасында осыған байланысты отансүйгіштікке тәрбиелеуге не жатады, осы тәрбиелеуді қалай жүзеге асыру керек, әдіс-тәсілдері қандай деген сұрақтар өз шешімін талап етеді.

Педагогикалық зерттеулерде осы мәселе өз шешуін әлі де табуда. Көптеген авторлар мектепке дейінгі жастағы балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу маңызыдылығын анықтайды, бірақ осы бағытта тұтас жүйелі жұмысты ұсынбайды. Мектепке дейінгі жастағы балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің кейбір аспектілері ғана жеке қарастырылады.

Таңдалған тақырыптың теориялық және тәжірибелік мәнін ескере отырып, біз зерттеуді «Қазақ ұлттық байлық мұрасы негізінде балабақшадағы балалардың отансүйгіш қабілетін тәрбиелеу» тақырыбы шеңберінде жүргіздік.

Зерттеу мақсаты – мектепке дейінгі жастағы ересек балаларды ұлттық идея, қазақстандық отансүйгіштік моделі негізінде отансүйгіштікке тәрбиелеу процесінің педагогикалық негіздерін ашу.

Зерттеу объектісі -мектепке дейінгі жастағы ересек балалар.

Зерттеу мәні – балабақша жағдайында мектепке дейінгі жастағы ересек балалардың бастапқы отансүйгіштік сезімін тәрбиелеу процесі.

Қағида. Мектепке дейінгі жастағы ересек балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу процесінің нәтижелілігі балабақшада мақсатталған отансүйгіштікке

тәрбиелеу жүйесінің қалыптасып, орын алғанымен шартталған. Осы жүйе мектепке дейінгі жастағы ересек балалардың жастық психологиялық-педагогикалық даму ерекшеліктерін және мектепке дейінгі жастағы балалардың түрлі әрекеттерінің тәрбие мүмкіндіктерін өзара тығыз байланыста максималдық қолдануда негізделген. Сонымен қатар, ұлттық педагогика негіздерін, қазақстандық отансүйгіштік моделі, ұлттық идея принциптерін ескере отырып, балаға қоғамдық өмір болмысы туралы түрлі білімдерін қалыптастыру, олардың қоршаған ортаға, халқына, халық салт-дәстүрлеріне, мәдениетіне, рухани байлығына, ата мұрасына деген эмоциялық деңгейде қатысу сезімін және қызығушылығын дамытып, мектепке дейінгі жастағы ересек балалардың жүріс-тұрысының негізін құру.

Қойылған мақсатқа қарай және шығарылған қағидаға байланысты зерттеу жүргізу барысында **келесі міндеттер шешіледі:**

1. мектепке дейінгі жастағы балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің теориялық негіземесін зерттеу;

2. отансүйгіштікке тәрбиелеуге арналған мемлекеттік бағдарламаларын қарастыру;

3. қазақ халқының отансүйгіштікке тәрбиелеу ұлттық идеясын қарастыру;

4. отансүйгіштікке тәрбиелеу Қазақстандық моделін қарастыру шеңберінде мектепке дейінгі жастағы балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу бойынша балабақша жұмысының сипаттамасын жасау;

5. мектепке дейінгі жастағы балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу бойынша тәжірибелік эксперименталдық жұмысының моделін әзірлеу;

6. Зерттеу барысында жүргізілген эксперимент нәтижелері негізінде мектепке дейінгі жастағы ересек балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу бойынша балабақша жұмысын арттыру бойынша ұсыныстар беру.

Зерттеудің методологиялық негізі. Зерттеудің методологиялық негізін ұлттық, отандық және шетелдік зерттеушілердің педагогикалық және психологиялық зерттеулері қалаған.

Зерттеу жүргізу барысында отансүйгіштікке тәрбиелеу мәселелерін шешуге арналған білім беру саласында бағдарламалық құжаттар басшылыққа алынған.

Зерттеу әдіс-тәсілдері. Зерттеуде белгіленген міндеттерді шешу барысында келесі жалпы ғылымдық және арнайы педагогика ғылымында пайдаланатын әдіс-тәсілдер қолданған: осы тәсілдердің қатарында ерекше орынды әдебиеттерді зерттеу алған.

Балабақша тәжірибесінде мектепке дейінгі жастағы ересек балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу жағдайын зерттеу мақсатында процесті зерттеу жұмыстары жүргізілді. Олар: байқау әдісі, әңгімелер, сауалнамалар, құжаттарды зерттеу, балалар қызметі нәтижелерін талдау, педагогикалық жағдаяттарды құрастыру. Зерттеушінің балабақшада тәрбиеші ретінде педагогикалық тәжірибесі де жан-жақты талданған.

Зерттеуде басым орын тәжірибелік-эксперименталдық жұмысқа бөлінге. Осы жұмысты жүргізу негізінде мектепке дейінгі жастағы ересек балаларды

отансүйгіштікке тәбиелеу бойынша балабақша жұмысының жүйесін тәжірибеде нәтижелелегін дәлелдеуге мүмкіндік берілді.

Зерттеу жүргізу барысында балабақшаның 60 тәрбиеленушілері қамтылған.

Зерттеу үш кезеңден тұрады.

Бірінші кезең (2012-2013 жж.) проблема шеңберінде теория қалаушыларының еңбектері, педагогикалық және психологиялық әдебиеттер зерттелген. Нәтижесінде теориялық ұстаным анықталып, тәжірибелік-эксперименталдық жұмысының бағдарламасы әзірленген.

Сонымен қатар, нақтылайтын эксперимент жүргізіліп, мектепке дейінгі жастағы ересек балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеудегі типтік жетіспеушіліктері мен кемшіліктері және тиімді әдіс-тәсілдері анықталды.

Екінші кезеңде (2013-2014 жж.) балабақша базасында тәжірибелік-эксперименталдық жұмысы жүргізілген, осы жұмысты жүргізу барысында ғылыми қағиданың ғылыми нақтылығы тексерілген, мектепке дейінгі жастағы ересек балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеудегі тиімділігінің жағдайлары анықталды.

Үшінші кезеңде (2014 ж.) қорытындылар шығарылды, тәжірибелік-эксперименталдық жұмысының нәтижелері талданды, балабақша жұмысы тәжірибесіне нәтижелерді енгізуі жүзеге асырылды, енгізілуі келесілерден құралған:

1. Балабақшада мектепке дейінгі жастағы ересек балаларды адамгершілікке тәрбиелеу процесінде отансүйгіштікке тәрбиелеу бойынша арнайы жұмыстарды жүргізу қажеттілігі негізделген.

2. Мектепке дейінгі жастағы ересек балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу процесінің құрамы және мән-мағынасы ашылған.

3. Мектепке дейінгі жастағы ересек балаларды отансүйгіштікке тәрбиелену критерийлері мен белгілері әзірленген.

4. Осы процестің тиімділігін қамтитын негізгі бағыттары, әдіс-тәсілдері және жағдайлары мен шарттары анықталған.

Зерттеудің маңыздылығы келесілерден құралады: зерттеуде балабақшада мектепке дейінгі жастағы ересек балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу жұмыстарының негізгі бағыттары анықталып, негізделген; осы тәрбиелеу жүйе мектепке дейінгі жастағы ересек балалардың жастық психологиялық-педагогикалық даму ерекшеліктерін және мектепке дейінгі жастағы балалардың түрлі әрекеттерінің тәрбие мүмкіндіктерін өзара тығыз байланыста максималдық қолдануда негізделгені дәлелденген; ұлттық педагогика негіздерін, қазақстандық отансүйгіштік моделі, ұлттық идея принциптерін ескере отырып, бабалға қоғамдық өмір болмысы туралы түрлі білімдерін қалыптастыру, олардың қоршаған ортаға, халқына, халық салт-дәстүрлеріне, мәдениетіне, рухани байлығына, ата мұрасына деген эмоциялық деңгейде қатысу сезімін және қызығушылығын дамытып, мектепке дейінгі жастағы ересек балалардың жүріс-тұрысының негізін құратыны дәлелденген.

Әзірленген ұсыныстар тәрбиешінің педагогикалық тәжірибесінде қолданылады.

Зерттеу нәтижелерін мектепке дейінгі педагогика бойынша дәрістер курсына, отансүйгіштікке тәрбиелеу проблемасы бойынша арнайы курстарын жүргізуде қолданылы алады, жалпы білім беру мекемелерінде мектепке дейінгі білім беру мекемелер үшін мамандарды дайындауға қолданыла алады.

Апробациялау. Жұмысты апробациялау және зерттеу нәтижелерін енгізу. Диссертацияның негізгі қағидалары Инновациялық еуразия университетінің «Педагогика және психология» кафедрасының мәжілістерінде талқыланды, мақалар VII Педагогикалық оқуларында (ИнЕУ, Павлодар, 2013 ж.), «Калюжный оқулары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдарында жарияланды (Ақтөбе, 2014) Тәжірибелік-эксперименталдық жұмысын жүргізу барысында осы жұмыстың нәтижелері бірнеше рет Павлодар қ. «Санаторлық үлгідегі №22 сәбилер бақшасы» МҚКК-ның педагогикалық кеңестерінде тыңдалған.

Қорғауға шығарылған ережелер:

1. Мектепке дейінгі жастағы ересек балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу процесінің нәтижелілігі балабақшада мақсатталған отансүйгіштікке тәрбиелеу жүйесінің қалыптасып, орын алғанымен шартталған.

2. Осы жүйе мектепке дейінгі жастағы ересек балалардың жастық психологиялық-педагогикалық даму ерекшеліктерін және мектепке дейінгі жастағы балалардың түрлі әрекеттерінің тәрбие мүмкіндіктерін өзара тығыз байланыста максималдық қолдануда негізделген.

3. Сонымен қатар, ұлттық педагогика негіздерін, қазақстандық отансүйгіштік моделі, ұлттық идея принциптерін ескере отырып, балаға қоғамдық өмір болмысы туралы түрлі білімдерін қалыптастыру, олардың қоршаған ортаға, халқына, халық салт-дәстүрлеріне, мәдениетіне, рухани байлығына, ата мұрасына деген эмоциялық деңгейде қатысу сезімін және қызығушылығын дамытып, мектепке дейінгі жастағы ересек балалардың жүріс-тұрысының негізін құрайды.

1 ОТАНСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОБЛЕМА РЕТІНДЕ

1.1 Мектепке дейінгі жастағы балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің теориялық негіземесі

Педагогика бұл-адамзат ғылымының ең ежелгі және қоғам дамуының ажырамас саласы болып табылады. Себебі: педагогикалық білім ұғымы ұрпақты білімге дайындау немесе тәрбиелеу мен байланысты адам әрекетінің ерекше аймағына кіреді. Педагогика барлық ғылымдар сияқты философия ғылымы аясында қарастырылды. Ежелгі грек философтарды Гераклит, Демокрит, Фальс, Сократ, Аристотель, Платон, т.б. ғылымдарының педагогикаға қосқан үлесі зор. «Педагогика» деген ұғым көне грек елдерінде б.э.б. 2,5 жылда пайда болған дейді. Педагогика деген сөз, яғни тәрмин, көне грек тілінен шыққан, ол балаларды ертіп жүру, баланы жетектеп мектепке апаруы деген сөз. Анығырақ айтатын болсақ, «Педагогика» термині гректің екі сөзінен: «пайс» - балалар және «эгейн» - баланы басқару, тәрбиелеу, жетектеу, бағу ұғымдарынан шыққан. Адам өмір бойы тәрбиеленеді және қайта тәрбиеленеді. Педагогика - бала жайындағы ғылым, олай болса ол ұрпақ тәрбиесі жайындағы ілім. Адам баласының ұрпағы үнемі жаңарып, өзгеріп отырғандықтан, педагогика ілімі де үнемі өзгеріп отырады. Қазіргі кезде тәрбиенің ықпал жасау аясы кеңейе тусуде. Сондықтан «педагогика - бала тәрбиесі жайындағы ғылым», -деп шек қоюға болмайды. Педагогиканың ғылыми таным саласы - тәрбие. Педагогика қоғамдық өмірдегі тәрбиенің мәні мен рөлін анықтайды. Педагогика - жалпы адам тәрбиесі жайындағы ғылым . Ал тәрбие - жастарды әлеуметтік өмірге және еңбекке даярлап, оларға қоғамдық тарихи тәжірибені үйрету процесі. Педагогиканың жеке ұғымдар жүйесі бар. Әр ғылымның негізгі ұғымдары категориялары деп аталады.

Әрбір ғылымның өзіне тен зерттейтін саласы және ғылыми ұғымдары бар. Мысалы, философиядағы ұғымдарға «болмыс», «материя», «қозғалыс»; саяси экономияда- «қоғамның өндіргіш күштері мен өндірістік қатынастары», ал педагогикада – «тәрбие», «білім беру», «оқыту» жатады. Педагогикалық ұғымдар арқылы педагогикалық құбылыстарды, олардың байланысын танимыз.

Педагогикалық ұғымдардың бірі - тәрбие.

Тәрбие дегеніміз - адамдарды қоғамдық өмірге және өнімді еңбекке дайындау мақсатын көздеп, жаңа ұрпаққа қоғамдық-тарихи тежірибені беру процесі. Тәрбие ұғымы кең мағынада әлеуметтік қоғамдағы құбылыс ретінде барлық тәрбие салаларын, атап айтсақ: отбасы, мектепке дегіінга мекеме, оқу тәрбие орындары, еңбек ұжымы, ақпарат құралдары, баспа орындарын қамтиды. Біздің мемлекетте бұл салалар қоғамдық, мемлекеттік мақсатқа қызмет етеді.

Кең мағынада деген ұғымда бүкіл сыртқы әсерлердің, адамды қоршап тұрған, табиғи және әлеуметтік ортаның, тәрбиешілердің мақсатты іс-әрекеттерінің ықпалымен адамды қалыптастыру. «Тәрбие» ұғымы тар мағынада

«Тәрбиеші тәрбиелейді», кең мағынада «Өмір тәрбиелейді» деп қолданудық тәрбие жайлы ұғымды анықтауда зор мәні бар. Тәрбие - тар мағынада жеке тәрбиелік міндетті шешуге, жеке адамның белгілі бір қасиетін қалыптастыруға, меселен, эстетикалық талғамын тәрбиелеуге бағытталған жұмыс.

Тәрбие жаңа ұрпақты өмірге, еңбекке дайындау арқылы қоғамның алға қарай дамуын қамтамасыз ететін процесс. Тәрбие -педагогикалық кең мағынада қоғамның арнайы бөлінген адамдары - мұғалім, педагог, тәрбиешілердің басқаруымен жүргізілетін мақсатты үрдіс. Олар арнайы тәрбие жұмысын ұйымдастырып, жеке адамның қалыптасуына ықпал жасайтын жиынтық факторларды пайдалана отырып әрекше әдіс-тәсілдерді қолданады. Тәрбие жайлы әр түрлі теориялар мен пікірлер айтылып келеді. Тәрбиені әресек адамдардық балаларға ықпал жасауы деп түсіндіруінілер де бар. Бұл жағдайда бала енжар объект түрінде қарастырылады. Ол педагогикалық процестің субъектісі бола алмайды, яғни, өздігінен ойланып, белсенді іс-әрекет жасай алмайды. Бұдан тәрбиеге бір жақты анықтама беру байқалады. Білім беру - табиғат пен қоғам жайында жинақталған білім жүйесін жеке адамның меңгеруі және оны өмірде тиімді етіп қолдана білуі. Білім беру ұғымын педагогикаға тұңғыш енгізген И. Песталоцци. Білім беру - оқыту мен тәрбие жұмысын біріктіретін және жеке бастық дамуына ықпал жасайтын процесс.

Қорыта келе, педагогиканың нақты саласы – тәрбиелеу процесі.

Педагогиканың мәніне келетін болсақ, ғылымның мәні ретінде оқыту және оқытудан тыс уақытын біріктіре ұйымдастырылатын тұтас педагогикалық процесс. Осы процес барысында жеке тұлға адамзаттың әлеуметтік тәжірибесін меңгереді. Педагогтар әлеуметтік тәжірибе мазмұны және оқушылар арасында арақатынасты ұйымдастырушы ретінде шығады, жеке тұлғалардың қалыптасуы педагогтардың белсенді қайта жаңарту қызметінің деңгейіне байланысты болады.

Тәрбие мен оқыту ісінің одан әрі дамуына байланысты педагогика ғылымының түрлі салалары, атап айтсақ, мектепке дегіінгі педагогика, мектеп педагогикасы, педагогика тарихы, дефектология және пәндәрді оқыту әдістемесі, кәсіптік-техникалық білім беру педагогикасы, жоғары мектеп педагогикасы, әскери педагогика, басқару педагогикасы, отбасы тәрбиесінің педагогикасы, медени-ағарту қызметкерлерінің педагогикасы, түзеліс-еңбек педагогикасы, этнопедагогикасы, әлеуметтік педагогика, кәсіби педагогика, жас ерекшелік педагогикасы т.б. педагогика салалары пайда болды. Соңғы жылдары жеке педагогикалық салалары ретінде педагогикалық білімде келесілер анықталады: әлеуметтік педагогика, әлеуметтендіру педагогикасы және т.б.

19 ғасырдың басында нарықтық қарым-қатынастың дамуына, ғылыми-техникалық өркендеуге байланысты педагогика тармақталып, жеке пәндер бөлініп шықты. Олар: жалпы педагогика (тәрбие, білім беру және оқытудың жалпы заңдылықтарын зерттейді), сәбилер мен мектепалды педагогикасы, мектеп педагогикасы, сурдотифло педагогика және олигофрено педагогика

([керен](#), [зағип](#) және ақылы кем балалардың тәрбиесі мәселелерін зерттейді), жеке пән әдістері, педагогика тарихы.

Жаңадан қалыптасып жатқан педагогика салалары да бар: [мектептану](#), отбасы тәрбиесінің педагогикасы, басқару педагогикасы, ішкі істер педагогикасы.

Дербес педагогикалық пән ретінде: әскери педагогика, жоғары мектеп педагогикасы, кәсіби-техникалық білім беру педагогикасы.

Қазақ халқының да тәлім-тәрбиелік жүйесі ұланғайыр да мәуелі. Бұл салада халқымыздың тәлім-тәрбиелік алтын қорына елеулі үлес қосқан арыстарымыз А. Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, С.Торайғырұлы және т.б. Олардың тәлім-тәрбиелік өсиеттері талай зерттеулерге арқау болған. Кемеңгер Ахмет Байтұрсынұлының өткен ғасыр басында —«Мектептің жаны мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы...әуелі біз елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халықтық та оқумен түзеледі. Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде, оқумен түзеледі» – деген ұлағатты ескертпесі бүгінгі қазақ мектебінің ұлттық білім стратегиясының тұғыры ретінде қабылдануда. Орыс педагогикасын әлемдік даңққа бөлеген Константин Дмитриевич Ушинский (1824-1871) оқу-тәрбие теориясын түбегейлі өзгеріске келтіріп, педагогикалық практикада төңкеріс жасады. К.Д. Ушинскийдің педагогикалық жүйесінде жетекші орын тәрбие мақсаттарына, принциптеріне және оның мәніне берілген. «Тәрбие, егер ол адамға бақыт бағыштағысы келсе, оны бақыт үшін тәрбиелемей, өмірлік еңбекке баулуы тиіс. Ұдайы жетілуде болған тәрбие адамның тән-дене, ақыл-парасат және ізгілік-инабаттық күштерінің ауқымын барынша кеңейту мүмкіндігіне ие болады»- деп жазған еді ұлы ғұлама. Тәрбие жолындағы жетекші рөл мектеп және мұғалімнің билігінде: «Тәрбиедегі барлық істер тәрбиеші тұлғасына негізделуі тиіс, себебі тәрбие күші тұлғаның адамилық қадір-сапаларынан бастау алады». «Ешбір жарғы немесе бағдарлама, ешқандай жасанды мекеме организмі, қаншалықты айламен құрылса да, тәрбие жұмысындағы тұлға беделінің орнын баса алмайды» -деген К.Д.Ушинский бүкіл педагогиканы қайта қарастырып, жаңа ғылыми деректер негізінде білім беру жүйесін толығымен түбегейлі қайта құруды талап етті: «...теориядан алшақтаған педагогикалық практиканың бір өзі –медицинадағы тәуіпшілдікпен тең».

Адамның қандай да болмасын іс – әрекетінің заттық саласы қалайда білімдер жүйесінде көрінеді. Сондықтан синтетикалық сипатының біртұтастық объектілері жасалмайынша субъектінің іс -әрекетінің сәтті болуы мүмкін емес. Сананың тұтастық объектілері белгілі бір шындық саласындағы білімдерді меңгерудің нәтижесінде пайда болған объектілері, субъектінің іс – әрекетінің сыртқы талаптарды орындау тәсілдері мен адамның субъекті -тұлғалық құндылықтарына бағыт табу болып табылады.

Педагогикалық іс – әрекетте еңбек субъектісі мұғалім болады. Мұғалімнің еңбек құралдарының өзіндік сипаттары – ол оның білімі, білігі, тұлғалық қасиеттері. Осыған байланысты, білім «сананың біртұтастық объектісі» болып

есептелуі керек. (Н.И. Непомнящая), мұғалімнің іс – әрекеті, оның білімі және тәжірбиесі кәсіби шеберліктің деңгейіне тікелей қатысты екендігі анық. Қажетті тәжірбиені жинақтауға әкелетін іс – әрекет мұғалім тұлғасын қалыптастырудың шарты болады, ал ол «оқу-әдістемелік» құралдарының өзінде орныққан. Бірақ бұл іс – әрекет тиімді болуы мүмкін емес, егер еңбек объектісі толық айқын болмаса, еңбек субъектісінің зейіні теріс түсініп объектіге аударылса. Бұндай жағдайда еңбек субъектісінің әрекеті объективті өмір сүретін кәсіби іс – әрекеттің объектісіне сәйкес болмайды.

Мұғалім іс – әрекетінің объектісін оқып үйрену тұтас педагогикалық процестің мәнін анықтау керектігін қажет етеді. Диалектикалық материализмнің ұстанымына — мән бұл ең басты ішкі, біршама заттың тұрақты жағы (немесе оның жақтары мен қатынастарының қосындысы). Мән заттың табиғатын анықтайды, одан барлық қасиеттері мен белгілері шығады. Педагогикалық процестің мәні туралы әртүрлі көзқарастарды (С.Т. Шацкий, Н.К. Крупская, А.С. Макаренко, М.А. Данилов, Б. Т. Лихачев, Ю. К. Бабанский, В. М. Коротов және т. б.) зерттеу жалпы тәртіптегі қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Аталған авторлардың назарлары эмпирикалық жолмен жинақталған педагогикалық процестің әртүрлі жақтары жайлы білімдер болады.

Білім беру мақсаттарын топтастыру білім беру процесін басқаруды ұйымдастыру үшін қажет, анық мақсаттар қойып, нәтижесінде уақыт пен ресурстарды өнімдеу үшін қажет.

Қолданбылы тұрғыда жүйелі әдіс арқылы осы мәселені бірнеше теориялары негізінде қарастыруға болады: тұтастылық, мақсаттардың құрамдылық ұйымдастырылуы (Бабанский Ю.К., Лернер И.Я., Ильина Т.И. және т.б.), күрделілік принципті, танымдық әрететті басқару теориялары (Талызина Н.Ф., Маркова А.К., Кларин М.В. және т.б.), ұйымдастыру принципті, тұтас педагогикалық процесін басқару теориясы (Беспалько В.П., Баранов М.Т., Пидкасистый И.П. және т.б.) және мақсат қоюды нақты оқыту процесінде сипаттау (Стоунс Д., Холодная И.А. және т.б.). аталған теориялар бірдеңгейлі және көпдеңгейлі топтастырмалары негізінде құралады (Данилов М.А., Лернер И.Я., Ильина Т.И., Лебедев О.Е. және т.б.), таксономия (Б.Блум), типология (Талызина Н.Ф., Маркова А.К., Баранов М.Т. және т.б.), олардың барлығы графикалық тұрғыда сатылар, блоктар, пирамидалар, матрицалар және желілер түрінде көрсетіледі.

Білім беру мақсаттарын бір деңгеде топтастыру толық оқыту-тәрбиелеу процесін тұтастылығын, мазмұндық компоненттерін, олардың өзара байланысын көрсету үшін қолданылады. Мұнда құрамы, функциялары көрсетіледі. Құрамдық тұрғыда желілік-құрамдылық топтастырмалары және таксономия арқылы көрсетіледі. Білім беру мақсаттарының желілік-құрамдылық топтастырмасы, 20 ғасырдың бірінші жартысында кеңінен қолданған, 5 моделі арқылы көрсетілген:

1. Дәстүрлі топтастырма: жалпы мақсаттары 1918,1919,1921,1925,1929 жж. Жүзеге асырылған оқыту, бастапқы білім беру бағдарламаларында жүзеге асырылған. В 1932 жылы кешендік-жобалау жүйесі пәндік жүзеге ауыстырылған. Нәтижесінде білім берудің жаңа мақсаттары анықталған.

2. Білім беру мақсаттарын оқу пәніне қарай топтастыру: 20 ғ. 30-50 жж. (политетхникалық білім). Оқу материалын, пән мақсаттарын, оқу пәндер мазмұнын, сабақ барысында меңгеруге міндетті білімдер мен дағдыларының мақмұні мақсаттарды анықтайтын. Мақсат қоюда пәндік-қызметтік аспект қарастырылған. Педагогикалық мақсаттары, оқыту аяқталған соң қалыптасқан білімдер жүйесін сапалық сипаттамасын көрсетіп, берілген.

3. Білім беру міндеттерін дидактикалық топтастырмасы XX ғ. 50-60 жж. Пайда болды. Мұнда оқытудың 3 мақсат түрлері анықталады: оқушылардың ойлау қызметін бақылау, белсендету, ұйымдастыру. Оқыту мақсаттарына жатады: білім алу, дағдыларды меңгеру, білімдерді бекіту және қолдану. Оқу процесін белсендету мақсаттары – ғылым әдістерімен танысу, логикалық ойлауды дамыту, өзіндік шығармашылық қабілеттерін дамыту. Осы мақсаттарға жету нәтижесінде оқушылардың үйренуі оқыту аяқталғанда оқушылардың дивергенттік ойлауын дамыту. Осы топтастырма толық сегізжылдық білім беру бағдарламаларында, 60-70 жж. оқулықтарында, оқу бағдарламаларында көрсетілген. Оларды оқыту тәжірибесіне енгізу арқылы осы жылдардағы зерттеулерінде бірінші орынға оқушыларды оқыту пәндері арқылы дамыту мақсаты қойылған, осының барлығы оқушылардың жалпы ойлауын дамыту концепциясында (Занков Л В., Эльконин Б.Д.), сонымен қатар оқушылардың өзіндік танымдық қызметін дамыту концепциясында жинақталған (Лернер И.Я., Матюшкин А.М., Махмутов М.И.,ОконьВ.).

4. Білім беру мақсаттарын топтастыру концепциясы И.ЯЛернердің концепциясында көрсетілген, ол оқушыларды өзіндік танымдық қызметін қалыптастыруға бағытталған. Мұнда білім берудің бес мақсаттар тобы анықталады: имитациялау қызметі процесінде білімдерді және дағдыларды қалыптастыру; оқушылар және оқытушылардың репродуктивтік қызметі процесінде білімдерді және дағдыларды қалыптастыру; оқытушының продуктивтік және оқушылардың кейбір ізденістік қызметі процесінде қызмет тәсілдерін қолдану; зерттеу немесе жобалау қызметі процесінде оқушылардың шығармашылық қызметін қалыптастыру. Білім беру мақсаттарының күрделілігі оқушы меңгеріп жатқан қызметтер градациясы деңгейімен анықталады. Тұлғаның зерттеу қызметіне қабілеттілігі тұлғаның олау қабілеті даму деңгейімен және білімділіг деңгейімен анықталады.

Жалпы білім беру мақсаттарының педагогикалық моделі келесі ерекшеліктері арқылы сипатталады: мақсаттарды жалпы түрде қалыптастыру, сабақ мақсаттарының минималдық саны, желілік құрылымы. 70 жылдары мақсатталу мәселесімен Бабанский Ю.К., Ильина Т.И., Беспалько В.П. және басқалары айналысқан.

5. Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының негізгі категориялары.

Бенджамин Блум – америкалық оқыту әдістемесінің психологі, Блум таксономиясының авторы. Пенсильванияда Ленсфорд қаласында туылған, 1935 жылы Пенсильван университетін бакалавр және магистр деңгейлерімен бітірген, 1942 жылы Чикаго университетінде докторлық деңгейін қорғады. «Блум таксономиясы» атты кітабында өз теориясын дамытқан: адами мінездеменің өзгеруі мен бірқалыптылығы және білім беру мақсаттарын жүйелеу.

Қазіргі уақытта білім саласындағы білім алушыға тиянақты білім беру. Оқыту үрдісінде әрқайсысына жеке тұлға ретінде қарап, өздеріне деген сенімін туғыза білу, білімге ынтасын көтере білудің маңызы ерекше.

Осы оқыту негізінде қолданатын оқыту формалары топтық, топтық – жеке, жұппен жұмыс, диспуттар, пікірталастар, т.б. қолдану оқытудың міндеті мен шарты болып табылады.

Күтер нәтиже: қазіргі қоғам талабына сай әлеуметтік бейімділігі жоғары, мәдениетті, ұлттық тәлім – тәрбие алған, білімі мен біліктерін өмірде пайдалана алатын, жан – жақты дамыған жеке тұлға туғызу.

Бұл әдістеме оқушылардың креативтілігін дамыту мәселесін шешуге жол ашады. Е.Торрекс бойынша креативтілік білім игеруде кездесетін қиындықтарды, кейбір кемшіліктерді шешудегі қабілеттілік.

Д. Богоявленская креативтілікті жеке тұлғаның «шығармашылық дарындылығы» деп қарастырады. Блум таксономиясы қолдану арқылы оқытуда жеке тұлға әр сапада көрініп, өзіне ғана тән жеке тұлға қажеттері қалыптасатыны анықталып тұр, белгілері мынадай:

- тәрбиеге ұмтылушылық – жаңа проблемаларға икемді мәселені шешуге бейімділік;
- талқылауға икемділік – тапсырманың шегіне шыға алу;
- ой ұшқырлығы – тез арада кенеттен шешім шығару тәсілдерін алу қабілеттілігі;
- ойлау ерекшелігінің болуы - өзбеттілік, даралық ерекшелік, ерекше шешім шығару.

Блум таксономиясы жеке тұлғаның біліктілік қасиеттерін шындай түсуге жол салады, атап айтсақ, аса сезгіштік, ой ұшқырлығы, жаңаға ұмтылушылық, шығармашылық қабілеттер, өзіндік ой – пікірлерді қабылдау, өзіне сын көзбен қарау, қисын ойлау, жаңаны сезгіштік, күмәншілдік, әр нәрсеге күмән келтіру. Блум таксономиясының негізін жеке тұлғаның креативтілігі, шығармашылық дербестілігін қалыптастырады. Демек, оқытуы арқылы жеке тұлғаны қалыптастыру – жеке тұлғаның сапалық қасиетін дамытатын рухани құндылықтарды игерудің бірден – бір жолы болып табылады.

Блум таксономиясы «интерактивтік – педагогикалық әрекет» ұғымын іске асыруға жүзеге асырушы болып табылады.

жалпы мақсат - тұлғаның барлық салаларында руханиятты когнитивті, аффективті (эмоционалды –құндылықты), психомоторлық жаңа сапалық интегративті қасиеттерді қалыптастыру.

Жүйелілік-құрамдылық мақсаттау топтастырмаларында 3-тен 5-ке дейін деңгей анықталады. Осындай топтастырма Беспалько В.П., В.Оконь, Ильина деген зерттеушілердің еңбектерінде көрсетілген. Т.И.Ильина педагогикалық мақсаттардың үш деңгейін ажыратады:

1.Тәрбие жұмысының жалпы бағытын көрсететін мақсат, педагогикалық әсер ету сипатын анықтайды, қоғамның адам идеалы туралы түсінігін көрсетеді, қоғамның адамға деген талаптарын анықтайды.

2.Тұлғаның белгілі қалыптасу кезеңдегі педагогикалық мақсаттар.

3. Оперативтік мақсаттар, олар жеке сабақта немесе жеке шарада қойылады.

В.Оконь, келесі топтастырманы ұсынады. Тұлғаны дамыту мақсаттары (1 деңгей) - білім беру жүйесінде тұлғаның дамуы және танымдық процестерінің дамуы; сабақ міндеттері оқу қызметін дамыту арқылы сипатталады (2 деңгей); тұлғаның өздігінен дамуы (3 деңгей). И.П. Пидкасистый оқыту мақсаттарының деңгейлігін ұсынады: білім берудің макродеңгейдегі мақсаттары, білім берудің микродеңгейдегі мақсаттары, жалпы және арнайы пәндік оқу процесінің әр білімді меңгеру деңгейдегі мақсаттар мен міндеттері.

В.П Беспалько соңғы деңгейде қызмет әрекетіне қарай білім мен дағдылары деңгейін бағалау үшін сапалық бағынды енгізуді ұсынады. Мұнда ақпаратты тану, өз бетімен әзірлеген бағдарлама негізінде өнімдік қызметті жетілдіру.

М.Т Баранов келесі, өзара салыстыру негізінде құралған, мақсаттар топтастырмасын ұсынады: тұлғаның жалпы – кәсіптік дамуы; оқу курсы мен меңгерудің теориялық – тәжірибелік бағытталуы; білім көлемі – білім дағдылары.

Н.Д. Гальскова мақсатталудың прагматикалық және жалпы білімдік аспектілерін салыстырады

Аталған құрамдылық-жүйелілік топтастырмасының кешендік талдауы келесі қорытындыларды шығаруға тұра әкеледі:

Абстракциялаудың төрт деңгейі бар. Олар: глобальдық мақсатталу жүйесі, концептуальдық мақсатталу жүйесі, тактикалық мақсатталу (мемлекеттік жалпы білім беру стандарттары), нақты оқу процесінде мақсатталу

Тіл дамыту үрдісі ең алдымен, шығармашылық бағыттағы әр түрлі жұмыстар арқылы жүзеге асады. В.Монахов технологиясының басты мақсаты – білім алушының білім деңгейін шығармашылық деңгейге көтеру болып табылады. Білімді толық меңгерту технологиясы білім алушының білім деңгейлерін шығармашылық деңгейге көтерілумен түсіндіріледі; Американдық ғалымдар Ди Кэрон мен Б.Блумның білімді толық меңгерту технологиясының да маңызы зор. Педагогикада бұл технологияны «Блум таксономиясы» деп атайды.

Мектепке дейінгі педагогикасын ғылыми негіздеген, алғаш жүйесін жасаған ұлы чех педагогы Ян Амос Коменский бала дамуын жас шамасына қарай бөліп, әр кезеңдерге тәрбие міндеттері мен мазмұнын белгілеуге әрекет жасаған, баланың табиғи дамуына ерекше орын берген (Жан-Жак Руссо, Иоган

Генрих Песталоцци, М.Монтессори), мектепке дейінгі мекеме құрған, мектепке дейінгі педагогиканы жеке ғылым саласы ретінде қарастырған (Роберт Оуен, Фридрих Фребель).

Балалардың жан-жақты дамуына және бұл саладағы ой-пікірлердің әрі қарай дамуына К.Д.Ушинский, Л.К.Шлегер, Е.И.Тихеева, В.Ф.Одоевский, П.Ф.Лесгафт сияқты орыс педагогтары өз үлестерін қосты.

Е.И.Тихеева - мектеп жасына дейінгі балалардың дамуы балабақшадан басталады, балабақшадағы тәрбие жұмысында басшылыққа алынатын бағдарлама керек деген құнды пікір айтқан.

Бала жеке тұлғасының жан-жақты дамуындағы оқу мен білімнің маңызы туралы Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов сияқты қазақ халқының ағартушы-қайраткерлері құнды пікірлер айтқан.

Қазақ әйелдерінің арасынан Н.Құлжанова, М.Бегалиева, М.Ниязова, Ш.Иманбаева т.б. өз зерттеулерінде мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесінің өзекті мәселелерін көтерген [1, 24].

Н.Құлжанова қазақ әйелдері арасынан тұңғыш әлеуметтік іске белсене араласқан әрі мұғалім, әрі педагог-ғалым, әрі журналист болды. Ол 1902 ж. Қостанайдағы қыздар гимназиясын оқып бітіріп, Торғайдағы қыздар училищесінде, кейін (1904-1919 жж.) Семейдегі мұғалімдер семинариясында мұғалімдік қызмет атқарды.

Н.Құлжанова 1924 ж. «Мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу» атты еңбегін жазып, Орынбордан бастырып шығарды. Кейін «Әйел теңдігі» журналында қазақ балабақшаларындағы озат тәжірибелер жайында бірнеше мақалалар жазады.

1924 жылы «Ана мен бала» атты еңбегін жазып шығарады. Бұл еңбекке атақты турколог ғалым, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов алғысөз жазды.

Автор мектепке дейінгі тәрбиенің мазмұнын, мақсатын баяндай келіп, баланың қимыл-қозғалысына, сезім мүшелеріне, сөйлеу, ойлау ерік-жігерін жетілдіру жолдарына тоқталады. Бала ойынының мәні мен маңызына тоқталады. Жас баланың өсіп-жетілуіне, дүниетанымына табиғаттың әсерінің ерекшелігіне тоқтала келіп, «суға түсіп, жүгіріп, құспен бірге сайрап, көбелек қуып, шыбын-шіркей, құрт-құмырсқамен бірге көкорай шалғын, тоғай арасын сайрандап жүріп, көңілі де, жан-тәні де бірдей тегіс өсіп, өркендемек» – дейді.

Автор баланың еліктегіштік, айналаны танып-білуге деген құмарлық қасиетін жетілдіре тәрбиелеуге баса көңіл бөлуді қуаттайды [2, 5].

Т.Тәжібаев, С.Балаубаев, М.Мұқанов, Ә.Алдамұратов, Х.Шериазданова, Ғ.Рақымбеков, А.Нұрахұнова, т.б. сияқты психолог-ғалымдар мектепке дейінгі балалардың психологиялық мәселелерін зерделеген.

Қазақстанның мектепке дейінгі мекемелеріндегі мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің теориялық мәселелері отандық ғалымдардың В.Н.Андросова, Б.Б.Баймұратова, Л.А.Давиденко, А.К.Меңжанова, Г.И.Исмагулова, Е.Б.Дайрабаев, А.Қаржаубаев, Т.Ж.Қалдыбаева, О.А.Михалькова, В.Я.Никитин, М.Т.Турскельдина,

М.С.Сәтімбекова, Қ.М.Меңдаяқова, Р.К.Аралбаева, Р.М.Жұмағожина, Ж.А.Исмаилова, Т.А.Левченко, А.С.Әмірова, Т.Иманбеков, Ф.М.Жұмабекова, Д.Р.Муталиева, Г.Ж.Меңлібекова, Б.О.Арзанбаева, Н.Храпченкова, А.Е.Манкеш, С.Н.Жиенбаеваның еңбектерінде қарастырылған [2, 8].

Мысалы, Т.Н. Доронова отансүйгіштікке тәрбиелеу идеясын қарастырса, «отансүйгіштікке тәрбиелеу» ұғымын анықтамайды. С.Н. Николаева отансүйгіштікке тәрбиелеуді экологиялық тәрбие құрамында қарастырады. Т.С. Комарова, Т.А. Ротанова, В. И. Логинова, Т.И. Бабаева, Н.А. Ноткина, О.Л. Князева, М.Д. Маханева, Е.В. Пчелинцева, Л.Е. Никонова, Е.И. Корнеева балаларды халықтың мәдени мұрасына қатыстыру жағынан қарастырады.

Жалпы патриотизм ұғымына тоқталайық. Патриотизм – Отанға сүйіспеншілігін білдіру, Отан тарихына, мәдениетіне, табиғатына, өміріне, жетістіктеріне және проблемаларына қатысу.

Жалпы біз патриотизмді рухани категория тұрғысында қарастырамыз.

Әр жаста патриотизмді білдіру және отансүйшілікке тәрбиелеу ерекше қарастырылады. Мектепке дейінгі жастағы балаға қатысты біз патриотизмді баланың қоғамдық өмірге қатысу қажеттілігі, табиғат өміріне белсенді қатысу қажеттілігі ретінде, баланың адамгершілікті білдіру, өзін өзі жоғары бағалау, өзін қоршаған ортаның бөлігі ретінде сезіну деп анықтаймыз.

Мектепке дейінгі жаста баланың жоғары әлеуметтік мотивтері және ерекше қасиеттері қалыптасады. Осы қасиеттерінің баланың бойына қалайша сеніуне байланысты оның әрі қарай дамуы да байланысты болады. Осы кезеңде баланың бала мінезінің әрі қарай оны халқымен, елімен байланыстыратын қасиеттері қалыптасады. Осындай әсер етудің түбінде баланың ана тілі, ұлттық өлендері, музыка, ойындар, ойыншықтары, туған өлке табиғаты, айналадағы адамдардың жүріс-тұрысы, тұрмысы, тұрмысы жатады.

Отансүйгіштікке тәрбиелеу дегеніміз – үлкендер мен балалар арасындағы, балалардың жалпы адамзаттық, рухани байлық қасиеттерін қалыптасуға және ашуға, ұлттық аймақтық мәдениетке, туған өлке табиғатына қатысуға, эмоциялық-әрекеттік қатысу сезімін, айналадағыларға бауыр басуға тәрбиелеуге бағыттылған, бірегей қызметегі өзара әрекет жасау.

Мектепке дейінгі ересек балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің мақсаты – олардың жақсы істерді жүзеге асыру қажеттілігін қалыптастыру, айналағыдарға қатысу, аянышты білдіру, қызуғушылықпен қарау сезімін тәрбиелеу.

Отансүйгіштікке тәрбиелеудің міндеттері:

- Рухани-адамгершілікті қалыптастыруға туған үйге, туған өлкеге, отбасына, балабақшаға, қалаға ауылға деген жақын болу сезімін қалыптастыру;
- өз халқының рухани байлығына жақын болу, қатысу сезімін қалыптастыру;
- туған өлке табиғатына жақын болу, қатысу сезімін қалыптастыру;
- өз ұлтына деген сый-құрмет білдіруді, өзін өзі жақсы бағалау, өз ұлттық ерекшеліктерін құрметтеу, басқа ұлттарға (құрдастарға, олардың ата-аналарына, көршілерге, басқа адамдарға) деген төзімділік сезімін қалыптастыру.

Ересек мектепке дейінгі жастағы балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің мазмұны:

- балаларды, мерекелерге, дәстүрлерге, өнерге, ұлттық-қолданбалы өнерге, халық ауыз әдебиетіне, музыкалық фольклорға, ұлттық ойындарға, мәдени мұраға қатыстыру.

- Отбасымен танысу, отбасы тарихымен, аталармен, шежіремен, отбасылық дәстүрлермен танысу; балабақшамен, құрдастармен, үлкендермен, ойындармен, ойыншықтармен танысу; қаламен, ауылмен, олардың тарихымен, елтаңбамен, дәстүрлермен, атақты жерлестермен, атақты ауылдастармен, көрнектілермен танысу;

- әртүрлі жыл маусымдарында объектілердің жағдайын мақсаттылы байқау, табиғатта маусымдық гүлдерді егу, көкөністерді егу, бұталарды егу, және т.б. жұмыстарын ұйымдастыру;

- баланың қоршаған ортаға, айналадағыларға (адамдарға, хайуандарға) қамқорлық білідре, көмек көрсете алатындай шығармашылық өнімдеу жұмыстарды ұйымдастыру, осындай жұмыстар балаларды күнделікті жаңа өмір жағдайына бейімдеуге байланысты болады;

Ересек мектепке дейінгі жастағы балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін келесі шарттар болу қажет:

- балабақшада және отбасында эвристикалық ортаны қалыптастыру
- балабақша тәрбиелеушілері мен отбасы мүшелерімен бірегей әріптестік қызметі,

- балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу проблемаларын шешуге педагогтар мен ата-аналардың дайын болуы.

Эвристикалық орта жағымды эмоцияларға толы болып, баланың шығармашылық бастамасын жүзеге асыру , өз бетімен шешімдерге келу өрісі болу керек.

Балабақша тәрбиелеушілері мен отбасы мүшелерімен бірегей әріптестігі келесілер арқылы жүзеге асырылады: балалардың ата-аналарымен сенім білдіру іскерлік қарым-қатынастарын орнату; ата-аналарды педагогикалық-психологиялық ақпараттар минимумын қамтамасыз ету; ата-аналарды балалармен қарым-қатынастарды құру тәсілдерді меңгеруге үйрету; отбасы мүшелерін педагогикалық үдеріске қатыстыру; балабақшада және отбасында пәндік дамыту ортасын құру.

Балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу проблемаларын шешуге педагогтар мен ата-аналардың дайын болуы, балалардың отансүйгіштік сезімін қалыптастыру үдерісіне дайын болуы , педагогтар мен ата-аналардың сәйкес кәсіптік құзыреттілік, кәсіптік шеберлік деңгейінің болуын және қойылған міндеттерді шешу үшін өзі өзі ұйымдастыру, өзін өзі бақылау қабілеттерінің болуын шарт етеді.

Жоғарыда аталған барлық педагогикалық жағдайлар өзара байланысты және өзара шартталған.

1.2 Отансүйгіштікке тәрбиелеуге арналған мемлекеттік бағдарламалар

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында білім беруді ізгілендіру басымдылығына сәйкес мектепке дейінгі мекемелердің дамуында тек құрылымдық емес, сондай-ақ мазмұндық сипаттағы жаңа тенденциялар пайда болуда. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқытудың мемлекеттік бағдарламалары «Балбөбек», 5-6 жастағы балаларды мектепалды даярлау бағдарламасы, «Зерек бала», «Біз мектепке барамыз» бағдарламалары, сонымен бірге альтернативтік негізде ресейлік-шетелдік «Развитие», «Одаренный ребенок», «Из детства в отрочество», «Игралочка», «Раз ступенька, два ступенька», «Step by step» бағдарламалары тәжірибеден өтіп пайдаланылуда. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының сапасын арттыру мақсатында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Қазақстан республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарда:

1) «Балбөбек», «Қарлығаш», «Қайнар» республикалық бағдарламалары іске асырылуда;

2) 2009 жылы «Алғашқы қадам» (1-3 жас), «Зерек бала» (3-5 жас), «Біз мектепке барамыз» (5-6-7 жас) мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеу бағдарламалары әзірленді және бекітілді;

3) осы бағдарламалардың оқу-әдістемелік кешені (жекеменшік, отбасылық балабақшалар, және ата-аналарға арналған консультациялық пункттер үшін әдістемелік нұсқаулықтар мен дидактикалық материалдар) әзірленді.

Бүлдіршіндерді халықтық педагогиканың озық үлгілерімен тәрбиелеуді мақсат еткен отандық «Балбөбек» бағдарламасы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, тілі мен салт-дәстүрі, әдебиеті, мәдениеті, табиғатының өзгешеліктері негізінде балаларды мектепке даярлау мәселесін шешіп отыр. Ал биылғы оқу жылынан бастап мектепке дейінгі мекемелердің оқу-тәрбие жүйесіне ендірілген «Біз мектепке барамыз» бағдарламасы келесі міндеттерді белгілеп отыр:

– бала бойында маңызды, шешуші құзіреттіліктерді қалыптастыруға мүмкіндік туғызатын қолайлы пәндік-даму ортасын құру;

– тәжірибелік, танымдық, шығармашылық іскерлігі мен басқа да бала әрекеті түрлерін қалыптастыру;

– полиэтникалық және полимәдени мегаполисте ұлтаралық қатынастардың үйлесімділігін сақтауға негіз болатын ұлтаралық қатынас мәдениеті негіздерін қалыптастыру;

– баланы дүниежүзілік және жалпыұлттық құндылықтар рухында тәрбиелеу мақсатында отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның бірлескен мүмкіншіліктерін пайдалану;

– әр баланың тұлғалық қасиеті және оны ауыспалы өмір жағдайында әрі қарай сәтті дамыту мақсатында өзін-өзі тану, өз ойын еркін білдіру және оны іске асыру дағдыларын жетілдіру;

– салауатты өмір салты негіздерін қалыптастыру мақсатында баланың толыққанды физиологиялық дамуын қамтамасыз ету үшін қолайлы кеңістік құру [3, 4].

Бұл бағдарламалардың қайсысы болмасын қазіргі кезеңде баланың жеке жас ерекшеліктерінің мүмкіншілігін ашуға, бала тұлғасын жан-жақты дамытуға, ұлттық құндылықтарға негізделген білім жүйесін қалыптастыруға, әлеуметтік ортада оң қатынастарға қабілетті шығармашыл тұлғаны дайындауға бағытталған мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытудың мақсаттарын шешуді көздейді.

12 жылдық білім беруге көшу Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне шығу көрсеткіштерінің бір адымы болып табылады. 12 жылдық жалпы орта білім беру мектептеріне көшу тұжырымдамасы мектепке дейінгі және мектепалды білім беру стандарттарын қайта қарауды талап етуде. Елімізде мектепке дейінгі білім берудің жаңа тәсілдері тәжірибелі жинақталған. Идея бірнеше жыл бұрын жетілген және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту. Негізгі ережелердің» 2001 жылғы құжатында нақтылы түрде көрсетілген. Бірақ, бүгінгі таңда елеулі өзгерістердің қажеттілігін уақыттың өзі талап етуде, білімге негізделген тәсілден қазіргі заман талабына сай қоғамның қажеттіліктеріне көзделген құзіреттілікке бағытталып ауысуды талап етеді. Қазақстанның үлкен басымшылығы - мектепке дейінгі тәрбиенің XX ғасырдың екінші жартысында мемлекеттік білім беру жүйесінің бір бөлігі болуында.

Мектепке дейінгі ұйымдар желісін одан әрі дамыту Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 12 қазандағы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында жоспарланған. 23 мың орындық 164 мектепке дейінгі ұйымның құрылысымен қатар, білім беру ұйымдары базасындағы 20 мың орынға арналған 800 мектепке дейінгі шағын орталықтарды құру көзделген. Республикамызда қазірдің өзінде 3,5 мың орындық 181 шағын орталық жұмыс істейтінін атап өткен жөн. Мектепке дейінгі шағын орталықтар 1 жастан бастап 6 (7) жасқа дейінгі балаларды жан жақты дамыту және ата-аналарға баланы тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастыруда кеңес беру-әдістемелік қолдау, балаларды әлеуметтік бейімдеу үшін ашылады [3, 4].

Нормативтік және бағдарламалық әдістемелік қамтамасыз ету және мектепке дейінгі шағын орталықтардың ашылу тетігін анықтау мақсатында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Балалар толық және толымсыз күн болатын мектепке дейінгі шағын орталықтар қызметінің типтік ережесін дайындады және 2005 жылғы 27 маусымдағы № 441 бұйрықпен бекітті. «Мектепке дейінгі шағын орталықтарды ұйымдастырушылық және бағдарламалық әдістемелік сүйемелдеу» республикалық эксперименті аясында бейімделетін «Қарлығаш» мектепке дейінгі шағын орталықтарда балаларды дамытудың жобасы әзірленді.

Сонымен, жоғарыда талдап көрсетілген мәліметтер қазіргі кезеңде мектепке дейінгі білім беру жүйесінің даму және жаңару үстінде екенін айдан

анық көрсетіп отыр. Қазақстан Республикасындағы балабақшалардың білім беру жүйесінің дамып жатқандығын көрсете отырып, осы аталған жүйенің тек айтылып қана қоймай, сонымен қатар практикалық түрде жүзеге асырылып жатыр дегіміз келеді.

Қазіргі таңда тарихи алаңға жаңа тұлға шығып жатыр. Тәуелсіз елеміз Қазақстан үшін іскер, тәуелсіз, жан-жақты дамыған тұлғалар қажет екені баршамызға мәлім. Бірақ та «адамгершіліктің жетіспеушілігі» орын алып отыр. Нәтижесінде Одақ ыдырағанынан бастап аласапыран кезінде отансүйгіштік ұғымы өзінің маңыздылығынан айырыла бастады. Соңғы жылдары өсіп келе жатқан ұрпақ тіпті отандық мәдениеттен, тарихи құндылықтарынан, қоғамдық-тарихи тәжірибеден бас тартып жатыр. Осыған орай отансүйшікке тәрбиелеу проблемаларын шешу үшін білім беру және тәрбиелеу саласындағы қызметте жаңа идеологияны қалаптастыру қажет.

Қазіргі қоғамда болып жатқан кең шеңбердегі өзгерістер үшінші мыңжылдықтың білімді, саналы жастарын тәрбиелеушілерге үлкен міндет жүктері сөзсіз. Жас ұрпақтың жаңаша ойлауына, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуына, әлемдік сапа деңгейдегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру – жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселенің бірі. «Кішкентай бүлдіршіндердің дамуына ықпал ететін үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы ретінде мектепке дейінгі білім беруге баса назар аударған жөн. Және бұл сатыны олардың шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға арналған тиімді бағдарламалармен қамтамасыз ету қажет. Әрі балалардың білім алуға, еңбекке және қоршаған ортаға бейімі, қарым-қатынасы нақ осы кезеңде қаланатынын естен шығармауымыз қажет [4].

Мемлекеттік білім беру саласындағы саясатының тұжырымдамасында: «Соңғы кездері мектепке дейінгі тәрбиенің мүмкіндігі кеңейіп келеді, мемлекеттік пен қатар жеке меншік яслилер мен балабақшалар пайда болды», – деп көрсетілген [4]. Сонымен қатар, қазіргі кезеңде мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру жүйесінің жаңаруына орай, жаңа үлгідегі «Мектеп және балабақша» кешені, гимназиялық, лицейлік, отбасылық, коммерциялық және т.б. балабақшалар іске қосыла бастады. Міне, осындай мектепке дейінгі мекеменің алдына қойылатын маңызды міндеттердің бірі – баланың кейін мектептегі оқу үдерісіндегі нәтижелілігіне кепілдік ететін, мектепке дайындығының оптималдық деңгейін қамтамасыз ету. Қазіргі мектеп алдыңғы кезеңге оқушыларды пән бойынша білім, білікпен қаруландырып қоюды емес, олардың тұлғасын оқу әрекеті негізінде тәрбиелеуді ұсынып отыр. Баланың оқу әрекетін игеру жетістіктері мен оқу жағдайына үйлесімділігі олардың мектепке жалпы дайындығымен айқындалады. Балаларды мектепке даярлау негізінен балабақшада жүзеге асырылып келеді.

Отансыз адам болмас, ормансыз бұлбұл болмас» деген халық нақылы тегін айтылмаса керек. Өйткені, Отан деген киелі ұғымды түсіну әр адамның туған жерінен, өз еліне деген сүйіспеншілігінен бастау алады. Бүгінде біздің санамызда Отансүйгіштік пен патриотизм бір-бірімен егіз ұғымдар болып

калыптасты. Сондықтан әрбір қазақстандық өзінің жетістіктерін туған Отанына, еліне арнауы керек. Сонда әлгі адамның да, елдің де мерейі тасып, әлемдік деңгейдегі беделі өседі.

Отандық отансүйгіштік – бұл елдікті, мемлекеттілікті саналы түрде сезіну. Мәселен, кез келген адамның өзі туып-өскен жеріне бауыр басуы, ана тілін толық меңгеріп, оған құрметпен қарауы, өз Отанының мүддесін ойлау, туған жеріне деген адалдық пен азаматтық сезімдер, өз елінің саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени саладағы жетістіктерін мақтан ету, өз Отанының бостандығы мен тәуелсіздігін қорғау, ата-бабаларың мен Отанының тарихына құрметпен қарау, сондай-ақ өзінің табанақы, маңдай терінді туған елінің гүлденуіне арнау – бұлардың барлығы да қазақстандық патриотизм деген ұғымның ішіне келіп сыяды. Республика көлемінде жастарға басшылыққа алып жұмыс жүргізетін отансүйгіштік тәрбие беру жөнінде қабылданған мемлекеттік бағдарламалар мен тұжырымдамалардың барлығы осы проблемаларды шешуге арналған.

Елбасы «...Мен сендерді, ең алдымен, қалыптасқан тұлғалар, тамаша кәсіпқойлар және шынайы патриоттар тұрғысында көремін. Өз елінің патриоты болу – өз Отанды шын жүректен сүйу, өзіңе және өз халқыңа сеніп, қоғамға қызмет ету», «Нұр Отан» ХДП-ның XIII съезінде айтқан болатын [5]. Олай болса, бұған дейін жасалған Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 9 желтоқсандағы № 1187 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мерзімі аяқталуына байланысты 2008 жылдан 2012 жылға дейінгі аралықта мемлекеттік органдар өз білгендері бойынша жоспар жасап, іске асырған.

Сонымен қатар жастар мен жасөспірімдер арасында экстремизм мен терроризм ойларының таралуына жол бермеу үшін Отанға деген құрмет пен өзара сыйластықты, отансүйгіштік сезімдер мен жауапкершілікті насихаттауымыз және рухани тәрбие беруге бағытталған іс-шараларды көптеп ұйымдастыруымыз керек. Сонымен қоса, Отан алдында әскери борышын өтеуге дайын, болаттай денсаулығы бар, шынайы патриот жас ұрпақты тәрбиелеу және жастарымыздың бойында әскери-патриоттық тәрбие қалыптастыру, отансүйгіштікке баулу мақсатында Білім және ғылым министрлігінің жанынан жақында құрылған Жастар ісі комитеті бас болып, Қорғаныс министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Спорт және денешынықтыру істері агенттігі қоспап ұрпақ тәрбиесінде кезек күттірмес осынау жұмысты тезірек қолға алып мемлекеттік бағдарлама қабылдауымыз қажет.

Қорыта келе, осы бағытта әлі де жұмыстарды жалғастыру қажет. Мәселен, түрлі деңгейлерде отансүйгіштікке тәрбиелеу проблемаларын шешуге қаржылай қолдау жасау керек.

1.3 Ұлттық идея қазақ халқының отансүйгіштікке тәрбиелеу ажырамас бөлігі

Отансүйгіштік, әсіресе, қазақстандық отансүйгіштік дәл бүгінгі таңда айырықша маңызға ие болып тұр. Тәуелсіз еліміздің ғаламдық өркениеттен өзінің лайықты орнын алуы үшін де бұл ерекше өлшемнің бірі екені даусыз.

Сондықтан болуы керек, соңғы жылдары отансүйгіштік отаншылдық, елжандылық мәселелеріне назар аударыла бастады.

Зерделеп қарасақ отансүйгіштік, қазақстандық отансүйгіштік ұғымдары кеше-бүгін пайда бола қалған жоқ. Сондықтан оның қалыптасуының себеп-салдарын, мен-мәртебесін жете байыптау және зерттеу керек екендігі байқалады.

Отансүйгіштік, ұлтжандылық, елжандылық проблемасын тек кана соңғы он жыл көлеміндегі оқиғалармен, өзгерістермен орайластырып шектеп қалу жеткіліксіз. Бұл мәселе қоғамдық дамудың ілгерідегі кезеңдеріне де тән болған. Оны өрістетуде әртүрлі қоғамдық ұйымдар мен саяси институттар белгілі бір роль атқарған. Бірақ кеңестік идеологиядағы ұраншылық, науқаншылдық салдары отансүйгіштік ұғымын жадағайландырып, оны әсіре-белсенділіктің құралына айналдырғаны жасырын емес. Сондықтан өткеннен сабақ ала отырып, бұл проблеманың саяси мәніне оның жаңа қоғамдағы алар орнын мұқият саралап қарастыру қажеттігі туындады. Себебі — өткеннің бәрі сабақ.

Ал отансүйгіштік (грекше) — отандас деген ұғымды береді. *Patris* Отан, туған жер деген сөз. отансүйгіштік ұғымының мазмұнын түсіндіруде саяси сөздіктерде әр-түрлі критерийлер қабылданған. Оның себебі, отансүйгіштіктің әлеуметтік - тарихи, саяси құбылыс болғандығында және заманына орай әртүрлі әлеуметтік мәнге ие болуына байланыстылығында. Кеңестік отансүйгіштік Отанына, халқына сүйіспеншілік пен қатар интернационализмді, КСРО халықтары мен бүкіл дүние жүзі ұлттарына достықты қамтыған. Тоталитарлық режим құлап, саяси құндылықтар өзгерген тұста отансүйгіштік ұғымын жаңаша ұғындыруға ғылыми талпыныс жасалуда. [6, 25].

Отансүйгіштік – Отан анаға деген сүйіспеншілік, адам бойындағы қабілет қарым мен күш-қуатты, білім мен білікті, ақыл парасатты ел игілігіне жұмсау, атамекен мүддесіне арнау болмақ.

Отансүйгіштік қасиет қоғамдық ой-сана керуенінің ерекше бір бөлігі. Сондықтан ол қоғамдық ортаның даму үрдісіне сай әртүрлі мазмұнда көрініс береді. Олай болса, отансүйгіштіктің табиғи тамырларына, оның тарихи кезеңдеріне тереңірек назар аударғанымыз жөн.

Осы мәселе турасында алыс және жақын шетел ғалымдары, қазақстандық зерттеушілер өз көзқарастарын білдіріп, оның қоғамдық үрдістерде алар орнын айқындау бағытында ой-тұжырымдарын ұсынып келе жатқаны белгілі. Айталық, ресейлік ғалым В.В.Макаров: «Отансүйгіштік кез келген саяси, әлеуметтік, этникалық топтың ғасырлар бойғы тұтастығын қамтитын құбылыс» деп жазса, Н.И. Губанов былай деп ой түйеді: «Шын мәніндегі отансүйгіштік кім - кімнің болса өз Отанына шексіз берілгендігі, сонымен бірге өзге халық мақтанышына құрметпен қарау - болмақ. Ал мұндай қасиет іс әрекет пен идеяның, ықыластың бірлігінің айғағы іспетті». Осы пікірді И.Е. Кравцов та қайталайды [7, 58].

Мәселені басқаша түйіндеген ғылыми зерттеулерге зер сала қарағанда отансүйгіштіктің қоғамдағы атқаратын функциясын жете бағаламаған әртүрлі пікірлердің орын алып келгенін анық аңғаруға болады. Айталық, Ю.И. Дерюгин деген автор: «...отансүйгіштік бұл жай ғана абстрактілі ұғым ғой» десе, П.М. Рогачев пен М.А. Свердлин: «отансүйгіштік феномені ертеден келе жатқан түсінік екені рас, бірақ бұл ғылыми-зерттеулердің арналарына жатпайтын үгіт-насихаттық жұмыстың ғана нысаны болуы керек» деп мәселеге біржақтылау сыпат береді. Бұл, әрине, отансүйгіштік ұғымының мән мазмұнын толық аша алмай тұр [8, 51].

Тарих қойнауына кез жіберсеңіз, отансүйгіштік ұғымын нәсілшілдік көзқарас тұрғысынан түсіндіруге тырысқандар да болған. Мәселен, ғалым Н.И. Губановтың жазуынша ағылшын лорды Х. Спурель «Отансүйгіштік биологиялық көзқарас тұрғысынан» деген кітап жазған. Ол 1914 жылы орысшаға аударылып басылып шыққан. Спурель отансүйгіштіктің түп-тамырын, тіпті, жануарлар әлемінің тіршілік түйсігінен іздеуге тырысады. Оның пікірінше олардың (жануарлардың) өз жұптары мен балаларына деген қамқорлығы, аталық сезімі отансүйгіштік сезімнің баламасы бола алмақ. Бар болғаны осы. Бұдан асып мысалды іздеудің қажеті шамалы екен [9, 12].

Отансүйгіштік ұғымын өзінше түсіндіру, тар мағынада қарастыру осылайша белең алып отырған. Сондықтан мәселенің мәніне тереңірек бойлап қарастыру қажеттігі айқын байқалады. Осыған байланысты отансүйгіштік ұғымының тарихи тамырларын зерделеп, оның функцияларын анықтап, олардың мазмұнын ашуды жөн көріп отырмыз. Сонда Ю.И. Дерюгин, П.М. Рогачев, М.А. Свердлин сияқты кейбір авторлардың пікірлерінің негізсіздігі өзінен өзі - ақ айқын байқалмақ [10, 30].

Отансүйгіштік мәселесі маңызды проблема ретінде Платон, Аристотель, Цицерон, Гегель, Ф. Энгельс еңбектерінен елеулі орын алған. Айталық, Цицеронның «Мемлекет туралы», «Заңдар туралы сұхбаттар», Гегельдің «Философияға кіріспе», Ф. Энгельстің «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы» деп аталатын туындыларында отансүйгіштік, елжандылық табиғатының әр-түрлі аспектілеріне талдау жасалынады. Соның бәрі айналып келгенде «Өз Отанын шексіз сүйген жанның орны ұжымақта» деп Цицерон айтты деген қанатты қағидадан арна тартады [11, 24].

Ал енді отансүйгіштік ұғымының тарихи эволюциясы қандай үрдістерден өткен? Ол үшін отансүйгіштік табиғатының тіні саналатын отансүйгіштік сана ерекшелігін, оның қалыптасу үрдісіне назар аударған жөн. Ф. Энгельс өзінің атақты «Семьяның, жеке меншіктің, және мемлекеттің шығуы» деген еңбегінде алғашқы қауымдық құрылыс сыпатын жан - жақты баяндай келіп, ғұрыптық дәстүрлік салт – сананың оянуы әр тайпаның өзіндік ерекшеліктерін айқындайтынын жазған [12, 14].

Демек, әр тайпаның өзіндік ғұрып-дәстүрінің санасы қалыптасқан. Осы үрдістегі әлеуметтік құндылықтар олардың қолөнерлік, көркемөнерлік дәстүрінен көрініс тауып отырған. Енді осы пікірімізді жүйелесек, алғашқы қауымдық құрылыстағы, тайпалық дәстүрдегі патриоттық сапа болмысы

былайша көрініс берер еді. Оны үш негізге бөліп қарастыруға болалы. Олар: тайпалық дәстүрдегі патриоттық сананың экономикалық негізі, әлеуметтік негізі және рухани негізі. Экономикалық негізге - жерге және өндіріс құралына деген жалпытайпалық меншік алынса, әлеуметтік негіз жекелеген тайпа көсемдерінің бедел - билігі мен адамдар арасындағы қауымдастық қатынастар ерекшелігімен сипатталады. Ал рухани негіз қайнары тайпалық мифологиядан басқа адамдардың туған жерге деген сүйіспеншілігі, аруақтарды ардақтау, тайпа көсемдеріне шексіз берілгендік, қауымдастықты өзгелерден қорғау, түйінді мәселелерді әділ шешуге күш салу секілді ерекшеліктер болған [13, 28].

Міне, осыған қарағанда алғашқы қауымдық құрылыстағы отансүйгіштік сана сыпаты ұжымдық пікірлердің орайласуымен көрініс тапты дер едік. Осының өзі қоғамдық прогреске жол ашты. Ол, әрине, өз кезегінде интегративті, регулятивті функция атқарды. Алғашқы қауымдық құрылыстағы адамдар өз тайпасын мақтан етпей тұра алмады. Тайпалық мақтаныш сезімі оның өз тайпаластары үшін, жері үшін отқа да, суға да түсуге даяр болатын қасиет қалыптастыруға жол ашты. Тайпаластар арасында жауынгерлік рух басым болды. Олар соғысқа әзірлік алдында би билеп, тайпа көсемдерінің алдында ерік-жігер күштілігін дәлелдеуге тырысты.

Демек, кез келген мемлекеттегі үстемдік етуші саясат пен идеология отансүйгіштіктің мазмұнынан, санасынан көрініс тауып отыратын болған. Адамзатты өркениетке жетелейтін, ізгілікке үндейтін, елжандылыққа баурайтын патриоттық сана қашанда жоғары бағаланып отырған. Сонымен қоса патриотизмді өз мүддесіне орай, билікті барынша нығайтудың құралы ретінде шебер пайдалана білген тоталитарлық жүйелердің мысалын да дүние жүзінен көптеп кездестіруге болады. Айталық, бір ғасырдың ішінде саяси-әлеуметтік, экономикалық құрылымы бірнеше рет өзгеріп, соның салдарынан адамдар санасы сан мәрте күйзеліске ұшыраған Ресей қоғамының тағдырына назар аударсақта жеткілікті. Солай бола тұра орыс зиялылары өз халқын Отанды сүюге үндеуден жалықпаған [14, 56].

Н.Г. Чернышевскийдің, В.Г.Белинскийдің, Г.В. Плехановтың мұралары рухани құндылықтарға айналып отырғаны даусыз. Г.В. Плеханов өзінің «Отансүйгіштік және социализм» деген еңбегінде орыс отансүйгіштіктің ерекшеліктеріне тоқталса, әйгілі сыншы В.Г. Белинский: «Атамекенді сүю жалқыдан жалпыға ұласатын құбылыс болуы керек. Отаныңды сүю деген сөз оның болмысынан өзінің идеалыңды көру, сезіну деген сөз. Қал-қадірінше әркім соның жүзеге асуына үлес қосуы керек» деп жазды [15, 45].

Ал Н.Г. Чернышевский өзін орыс халқына еңбегім сіңді деп атайтын әрбір қайраткерге мынадай өлшем қойды: «Әрбір ұлы орыс адамының тарихи еңбегі оның Отан алдындағы еңбегімен, оның отансүйгіштігімен өлшеп-пішілуі керек» [16, 105]..

Осы пікірлердің әрқайсысында ел тағдырына алаңдаушылық, халық рухын оята алсақ деген перзенттік ниет жатыр. Мұндай құбылыс қазақ топырағында туып, халықтың мұң - мұқтажын жоқтай білген азаматтар

шығармашылығына да тән. Сараптап қарасақ оның өзі жайдан жай пайда бола қалмаған. Оның өзінің себебі, даму барысы, салдарлары болған екен.

Қарапайым ғана мысал алайық. Империялық саясат тұсында Алтайдан Атырауға, Арқадан Алатауға көсіліп жатқан ұлан - ғайыр қазақ даласын бөліп ал да билей бер пиғылы үстемдік еткені сөзсіз. Ал бірақ сол жымысқы саясатты жүзеге асыртпаған ненің арқасы, ненің құдіреті? Ақ найзаның ұшы, ақ білектің күші ғана шешуші рөл атқарды ма?

Талайлы тарихымызға, оның қатпар-қатпар қойнауына көз салсаңыз, сайын даласы мен айдынды шалқар көліне көз алартушылар қай заманда да аз болған жоқ. Қазақ, қазақ болғалы, қабырғалы жұрт атанып қанат жайғалы жері үшін қан майдан үркіншіліктен көзін ашқан емес. Халқымыздың ауыз әдебиеті мен фольклорының эпикалық тұлғалары Қобыланды, Қамбар, Тарғын, Алпамыс сынды баһадүрлер образынын көркем туындыларда кестеленуінің мәні зор. Себебі, «Батыр тұлғасы әрқашан да Отанын сүйетін, елі үшін жанын аямай күресетін асқан отансүйетін адам, жақсылыққа жаны құмар ізгі жан. Ол жауына қаншалықты қатал мейірімсіз болса туған - туысқанына, отбасына, ел - жұртына соншалықты мейірімді, жұмсақ, аңғал да ақкөңіл жан». Демек, батырлар тұлғасы, олардың болмыс-бітімі жас жеткіншек бойында ақыл - парасат пен қайрат - жігер сынды қабілет-қарымды қалыптастыруда ерекше рөл атқарған [17, 67].

Халқымыз талай дүбірлі, дүрмекті кезеңді бастан өткізген. Сол замандарда уақыттың қойған талап - міндеттеріне сай елі ардақтаған перзенттері шығып отырған. Ал олардың ауыз әдебиетіндегі сомдалған образы ел арасында жас өскен буынды атамекенді сүйуге, туған жерді сыртқы басқыншылардан қорғауға тәрбиелеуде айрықша маңызды болған.

Демек, біздің ойымызша қазақта батырлық, ерлік, дәстүрді дәріптеген туындылардың өзі жайдан жай дүниеге келмеген. Оның қоғамдық ой сана көшіне, адамдар психологиясына нақты, қыруар ықпалы болған. Сондықтан бүгіндері тілдік қорымызға берік орныққан қазақстандық отансүйгіштіктен бұрын, ең алдымен, қазақ отансүйгіштіктің түп тамырына бойлаған жөн. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде қазақ отансүйгіштіктің, отаншылдығын қалыптастырудың бірнеше қайнар бұл ақ - бастау көзі бар, соның бірі сөз өнеріне, оның поэтикалық пафосына, азаматтық әуен қуатына тікелей байланысты.

Қазақ - бауырмал халық. Бірақ сол шектен тыс бауырмалдықтың сабақ аларлықтай тағылым да аз емес, әрине. Ғасырлар бойы бодандықтың бұғауында болған халқымыз сыртқы күштің теперішін аз тартқан жоқ. Соның салдарынан «есіктен кіріп төр менікі» дейтін пиғыл өріс алып, қазақтар өз жерінде, өз елінде қақпақылға түсіп, кемсітушіліктің небір түрін бастан кешірді. Бұл, әсіресе, кеңестік интернационализм деген саясат тұсында шебер бүркемеленіп, республиканың негізгі этносы қазақтардың рухани өрісінің кеңеюіне барынша қысым жасалды. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде тарихшы М. Қойгелдиевтің пікірімен санаспауға болмайды. «Большевиктер жалпыадамзаттық гуманистік идеяны қазақ топырағына соған дейін қорланып қалған ұлтаралық мәселелерді

табанды да байсалды түрде шешу арқылы емес, керісінше декреттер арқылы күштеп және тез арада енгізу жолына түсті, - деп жазады ол.- Мемлекеттік идеология дәрежесінде пәрменді түрде жүргізілген бұл әрекет өз ретінде пассионарлы ұлттық элита тарапынан қарсылыққа жолықты» [17, 48].

Бұл мәселе жағымды оқиға саналған «жылымық», қайта құру жылдарында да өз сабақтастығын тауып, СОКП орталық комитетінің съездері мен пленумдарының шешімдері мен қарарларында халыққа жергілікті ұйымдар арқылы танылып жатты. Ұлт араздығын тудыратын саясат интернационализмді бетке ұстап кең етек алды. Бір ұлтты басқа ұлттардан жоғары қою саясатының қате екенін КСРО - ның ыдырауы дәлелдеп шықты. Олай болса, отансүйгіштік тәрбиенің өлшем бірлігі ұлттық мақтаныш сезімі мен қазақстандықтардың жалпы - ұлттық мақтаныш сезімі деген мәселелер туралы ой қозғағанда, міне, осы өзекті тақырыптарға айырықша назар аудару қажет.

Қазақстанды мекендейтін өзге ұлт өкілдерінің қазақтарға теріс көзқарасы болмайтындай әлеуметтік - экономикалық, саяси, рухани жағдайлар жасалуда.

Қазақ тарихын зерделеу барысында олардың табиғаты, әлеуметтік жағдайына, тұрмыс-тіршілігіне байланысты отанды сүйетін адам халық екенін айқын аңғаруға болады. Бұны қазақтың тұңғыш ғалымдарының бірі Ш.Уәлиханов жақсы зерттеген және өзінің отансүйгіштік сезімін: «Менің отансүйгіштік сезімім ірбіт сандығындай (матрешка сияқты бір сандықтың ішінде бір сандық, оның ішінде тағы бір сандық) мен ең алдымен өз отбасымды, туған-туыстарымды қадірлеймін, одан соң ауыл-аймақ, ел-жұртым, руластарымды, одан соң халқымды, одан соң Сібір орыстары, Ресей жұртын қадірлеймін», – деген екен. Бұл тұжырымнан отансүйгіштік отбасынан бастау алып әулет, тумаластарға деген сүйіспеншіліктен барып халыққа деген махаббат және сол кездегі алдыңғы қатарлы елдердің бірі Ресейді атап көрсетуі де отансүйгіштіктің халықаралық мәдени қатынастардың да негізі екенін көрсетеді.

Қазақта ең алғаш қазақ балалары үшін халық мұрасына, салт-дәстүріне, ерлік, адамгершілік тәрбиесіне негіздей отырып, оқулық жазған Ы.Алтынсарин болды. Ол көшпенді елдің бала-сына ғылым-білім, өнер үйретуді армандады.

Абай Құнанбаевтың еңбектерін зерделеп қарайтын болсақ, жастарды ерлік рухта, отансүйгіштікке баулып, намысын, ар-ожданын, адамгершілік қасиеттерін тудыратын жыр жолдарын кездестіреміз. Оның «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген сөзі, барша жұртшылықты жауласу, күш көрсету дегенді білместен, тек тату-тәтті өмір сүруге шақырады.

Қарап отырсақ, қай кезде болмасын халық игілігі үшін еңбек еткен ағартушылардың, ақын-жыраулардың барлығының мақсат-мүддесі қазақ халқын тек бірлікке, ынтымаққа шақыру, ешкіммен жауласпау, оқу білімге уағыздау, адамгершілікті, адал шыншыл болуға, өз Отанын сүйуге, отаншылдық, отансүйгіштік қасиеттерді әр адамның бойына дарытуға ұмтылған. Бұл бүгінде Қазақстанның, Елбасымыз Н.Назарбаевтың «әр этностың ұлттық сезімін сыйлап, бірде-бір ұлтпен қарама-қайшылық туғызбау» деген бағытымен үндесіп жатыр.

Отанға деген сүйіспеншілік, ұлтына деген ыстық сезімді Алашорда қайраткерлері А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, С.Торайғыров, Т.Рысқұлов, Ә.Бөкейханов, М.Шоқай т.б. еңбектерінен де кездестіреміз. А.Байтұрсынов:

– Қазағым елім!
Қайқайып белің,
Сынуға тұр таянып.
Талауда малың,
Қамауда жаның,
Аш көзіңді оянып... – десе,
М.Дулатов:

«Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты» – дейді. Ал.С.Торайғыров:
Қараңғы қазақ көгіне
Өрмелеп шығып күн болам!
Қараңғылықтың кегіне,

Күн болмағанда кім болам? – деп, жастарды өнер-білім алып, жарыққа талпыну Отанға пайдалы азамат болу екендігін сан қайталап еске салады. Алаштың осы – біртуар ұлдарының бұратана халық болмаймыз, өз алдымызға тәуелсіз ел боламыз деп қазақ елі, қазақ жастарына қалдырған өсиеттері өз иесіне енді-енді ғана жетіп жатыр. Сонымен қатар, қай заманда болсын адамзат алдында тұрған ұлы мұрат-міндеттердің ең бастысы өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесін келешек қоғам қамын ойлау тұрғысынан қарастырып, М.Дулатов «бастауыш мектепте алған тәрбиенің әсері күшті, сіңімді болуы қай халықтың мектебінде болса да, оқу кітапшасы ана тілінде өз ұлтының тұрмысынан ыәм табиғатынан жазылып, баяндап оқытуды, осылай біліп баяндап оқытқанда, жас баланың ойына, қанына, сүйегіне керекті мағлұмат алып шығады», – деген болатын [18, 82].. Жас ұрпақты ұлттық бірлікке, Отанын, елін, жерін сүйуге, ұлттық тәуелсіз мемлекетті нығайтуға өз үлесін қосуға тәрбиелеуде көркем шығарманың маңызы зор. Көркем шығармаларда отансүйгіштік сезімді ардақтап, батырлық, ерлікті мадақтаған, ақылдылық, парасаттылық, достық тәрізді адамгершілік игі қасиеттер дәріптелген. Бұл тақырыпта әңгіме, ертегі, өлең, жырлар туғанын, оларда халықтың батырлық, ерлік істерді және оны жасаушыларды ардақтағанын білуге болады.

Отансүйгіштіктің тарихи, элементтері туған жерге, ана тіліне, салт-дәстүріне сүйіспеншілік түрінде ықылым заманнан қалыптаса бастаған. Таптық қоғамда отансүйгіштіктің мазмұны да таптық тұрғыда көрініс табады, өйткені әрбір тап Отанға деген көзқарасын өз мүддесі тұрғысынан білдіреді.

Патриот – Отанын, халқын, жері мен суын шынайы сүйетін, халық мүддесі үшін бар күш-жігерін, қабілетін аямайтын адам. Олар – өз Отанының жалынды патриоты, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығының озаттары.

Өз Отанын, халқын шексіз сүйушілік – барша күш-жігерін Отан мүддесіне арнаған адамға тән терең сезім. Волгадағы шайқас барысында Совет халықтарының отансүйгіштігі, Отанға деген сүйіспеншілігі майдандағы әскер

арасында, тылда еңбеккерлер арасында айқын көрінді. «Мұндай тұлғалар тек біздің Совет елінде ғана ұлы интернационализм мен советтік отансүйгіштік топырағында өсе алады» – деп, қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде көрсетілген.

Қазақ халқының батыр ұлы Бауыржан Момышұлының өнегелі өмірі бір төбе. Жазушының көптеген еңбектерінің ішінен «Соғыс психологиясы» атты шығармасын ерекше атап өтеміз. Өйткені, мұнда отансүйгіштік және оған тәрбиелеу хақында өрелі пікірлер бар. Ол отансүйгіштік туралы айтудан бұрын оның келіп шығу тегіне үңіледі, ұлттық мақтаныш дегеніміз «белгілі бір ұлт адамының жеке мақтаныш сезімі, ...өз ұлтын сыйламаса және оны мақтан тұтпаса, ол барып тұрған арамза, Отансыз қаңғыбас» дей келе ұлттық рух тамаша қасиеттерге ие, ...адамдар ғана Отандастарының алдындағы өз халқының және ең алдымен халықтардың бауырластығы алдындағы өз борышын терең де жоғары сезінеді. Адамның жеке психологиясының әскери қызметтегі маңызын аша келіп, Б.Момышұлы: «отансүйгіштік – Отанға деген сүйіспеншілік. Жеке адамның аман саулығы, қоғамдық, мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын, өзінің мемлекетке тәуелді екенінді сезіну, мемлекетті нығайту дегеніміз жеке адамды күшейту екенін мойындау; қысқасын айтқанда, отансүйгіштік дегеніміз мемлекет деген ұғымды оны жеке адамның барлық жағынан өткені мен бүгінгі күнімен және болашағымен қарым- қатынасын біріктіреді», – деп терең, жан-жақты анықтама берген. Қаһарман жазушы біз іздеп отырған «ұлттық отансүйгіштік», «қазақстандық отансүйгіштік» ұғымдарына философиялық анықтама беруге ұмтылған. Ол «ұлттық отансүйгіштік – бұл ұлттың ішіндегі жеке адамның асыл белгісі мен қасиеті – өз халқына деген сүйіспеншілігі, өз халқымен қан жағынан да және шыққан тегі, территориясы, тілі, тұрмыс-тіршілігі, мінез-құлқы, психологиялық және этнографиялық ерекшеліктері, қалыптасқан тарихи дәстүрлері жағынан да әбден айқын, әрі дербес басқа қасиеттері және ерекшеліктерімен де байланысты» [19, 12].

Сонымен Б.Момышұлының анықтамасы бойынша ұлттық отансүйгіштік мыналардан тұрады: өз халқына сүйіспеншілік, өз халқымен қан жағынан байланысын сезіну, шыққан тегін сезіну, тұрып жатқан өлкесі, ана тілі, тұрмыс-тіршілігі, мінез-құлқы, тарихи дәстүрі, психологиялық ерекшелігін сақтап, дамытуға, оны өз ұрпақтарына өткізіп беруге бейімділік. Осыдан барып, отансүйгіштікке тәрбиелеуді отбасынан бастау проблемасы келіп шығады. Бұл Кеңес Одағы кезінде де, бүгінде де әлі зерттеліп зерделенбегені анық.

Бұдан келіп шығатын тұжырым Б.Момышұлы көрсеткен рухани ерекшеліктерді сақтау ұлттық отансүйгіштіктің критерийі. Жаңа қалыптасып келе жатқан жас мемлекетіміздің болашақ азаматтарын отансүйгіштікке тәрбиелеуде, міне, осылар оның негізгі бағыттарын құрауы керек. Ойымызды айқындай түссек, Б.Момышұлы айтып отырған белгілердің педагогикалық негізі тұлғаның отансүйгіштік сана-сезімін қалыптастыру; патриоттық іс-әрекетін ұйымдастыру; мінез-құлқына патриоттық сипат беру мектептегі оқу-тәрбие ісінің өзегі болуы керек. Бұл оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдардың

мазмұнынан бастама алып, сабақтан тыс тәрбиелік жұмыстарда жалғасуы орынды.

Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының ұлы, жазушы Бақытжан Момышұлы «нағыз патриоттар өзінен бұрын Отанының қамын көбірек ойлайды. Шынайы патриот қазақ ата жұртының мәңгі тәуелсіз өмір сүріп, гүлдене беруі үшін өзінің саналы өмірін сарп етуге даяр адамдар» деп дәріптейді [19, 45]..

Жазушы «Қазақстандықтардың барлығын бірдей патриоттар деп айта алмаймыз, өйткені материалдық тоқшылық, технологиялық игіліктерге бола жеке басын күйттеп, шетелге қашқандар, келешек ұрпаққа мұра болып қалатын жерді табиғи ресурстарды сатып жеке басының байлығын асырғандарды, «қазақ» деген ұлы халықтың даналығынан туған салт-дәстүрін тәрк етушілерді, тарихын, тілін білмейтін, білуге ұмтылмайтындарды патриоттар қатарына қоспайды. Ол Қазақстанның бүгінгі территориясының сақталып қалуына, халқының ел болып ұйып отыруына, ежелгі дәуірден бері қарай үлес қосып келе жатқандарды нағыз патриоттар дей келе, » патриоттары көбеймеген халық елдігінен айырылады және елдігін сақтап қала алмайды», – деп түйіндейді [19, 77].

Бақытжан Момышұлы отансүйгіштік сезім «адамдарға генетика арқылы беріліп, ойына мықтап орнығады. Алайда оған күтім мен қамқорлық, ұдайы шыңдап отыратын тәлімгерлік те қажет» , – дейді. Ол ерлік, рух, ұлттық намыс арасындағы тығыз байланысты: «меніңше, ұлттық намыс болмаса, ұлт батырлары да болмайды. Сонымен қатар ол, ең алдымен, елінің патриоты атанбаса, батыры да емес. Демек, ұлтына деген құрмет патриотизмнің ажырамас бөлігі. Отаны мен халқына деген сүйіспеншілік жоқ жерде патриотизм тұмайды. Егер тура мағынасында айтсам, отансүйгіштік– адамды өзінің арғы тегімен жалғастырып жататын арқауы мықты қасиетті жіп», – деп белгілейді [19, 82].

Осыған орай, «Қазақстандық отансүйгіштік» деген ұғымды – педагогика ғылымдарының докторы, профессор А.Құсайынов: «Қазақ елін шексіз сүю деп түсінемін», – дей келе, «Отан сүю» сезімі – халқының келешегі үшін күресумен, ол үшін аянбай еңбек етумен етене қабысып жатқан сезім, Қазақстанның келешегі үшін ақ жүрек, адал ниетпен қандай салада болмасын өз шама-шарқы келгенше аянбай еңбек етуді мен Қазақстандық отансүйгіштіктің бүгінгі шынайы көрінісі дер едім», – дейді [20, 77].

Қазақстан халық жазушысы Ә.Нұршайықов: «Қазақстандық отансүйгіштік» деген ұғымның жаңадан туындап келе жатқандығын, әлі де болса «кенестік отансүйгіштік» кезіндегідей күш, қуат, қайрат, сүйіспеншілік, Отанға деген шексіз берілгендік жоқ, адамдардың бар мақсаты қандай жолмен болса да ақша табуға бағытталған деп өмір шындығын көрсете келіп, бірақ қазақстандық отансүйгіштік бізге керек, оның басты жолы жалпақ елге отансүйгіштік тәрбие жұмысын жүргізу. Бұл ретте Кеңес Одағы кезіндегі жақсы тәжірибелерді бүгінгі күн жағдайына сәйкестендіріп қолдану қажет, «іштен

ешкім патриот болып тумайды. Қазақстандық отансүйгіштікті өсіріп өркендету үшін, байыпты, байсалды тәрбие керек», – дейді [21, 25].

М.Қозыбаев «Жауды шаптым ту байлап» атты еңбегінде қазақ халқының басынан өткен ұлт-азаттық қозғалысын, Отан қорғау тарихы, оның кезеңдерін, халқымыздың ел басқарған көсемдерін, қол бастаған батырларын, олардың ерліктерін жыр еткен шешен-жырауларын сөз етеді. Тәуелсіздік үшін болған ата-бабаларымыздың қанды жорықтары, дабылды, дауылды азаттық күрес жолдары, ел бостандығы, бірлік жолы, ұлтжандылық, ұлттық сананы негізгі арқау етіп алған. Жұмыстың «Ұлт-азаттық қозғалысының белестері» атты бөлімінде, Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстарын 7 кезеңге бөліп, оның себеп-салдарын көрсеткен:

I кезең. Қазақ халқының құрамына кірген тайпалардың Ібір-Сібір жұртын жаулап алуға қарсы азаттық қозғалысы.

II кезең. Қоқан-Хиуа хандықтарына қарсы ұлт-азаттық қозғалыс. Бұл ұлт-азаттық қозғалыс үш жүзді одан әрі қабыстырды, кіріктірді, біріктірді, ұлттық дәрежеге көтерді.

III кезең. Ресейге қосылу кезеңі, бодандыққа қарсы ұлт-азаттық қозғалыс.

IV кезең. Отарлау саясатына қарсы Сырым Датұлы, Исатай Тайманов, Махамбет Өтемісұлдарының басқаруымен болған шаруалар көтерілісі.

V кезең. Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық қозғалыс.

VI кезең. XIX ғ. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс.

VII кезең. 1917 жылғы Ақпан және Қазан революциясы.

Міне, осылай 1590-1990 ж.ж. арасындағы Ресей, одан қалды кеңестік империя кезіндегі қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы осындай асулардан өтті. Бір сөзбен айтқанда, қазақ халқы өзінің ата-баба тарихына сүйіспеншілікпен қарауға құқықты [22, 62].

Өйткені, біздің ата-бабаларымыз бір сәт құлдыққа бас сұғып, өзінің отар ел болған болмысына ризашылық білдіріп, отырып қалған емес. Олар арының тазалығын ту қылып, азаттық жолын қалады. Ата-баба салты – тарихымыздың үлесі халқымыздың баға жетпес мұрасы.

Өсіп келе жатқан жас буындар бойында ұлттық патриоттық сана-сезім қалыптастыруға зиянын келтіріп отырған, оларға рухани жұтандық әкеліп отырған ақпарат құралдары өте көп. Оның үстіне жақын шет елдерден әдейі шақырылып жатқан эстрада жұлдыздары ақша табуға жарайтын жеңіл-желпі құндылығы төмен өнер деп айтуға тұрмайтын шығармалармен жастарымыздың санасын жұтатуда. Көптеген жасөспірімдердің нашақорлыққа, маскүнемдікке, қаңғыбастыққа берілуінің экономикалық себептерінен басқа саналарындағы рухани бостықтың игерілмеуі деуге болады. Оның тағы бір дәлелі – жастардың отансүйгіштік сана-сезімінің қалыптасуына тікелей немесе жанама түрде теріс ықпал ететін жайттар. Төл жәдігеріміз – ауыз әдебиеті, мақал-мәтелдер, қанатты сөз, өлең, жыр, терме, ана әлдіі, ата тілегі – ұлттық тәрбие бесігі.

Егемен ел жағдайында жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу, олардың елін-жерін сүйетін, ана-тілін ардақтайтын, ұлтын пір тұтатын азамат болып өсуін қамтамасыз ету бүгінгі мектептің басты мақсаты деуге болады.

«Білім беру жүйесін жаңғыртудың маңызды міндеттерінің бірі – өкілдері бәсекеге қабілетті білімді меңгерген, ой-өрісі дамыған ғана емес, жоғары азаматтық және адамгершілік ұстанымы, отансүйгіштік сезімі мен әлеуметтік жауапкершілігі қалыптасқан зияткер ұлтты қалыптастыру болып табылады» [3, 1], деген қағида еліміздің білім беру жүйесі алдында қойылатын негізі мақсат ретінде анықталған. Қазіргі таңда қоғамда кеңінен орын алып жатқан өзгерістер заман талабына сай білімді, саналы жастарын тәрбиелеушілерге үлкен міндет жүктеген баршамызға мәлім. Жас ұрпақтың жаңаша ойлауына, еліміздің болашақ азаматтарының біртұтас дүниетанымының қалыптасуына, әлемдік сапа деңгейдегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру – жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселенің бірі болып табылады.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде де көптеген өзгерістер енгізіліп жатыр. Осындай өзгерістерден бейхабар болмай, салада орын алған жетістіктерге сүйене отырып, әр балабақша тәрбиелеушісі өз жұмысында озық тәжірибені қолдану керек. Көп жылдары ұлттық құндылықтарымызға қол жеткізе алмай, идеологиялық тәрбиелеу қапқанында болған халықтардың бірі болдық. Тәуелсіздікке ие болғанның арқасында ұлттық сана сезіміміз оянып, жас ұрпақты тәрбиелеуде ғасырлар бойы қалыптасып, халқымызды халық еткен, рухани байлығымызды бағалай бастадық. Ұлттық тәрбиелеу, этнопедагогика жетістіктерін балаларды тәрбиелеу тәжірибесінде отандық зерттеушілердің жалпы еліміздің «турақғы дамудың негізі - алдымен «Ұлттық идея» ұғымын дұрыс іс-ерекетте қолдану және ұлт тұтастығын сақтаудың мәнін бағамдау, оның тек өзіне тән ерекшеліктерін ескеріп, сан ғасырлар бойы сараланған ең озық дәстүрлерді болашақ мақсатында ұтымды пайдалану болып табылады» [23, 92], деген қағидасын біз де ұстанып отырмыз.

Осының барлығы болашақ маманға деген талаптардың өзгеруіне әкеледі. Ең басты себебі Қазақстан Республикасының Болон үдерісіне қатысуы.

Болон үдерісіне Қазақстанның қатысуы жоғары білімдер аумағында салыстырмалы жүйені қабылдау арқылы Еуропалық білімге қол-жетерлік жағдай туғызуға, білім сапасын арттыруға және студенттер мен профессор-оқытушылар құрамының мобильдік деңгейін көтеруге мүмкіншілік туғызады. Болон үдерісі – жоғарғы білімнің біртұтас еуропалық кеңістік құру мақсатымен Болон келісім-шарты шеңберінде білім жүйелерін үндестіру және жақындастыру үдерісі. Сонымен бірге білім және ғылымның ұлтаралық қатынасы әлемде қазақстандық білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, еуропалық өңірде отандық дипломдардың еркін конверсиялануын, бітірушілердің кез-келген елде жұмысқа орналасу құқығын мойындауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Орталық Азия мемлекеттерінің арасында Болон декларациясының мүшесі және еуропалық білім беру кеңістігіне толық құқықты қатысушы болған тұңғыш мемлекет болып табылады. Болон үдерісіне қосылғаннан кейін, қатысушы елдер оның негізгі қағидаларын орындау міндеттемелерін қабылдады.

Міндетті қағидалар Еуропалық жоғары білім аймағын құру және еуропалық жоғары білім жүйесін әлемге тарату үшін аса маңызды деп қарастырылады.

Болон үдерісінің міндетті қағидалары: Жоғары білімнің үш деңгейлі жүйесі; ECTS академиялық несиелер; Жоғары оқу орны студенттерінің, оқытушыларының, және әкімшілік қызметкерлерінің академиялық мобильдігі; Дипломға берілген еуропалық қосымша; Жоғары білімнің сапасын бақылау; Біртұтас еуропалық зерттеу кеңістігін құру.

Ұсынымдық шамалардың ұсынымдық сипаты бар және де Болон үдерісі қағидаларын таратуда бұлар маңызды болып табылады.

Болон үдерісінің ұсынымдық қағидаларына: Біртұтас еуропалық бағалаулар; Студенттердің белсенді қатысуы; Аз қамтылған студенттерді әлеуметтік қолдау; Өмір бойы білім алу.

Факультативтік қағидалар жұмыс берушілердің мүдделері және қоғам талаптарын есепке алынып оқу үдерісін жоспарлауда және ұйымдастыруда аса маңызды болып келеді.

Болон үдерісінің факультативтік қағидаларын: Дайындау бығыттары бойынша білім беру мазмұнын үндестіру; студенттердің дәстүрлі емес оқу траекториясы, таңдау бойынша курстар; модульдік жүйе; қашықтықтан оқыту, электрондық курстар; оқытушылар мен студенттердің академиялық рейтингтері.

Отандық зерттеушілердің теориялық зерттеу нәтижелерінде дамып келе жатқан тағы бір бағыт – деонтологиялық білім беру.

Деонтология – адамның парыздылыққа негізделген жүріс-тұрысы, қылықтары, әрекеттері туралы ғылым. Парыз адамға тән азаматтық борыш, кастерлі міндет. Ал, ұстаз қызметіне қатысты деонтология – педагогикалық деонтология, оның мазмұнына мұғалімнің қызметіне байланысты парыздылыққа негізделген этикалық ережелер, нормалар, ұстанымдар жиынтығы жатады. Мұнда оқушы мен педагогтың арасындағы сенімділікті қатынастың кепілі бола алатын кәсіптік этиканың қағидалары қарастырылып, педагогтың құзыреттілігі, басқа адамдарға, олардың қылықтарына шыдамды болуы, тәлім-тәрбиелік іс-әрекет барысында алынған шешімдерге моральдық жауапкершілігі көрсетіледі.

Деонтология – этикалық теорияның тарауы, онда борыш, моральдық талаптар мен нормативтер, проблемалар және әлеуметтік қажеттіліктердің адамгершілік формасына тән ерекшелік ретіндегі жалпы борыштылық мәселелері қарастырылады. Тарихи даму процесінде, моральдық сана дамуына орай қоғам мүшелерінің өзара міндеттері айқындалып, теориялық тұрғыда негізделіп отырылған. Мәселен, Аристотельдің біздің дәуірге дейін IV ғасырдағы қоғам өмірідегі әртүрлі проблемаларды қарастырған «Никомахтың этикасы» атты алғашқы еңбегі теориялық тұрғыда жазылған. Этика мәселесін қамтыған бұл еңбек бүгінгі

күні де өзінің көкейкестілігін жойған жоқ. Еңбектің тарихи құндылығын ескере отырып, үш маңызды жағын атап өтеміз:

1) этиканың мәнін анықтап, оның ғылыми білімнің дербес тарауы ретіндегі ерекше белгілерін көрсетті;

2) этикалық білімді жинақтай келе, алғаш рет ғылыми түрде мазмұнын ашты;

3) жеке тұлғаның моральдық санасының деңгейіне алғаш рет толық анықтама берді.

Аристотельдің түсінігі бойынша, этика – адамгершілік, ізгілік туралы ғылым, оның көздеген мақсаты адамға рақымды, ізгілікті, парасатты болудың жолдарын үйрету.

Сонымен, этика – әлеуметтік-философиялық ғылым, білім саласы, ал мораль – этиканың зерттейтін пәні, деонтология моральдық талаптар мен нормативтерді қарастыратын этикалық теорияның бөлігі.

Педагогикалық этика педагогтың кісіби моралінің нормаларын зерттейді, ал педагогикалық деонтология зерттеу пәні педагогика саласының қызметкерлерінің кәсіптік мінез-құлқы мен тәртібінің ресми және бейресми нормаларының жиынтығы.

Мораль, этика, деонтологияның өзара қатынасын төмендегі сұлбамен көрсетеміз:

- мораль;
- этика;
- деонтология;
- кәсіптік деонтология;
- педагогикалық деонтология.

Қазіргі заманғы зерттеулер, жеке адамдар арасындағы қарым-қатынастар міндетті болып табылатын кәсіптердің, сондай-ақ қызметтің басты нысанасы жеке адам, оның тағдыры болатын кәсіптердің өкілдеріне (мысалы, дәрігерлерге, журналистер мен мұғалімдерге) қойылатын моральдық талаптарды арттыру керек екенін көрсетеді. Бұл кәсіптік топтардың еңбек әрекеті процесінде жаңа адамгершілік элемент – кәсіп иесі мен кәсіптік қызмет объектісінің қарым-қатынасы пайда болады. Мұнда адамгершілік жауапкершіліктің жаңа өлшемі, қажеттілікті тудыратын кәсіптік қызметтің педагогтық және моральдық жақтарының бірігіп қосылуы орын алады. Бұл қосымша нормативтер ең алдымен еңбек процесінде қатысушылар арасындағы адамгершілік қарым-қатынасты реттейді. Қосымша нормативтердің жиынтығы кәсіптік этиканың да мәнін құрайды, оның мақсаты жарлықтар жасау және олардың орындалуын бақылау емес, адамның бойында кәсіптік қызметке тәуелсіз моральдық бағдар ала білу қабілетін қалыптастыру.

Осының бәрін қорыта келе, деонтологияны – парыздың, моральдық талаптар мен нормативтердің және әлеуметтік қажеттіліктің адамгершілікке тән білінуі түрі ретінде жалпы міндеттенудің мәселелерін қарастыратын этикалық

теорияның бөлігі деп қарастыруға болады. «Педагогикалық» деген сөзбен қосыла «педагогикалық деонтология» деген сөзтіркес мұғалімнің қызметіне байланысты парыздылық ұғымын құрастыратын этикалық ережелер, нормалар, ұстанымдар жиынтығы.

Педагогикалық деонтологияға мұғалімнің парызына адалдығы мен кәсібіне сәйкес саналы әдеп және құқықтық ұстанымдар мен ережелер кешені жатады. Мұнда оқушы мен педагог арасындағы сенімді қатынастың кепілі бола алатын кәсіптік этиканың қағидалары қарастырылып педогогтің құзіреті, басқа адамдарға, олардың идеяларына шыдамдылықты, тәлім-тәрбиелік іс-әрекет барысында алынған шешімдерге моральдық жауапкершілікті көрсетеді.

Педагогикалық деонтология – ұстаздық парыз туралы ғылым, ұстаздың іс-әрекетіне қойылатын нормативті талаптар. Бұл ұстаздық қызмет аясында практикалық іс-әрекеттерін реттеуші амалы. Педагогикалық деонтологияға кәсібіне сәйкес саналы-әдеп және құқықтық ұстанымдар мен ережелер кешені жатады. Бұл өлшемдер мен ережелер педагогикалық ақиқаттылықты танудың алғышарты, өнімі болып саналады және кәсіби іс-әрекеттің мақсаты мен жоспарын нақты жүзеге асыруға, өзінің бағытын реттеуге мүмкіндік береді. Солардың көмегімен педагог өзіне, басқа да осы үдеріске араласушыларға деген қарым-қатынас қағидаларын меңгеріп, олардың ілгелілерін басшылыққа алу негізінде педагогикалық шынайылықтың барлық қыр-сырын нысанаға алады. Педагогикалық деонтологияның мақсаты - тәрбиеленушінің жеке тұлғалық табиғатына сай дамуына жәрдемдесу мүддесіне сәйкес педагог қызметін сәйкестендіру.

Педагогикалық деонтология педагогтың оның кәсіби іс-әрекеті саласындағы мінез-құлқының ережелерін даярлайды. Деонтологиялық даярлық мұғалімнің кәсіптік қызметін деонтологиялық талаптарға сәйкес атқаруға білімділігі мен біліктілігінің жетік, кәсіби парыздылық санасының дайын болу күйі жатады.

Педагогтың деонтологиялық даярлығын жүзеге асыру үшін оның жеке тұлғалық мінез-құлқына, сана-сезіміне сәйкесті әсер ететін арнайы деонтологиялық дайындық қажет. Ал, деонтологиялық дайындыққа мұғалімнің деонтологиялық ұстанымға сәйкес қызмет етуге қажетті білім, біліктілік қорын қамту үдерісі жатады. Деонтологиялық даярлығы қалыптасқан мұғалім өз мінез-құлқы, ерік-жігерін парыздылық сезімге бағындыра алады. Сөйтіп, **зерттеуші-ғалымдар** ой-тұжырымдамалары деонтологиялық даярлық ұғымына өз анықтамамызды беруге негіз болды.

Болашақ мұғалім жоғары мәдениетті, ой-өрісі кең, өз мамандығын толық меңгерген, жоғары деңгейдегі кәсіпкер болуымен қатар, өз халқының, өз ұлтының ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан ата-баба мұрасын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тарихы мен әдебиетін, өнерін, адамгершілік пен

имандылықты дәріптейтін қарым-қатынас мінез-құлық қасиеттерді бойында қалыптастыру керек.

Сонымен, деонтологиялық даярлығы қалыптасқан мұғалім болу үшін тек қана ғылыми-теориялық тұрғыдағы білімдарлықтан басқа, асқан шеберлікпен, педагогикалық технологияны жетік игеру, кәсіби парыздылық санасы кемелденген, өз бойында нағыз белсенді гуманистке сай қасиеттер тәрбиелеуге ынталы мұғалімнің халық педагогикасынан терең білім алуы шарт.

Біздің жұмысымызда болашақ мұғалімдердің деонтологиялық даярлығын қалыптастыру үшін халықтың ғасырлар бойы жинақтаған тәлім-тәрбие тәжірибесін тиімді пайдалану мәселесі басты назарға алынды. Қазақ халқының тәлім-тәрбиелік мұрасы – ұлттық педагогикалық ой-пікірлерді жинақтап зерттеу, жүйелеу, оның алдыңғы қатарлы үлгілерін бүгінгі бала тәрбиешісі – ұстаздарға ұсыну – қазіргі өмір талабынан туындаған маңызды мәселелердің бірі. Болашақ мұғалім жоғары мәдениетті, ой-өрісі кең, өз мамандығын толық меңгерген, жоғары деңгейдегі кәсіпкер болуымен қатар, өз халқының, өз ұлтының ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан ата-баба мұрасын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тарихы мен әдебиетін, өнерін, адамгершілік пен имандылықты дәріптейтін қарым-қатынас мінез-құлық қасиеттерді бойында сақтай білуі тиіс.

Болашақ мұғалімдердің деонтологиялық даярлығының қалыптастыру түсінігіне сай болатын өткен ғасырлар даналарының пікірлеріне тоқталсақ, шығыстың әйгілі ойшыл философы Әл-Фараби өз трактаттарында бала тәрбиешісі – ұстаздардың бітім-болмысы туралы терең ой қозғай отырып, олардың мінез-құлық нормасын былайша сипаттап көрсетеді: «ұстаз тым қатаң болмауға тиіс, тым оқушының еркіне жығыла бермеуі керек, өйткені тым қаталдық шәкіртті өзінің ұстазына қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру ұстаздың қадірін кетереді, оның берген сабағы мен ғылымына шәкірт селқос қарайтын болады. Ұстаз тарапынан барынша ынталылық пен табандылық қажет, сондай-ақ ол өзінің сабақтарын бір ғана ғылымның шеңберінен асырмағаны дұрыс, түрлі пәндермен сабақты ауырлата беру тәртіпсіздікке және белгілі бір жүйеден айырылып қалуға апарып соқтырады. Осының бәрі шәкірт өмірін ұзартады, өйткені тәнді емдеу, Гиппократтың сөзімен айтқанда, - өмірді ұзартатын болса, жанды емдеу одан да жақсы нәтижеге жеткізуі тиіс».

Педагогтың деонтологиялық дайындығының мақсаты: егемендігіне ие болып еңсесін көтеріп келе жатқан халықтың

денсаулығын сақтауына әрдайым күресе алатын, өзінің кәсіптік парызына тұла бойы берік, еліміздің игілігіне ауқымды үлес қосатын ұлы-қызын тәрбиелеп өсіретін ұстаз тұлғасын дайындау. Оның бойына педагогикалық қызметтің гуманистік жүктемесіне сәйкес адамгершілікті психологиялық қасиеттер дарыту, ғылыми тәжірибелік ізденіске жалықпайтын, қажымай-талмай өзінің жеке тұлғалық қасиет-қабілеттерін жетілдіруге бейімделген, кәсіптік сана-сезімін қалыптастыру болса, осының барлығы өткен ғасыр ойшылдарының ой-түйіндерінде байқалады, бұлар болашақ мұғалімнің деонтологиялық даярлығын қалыптастырудың теориялық негізі болып келеді.

Ешкім де педагог болып тумайды, педагог болып қалыптасады. Ол үшін оның бойында:

- психологиялық-педагогикалық білім;
- шеберлікпен шектесетін ептілік;
- деонтологиялық мүмкіндіктері, ерекше ұстаздық мінез-құлық, ойлау қабілеті болмағы ләзім. Деонтология – жүріс-тұрыстағы, қылықтағы, әрекеттердегі парыздылық туралы ілім. Зерттеу жұмысымыздың басты мақсаты - өз ұлтының тарихын, мәдениеті мен тілін қастерлейтін және оны жалпы адамзаттық деңгейдегі рухани құндылықтарға ұштастыра алатын парыздылық сана-сезімі кемелденген маман даярлау.

Сонымен, жоғарыда аталған қазақ халқының біртуар данышпандары, ағартушы-педагогтар, педагогтарды кәсіби даярлау мәселесін қарастырған ғалымдар еңбектері болашақ мұғалімнің деонтологиялық даярлығын халық педагогикасы құралдары арқылы қалыптастырудың теориялық алғышарттары болып келеді және төмендегі тұжырымдар мен қағидалармен айқындалады:

Мұғалім мен оқушының арасындағы қарым-қатынастың ізгілік-адамгершілік қағидаларына негізделуі, болашақ мұғалімнің этникалық қасиеттерінің жоғары деңгейде дамуы (ұлттық сана-сезім, ұлттық тарих, ұлттық дүниетаным, ұлттық әдеп), «Обалына қалмау» қағидасы, ғылыми-теориялық ойлау дәрежесінің, рухани және танымдық қажеттіліктері мен қызығушылықтарының жоғарылығы, тәрбиеленушінің жан-дүниесіне үңіліп, жеке басына сүйіспеншілікпен қарауы, табиғатына сай дамуына жәрдемдесуі, психологиялық-педагогикалық көрегендігі, әділдігі мен адалдығы, байсалды іс-әрекеті деонтологияның «Зиян келтірме» ұстанымына негізделуі және кәсіби борышы мен азаматтық жауапкершілігін саналы түсінуі.

Қоғамдық қатынастардың өзгеруіне орай, білім беру жүйесі де жаңа кезеңде, күрделі өзгерістерге түбегейлі бет бұруда. Бұл өзгерістер болашақ

мұғалімнің кәсіби болмысының принциптеріне өзекті сауалдарды енгізуде. Қазіргі әлеуметтік жағдай педагогтардың алдына жаңа күрделі мәселелерді қояды, шәкірттердің білім сапаларының төмен деңгейі, білім мен тәрбие арасындағы алшақтық, рухани байлықтың жұтандығы, мұғалімдердің ортаға бейімділігінің әрқилылығы, болашақ мұғалімдердің бойында ұлтымызға тән қасиеттерді – парыз, борыш, көрегенділік, ар-намыс, имандылық, мейірімділікті қалыптастыру мақсатында тәрбие берудің өз деңгейінде ұйымдастырылмауы. Мектеп толыққанды педагог тұлғаларын талап етуде, мұғалім еңбегінің негізгі «қаруы» - оның жеке тұлғасы, кәсіби толысуы, оңтайлы педагогикалық шешімдерді жүзеге асыра алуы

Болашақ мұғалімнің деонтологиялық даярлығы жеке тұлғаның кәсіби сапасының бірі ретінде мынадай компоненттердің бірлігін құрайды: жеке тұлғалық, ақпараттық-теориялық, іс-әрекеттік. Осы аталған компоненттердің жеткілікті дамуы мен құндылығы, олардың тұтастық бірлігі болашақ мұғалімдердің деонтологиялық тәрбиеге кәсіби психологиялық-педагогикалық даярлығының, халық педагогикасының құралдары арқылы нақты қалыптасқан деонтологиялық тәрбие деңгейінің көрсеткіші болып саналады.

Болашақ мұғалімдердің халық педагогикасы құралдары арқылы қалыптасқан деонтологиялық даярлығының құрылымдық моделі, олардың деонтологиялық даярлығының деңгейін, кәсіби парыздылық даярлығын зерттеуге алдын-ала кірісуге, болашақ мамандарды халық педагогикасы құралдары арқылы деонтологиялық даярлығын қалыптастырудың тиімділігін қамтамасыздандыратын кешенді педагогикалық шарттарды анықтауға мүмкіндік берді. Педагогикалық шарттар оқу-тәрбие процесінің мазмұнын, халық педагогикасы құралдары арқылы болашақ мұғалімдердің деонтологиялық даярлығын қалыптастыру процесін жүзеге асыратын формалар мен әдістерді көрсетеді. Анығырақ айтқанда: оқу процесінің мазмұны жалпы кәсіби мамандықтардың бағдарламаларына және «Болашақ мұғалімдердің деонтологиялық даярлығы» атты арнайы курсты ендірумен анықталды.

Ұйымдастыру жұмыстары осы процесті мақсатты бағыттылықта басқарумен, аудиториялық, аудиториядан тыс әртүрлі жұмыс формалары мен әдістерін пайдаланумен айқындалады және әдістемелік-ғылыми негізделген нұсқаулармен қамтамасыздандырылады.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысы нәтижесінде халық педагогикасы құралдары арқылы студенттерді оқу-тәрбие процесінде деонтологиялық даярлығын қалыптастыру бойынша берілген нұсқаулар олардың оңтайлылығын дәлелдейді: студенттердің

қазақ халқының төл тәрбиесіне деген көзқарасы өзгерді, қызығушылығы артады.

Оқу үдерісінде, аудиториядан тыс іс-әрекеттерде әртүрлі жұмыс формасы мен әдістерін пайдалану, курстық жұмыстар, дипломдық жұмыстар, рефераттар, СҒЗЖ студенттердің деонтологиялық тәрбиені қалыптастыруағы іске асыру жолдарын жандандыруға ықпал етті.

2 ОТАНСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МОДЕЛІ

2.1 Мектепке дейінгі жастағы балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу бойынша балабақша жұмысының сипаттамасы

Ұрпағын өз халқының патриоты етіп тәрбиелеу - қай халықтың болса да тәрбиелеу жүйесінің негізгі талаптарының бірі. Ал біздің халқымызда бұл талап әрдайым жоғары болған. Ата - бабаларымыз кең далада өмір сүрген де, сондықтан оларға «Атамекен, туған жер» ұғымы - әрдайым қастерлі де қасиетті ұғым. Бұл қасиеттер ұрпақ бойына оқумен, біліммен, үйренумен, талпынумен бітеді.

Халық батыры Бауыржан Момышұлы былай деген екен: «Біздің тарихымыз батырға бай тарих, халқымыз батырлықты биік дәріптеп, азаматтық пен кісіліктің символы, үлгісі санаған. Батырлық деген, ерлік деген ұрпақтан ұрпаққа ата дәстүр болып қала бермек. Өткенін білмеген, тәлім - тәрбие, ғибрат алмаған халықтың ұрпағы - тұл, келешегі тұрлаусыз. Біздің қазақ халқы - батыр халық». Қазақ халқын құрып кету қаупінен сақтап қалған, жерін жауға бермей, ұлан байтақ елкесін қазақ еліне мәңгі қоныс ету мақсатында жарғақ құлағы жастыққа тимей, елім деп еңіреп өткен хас батырлар қаншама десеңізші! Бұлардың ерлігі кейінгі ұрпаққа қашан да болса өнеге болмақ.

«Біздің тағы бір аса маңызды идеологиялық міндеттеріміз - Қазақстандық отансүйгіштікке тәрбиелеу, әрбір азаматтың өзін - өзі айқын билеу. Олай болса, осы міндетті орындау жолында тәрбие мәселесін қолға алып, ұрпақтарды аздырмай - тоздырмай қазіргі сауда - саттықтың, алдау - арбаудың ықпалына жібермей, етегіне сүйретпей еліміздің болашақ өркениетті дамуын алға бастыртатын адамдарын тәрбиелеуіміз керек», - дейді Президент [3, 4].

«Қазақстандық отансүйгіштік» арқылы Отан, туған жер, ел, атамекен, мемлекет, туған өлке, халқы туралы түсініктер оқу – тәрбие үрдісінде, сабақтан тыс іс – шараларда Отансүйгіштік сезімді дамыту, ұлттық салт – дәстүрді сақтау, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, ана тілін қадірлеу сияқты сезімдерді оқушылар бойында қалыптастыру жүзеге асырылады. Бұл ұғымның педагогикалық жүгіне келер болсақ, ол болашақ Қазақстан азаматтарын тәрбиелеумен тығыз байланысты. Қазақстандық патриоттық тәрбие бүгінгі өмірден оқшауланбайды, қайта жаңа өмірмен қауышып ұлттық тәрбиеге жаңа мән береді. Ұлттық тәрбие дегеніміз ол оқшаулану емес, керісінше ұлттық тәрбие үлгілерімен әлемдік идеяларды қабылдап, ненің тозық, ненің озық екенін тани білу, өрісі, дүнитанымы кең азаматтарды тәрбиелеуге мүмкіндік болады деп түсіну қажет және солай да.

Қазіргі кезде өз халқымыздың жақсы дәстүрлеріне,оның ғасырлық түп тамырына, ру, туыстық, Отан деген ұғымдарға қайта оралуға қажеттілігі туындады. Патриотизм сезімі өзінің мазмұнына байланысты көпқырлы болып келеді: бұл өз туған жеріне деген сүйіспеншілік, өз халқына деген мақтаныш,өз елінің байлығын молайту, оны сақтай білу. Патриоттық тәрбие – бұл мектепке дейінгі жастағы балаларға адамгершілік, патриоттық сезімдерін мақсатты түрде

калыптастыру үрдісі.Бүгінгі күні бұл жұмыс қиын да,өзекті,өйткені қазіргі жас отбастарында отансүйгіштік тәрбиені қажет деп түсінбейді. Сондықтан біз бұл мәселеге бәріміз бірге жұмылуымыз қажет, сонда ғана айтарлықтай қорытындыға келеміз. Сөзсіз, отансүйгіштік тәрбие жұмысын мектепке дейінгі шақтан бастау қажет. Осы жаста балалар үлкеннің айтқанын тыңдап қабылдайды, сондықтан тәрбие үрдісінде балалардың Отанға, өз қаласына, үйіне деген қамқорлықтарын нақты түрде қалыптастыру қажет.Сабақтардағы қолданылатын кейбір ұғымдар балаларға түсініксіз де болып келеді. Сондықтан тәрбиешінің негізгі мақсаты— балаларға әрбір адамның өз Отанына деген, үлкендерге, салт - дәстүрге деген сыйластық туралы өзі жақсы білуі керек, түсінікті деңгейде түсіндіре білу. Балабақша балаларының сұрақтары көп болып келеді: «Неге зейінді және сыйлы болу қажет?»; «Біздің Отанымыз қандай?»; «Неге елімізді қорғауымыз қажет?» — осы сияқты сұрақтарға олар сабақта жауап ала алады. Мектепке дейінгі жастағы бала өзін қоршаған ортаның әсемдігіне, өзінің отбасына деген сыйластық сезімі туындаған жағдайда, оның өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімі,яғни патриоттық тәрбие қалыптаса бастайды. Мектепке дейінгі жастағы балалардың отансүйгіштік сезімін тәрбиелеу – күрделі және ұзақ үрдіс. Баланың тұлға ретінде дамуына жақындарына,балабақшаға, туған қаласына және еліне деген сүйіспеншілігі үлкен рөл атқарады. Мектепке дейінгі мекемеде отансүйгіштік сезімдерін тәрбиелеуде басымды бағыттың бірі, ол экологиялық білім беру болып табылады. Балаларды өз елімен, ұлттық, тарихи мәдениетімен, табиғатымен таныстырғанда, олардың өз Отанының,патриоты және азаматы болатындай мінездері қалыптаса бастайды. Адамның балалық шағында алған әдемі табиғаты, елінің тарихы туралы әсері, көбіне өмір бойы есінде қалады. Шындығында, біздің еліміз қандай болса да, адам өзінің туған,өсіп – өнген жеріне, көшесіне, алғаш рет ағаш еккен ауласына деген сүйіспеншілігін өз Отанына деген сезімімен байланыстырады. Балаларды өз туған қаласымен таныстыру біздің ойымызша өте қажетті жұмыс,өйткені ол танымдық, рухани – адамгершілік,табиғатты қорғау қызметін атқарады. Балабақша баласына «өзінің кішкентай Отаны» туралы көп қызықты мәлімет беруге болады (қаланың тарихи және қазіргі кейпі, сәулетті жерлері,ескерткіштер туралы). Тәрбиеші өзі өз қаласының, өз Отанының тарихын білетін болса ғана, мектепке дейінгі жастағы балаларды отансүйгіштік сезімге тәрбиелеу өз нәтижесін береді. Балаларды оқыту үшін, алдымен педагогтың өзі ақпарат материалын толық түсінікті тілде жеткізе білуі қажет. Педагогтың берілген ақпаратының қандай әдіс – тәсілдер арқылы жеткізе алуына байланысты балалар оны қабылдайды және жаңа нәрсе білгісі келетін қызығушылығы пайда болады. Балаларды қоршаған ортамен таныстырудың, яғни экологиялық тәрбиенің жүйелілігін ескере отырып, балаларды рухани – отансүйгіштік тәрбиелеу сабағына тақырыптық жоспарлар өңделуде. Үй,балабақша, туған қаласы, сонымен қатар қоршаған табиғат «балабақшаның жасыл желегі» – табиғат бұрышы,экологиялық соқпақ сияқты тақырыптар дегендей қамтылу керек. Бұл жұмыстар үлкендер мен балалардың ұйымдасқан түрінде өтуі тиіс. Жаңа

кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен тәрбиешілер шешуші роль атқарады. Еліміздің болашағы жас ұрпақты тәрбиелеуде бірінші бесік-отбасы, ата-ана тәрбиесі болса, екінші бесік-білім беру мекемесі. Мектепке дейінгі кезеңдегі тәрбие-адам қалыптасуының алғашқы баспалдағы. Балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы өшпестей із қалдырады. Заман талабына лайық тәрбие білім беру жұмысын кешенді ұйымдастыру жаңа технологияларды, идеялар мен шығармашылық, инновациялық жаңашылдықты қажет етеді. Жас ұрпаққа білім беруді жетілдіру мәселесі толассыз күн сайын өзгеріп тұрған әлеммен бірге жүрері анық. Балабақшада берілетін тәрбие-барлық тәрбиенің бастамасы, әрі жан-жақты тәбие мен дамыту ісінің түпкі негізін қалайтын орын. Бала бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып олардың өнегелі, тәрбиелі болып өсуіне балабақша ошағының тигізер әсерінің маңызы зор. Баланың бойында адамгершілік патриоттық тәрбиені қалыптастырудың негізгі міндеттері мына жайлармен түйінделед:

— ізгілік бастамасымен тәрбиелеу. Өз отбасына, балабақшасына, туған қаласына, көшесіне сүіспеншілікпен, қамқорлықпен қарау.

–Табиғатқа қамқорлықпен қарау. –Еңбекте-еңбек сүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу. –Қазақ халқының салт-дәстүріне қызғушылықпен қарау.

–Мемлекеттік рәміздермен таныстыру. Отанға деген сүіспеншілікке тәрбиелеу.

Бүгінгі күні Павлодар қаласында 60 мемлекеттік балабақша, 6 жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдар жұмыс істейді. 4-6 жастағы балаларға арналған жалпы орта білім беру мектептерінің жанындағы 20 мектепке дейінгі шағын орталықтар бар. 253 орынға мемлекеттік білім беру тапсырысы 4 жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдарда орналастырылған.

2012-2013 оқу жылына топтарды жинақтау кезеңінде 119 жаңа топқа қабылдау жүргізілген, оның ішінде тілдері, көру қабілеті, есі дамымаған балаларға 8 арнайы топ.

Келесі жастық топтар жинақталған:

- бірінші сәбилер – 17 топ, 510 бала;
- екінші сәбилер – 96 топ, оның ішінде екі арнайы топ, 2870 бала;
- ортаңғы – 6 топ, оның ішінде екі арнайы топ, 169 бала.

Сонымен қатар, балалардың мектепке кетуіне, тұрғындардың көшу-қону, арнайы және санаторлық балабақшаларға ауысуына байланысты балабақшалардың бос орындарына қосымша балалар жіберілді: 2 сәбилер топ – 67 бала, ортаңғы топ – 219 бала, ересек топ – 98 бала, даярлық топ – 67 бала.

Мектеп жанындағы шағын орталықтарға 4-6 жастағы 492 бала жолдама алды.

Жазғы жинақтау кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдарға барлығы 4492 жолдама берілді.

Осылайша, 4 - 6 жас аралығындағы балалар мектепке дейінгі тәрбие және оқытумен 100 %, 3 жастағы балалар 95,6 % қамтылды. Биылғы жылдың соңына дейін 4 балабақша ашу есебінен үш жастағы балалар толық қамтылатын болады [24].

Павлодар қаласында «Балапан» мемлекеттік бағдарламаны іске асыру, мектепке дейінгі ұйымдардың желісін кеңейту бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізілуде.

Жалпы мектепке дейінгі білім беру саласында көптеген мәселелер шешіліп жатыр. Олардың барлығы біздің де облысымызда жүзеге асырылып жатыр.

Осы мәселе көптеген педагогика саласында өткізілетін семинарлар мен конференцияларында өз көрінісін тапқан. Мысалы, Павлодар қ. Инновациялық Еуразия университетінде жылсайынға Педагогикалық оқуларында мектепке дейінгі білім беру проблемаларын қаарстыратын секциялар жұмыс істейді. 2013 жылы VII педагогикалық оқулары өткізілген. Осы оқуларда бірнеше мәселе қозғалған. Оның бірі - отансүйгіштікке тәрбиелеу мәселесі.

Мағжан Жұмабаев өзінің ұлағатты бір сөзінде былай деген болатын: «Баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығармай, келешек заманына лайық қылып шығару керек». Иә, Мағжан аталары айтқан даналық ойы бүгінгі күні білімді ұрпақ керек екенін айқындайды. Өйткені елдің ертеңгі тірегі – жастар. Олар заман талабына сай тәрбиеленуі тиіс. Қазіргі таңда ұстаздар қауымына үлкен жауапкершілік артып отыр. Бала тәрбиесі – баршаның ісі. Отбасының да, балабақшаның да, мектептің де мақсат-мүддесі біреу ол – заман талабына сай ұрпақ тәрбиелеу.

Балалар — біздің болашағымыз.», сондықтан балаларды ерекше күтіп, тәрбиелеу керек. Әсіресе, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруіміз қажет. Және баланың үйде отырмай, балабақшаға барғаны жөн. Өйткені, бала сыртқа шықса, айналадағы ортаға үйренеді, мінезі тұйық болмайды, адамдармен тез араласады. Балабақша ең алдымен баланы тәртіпке, жауапкершілікке үйретеді. Баланың ойлау қабілеттерін арттыру арқылы ұрпақты жақсылыққа тәрбиелейміз. Ата- бабаларымыз айтқандай баланың тәрбиесі бесіктен басталады, яғни тәрбиенің негізі отбасынан бастау алады. Балабақша, одан кейін мектеп адамның қоршаған ортада жеке тұлға ретінде қалыптасуына көмектеседі. Отбасындағы тәрбие мен балабақшадағы тәрбиені ұштастыра отырып, әрі қарай жақсы жолға түсуіне себепкер болады деп ойлаймыз. Әкешелері аманаттап балаларын тәрбиешілерге сеніп тапсырып кетеді, балаларға жауапкершіліксіз қарауға болмайды. Балалар аман, қуанып жүрсе, бізге-тәрбиешілерге бұдан артық бақыт жоқ.

Сонымен қорыта айтарымыз, қазақстандық отансүйгіштік - бүкіл қазақстандықтарға тән. Себебі ортақ Отан, ортақ тарих, ортақ салт - дәстүр, ортақ қазақтың тілі. Басқа ұлт өкілдері қазақтың тілін білуі тиіс. Отан – от басынан басталады десек, туған облысымыздың, қаламыздың көрнекі жері,

тарихы, атаулы оқиғаларын, айтулы адамдардың өмір жолдарын білгізудің мәні зор. Азаматтардың биік отаншылдық сезімі бүгінге ғана емес, ертеңге керек, болашаққа да керек.

Педагогикалық шеберлік үнемі жетіліп отыруды қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеу өнері. Ол өнерге балаларды сүйетін және өз қалауымен жұмыс істейтін әр педагогтің қолы жетуі мүмкін. Педагог – өз ісінің шебері, жоғары мәдениетті, өз пәнін терең меңгерген, ғылым мен өнердің тиісті салаларынан хабардар, жалпы, әсіресе балалар психологиясының мәселелеріне қанық, оқыту мен тәрбиенің әдістемесін жетік игерген маман.

Заман ағысына сай біліммен қаруланған ой-өрісі жоғары, зерделі, жан-жақты дамыған маман – уақыт талабы. Кеше ғана көк туын желбіретіп шаңырақ көтерген егемен елімізді өркениетке жетелейтін білім бастауында мектеп, ал сол мектепте жас ұрпақ бойына білім негізінің мәңгілік іргетасын қалаушы- ұстаз тұрады. «Мұғалімдер- қоғамның ең білімді, ең отаншыл, білгілеріңіз келсе, ең «сынампаз» бөлігі болып табылады», – деп Елбасы Н. Ә. Назарбаев бекер айтпаса керек. Сондықтан да бүгінгі таңда тәуелсіз елімізге білікті маман, өз ісінің шебері қажет. Ал педагогикалық шеберліктің негізі неде?

Шебер педагог білімді, тәжірибесі мол, жан-жақты бола отырып, оқушыларды жеке тұлға етіп қалыптастыру мақсатында білім мен тәрбиені ұштастыра алуы қажет. Әр оқушының дарындылығын айқындау, олардың дамуына қолайлы жағдайлар жасау, мектеп, жанұя, мұғалімнің ролін анықтау, студенттер мен мұғалімдер ұжымын қалыптастыру – педагогикалық шеберлікті жетілдіруге негізделеді деп есептейміз.

«Тәуелсіз елге – білікті маман» демекші, педагогикалық шеберліктің негізі, өткен пікірімізде айтып кеткеніміздей, білім мен тәрбиені ұштастырумен қатар – педагогтардың жаңа технологияны меңгере білуінде және оны өз тәжірибесінде қолдана алуында. Педагогикалық көзқарас бойынша, «технология » ұғымы – дәстүрлі оқыту әдістерінен басқа, ерекше үлгіде ұйымдастырылған «педагогикалық өндіріс» деген пікір өз уақытында педагог-ғалымдар тарапынан сынға алынғаны белгілі. Осы сыннан соң бірте-бірте «педагогикалық технологияны» оқыту үрдісінің құрамдас бөлігі ретінде сипаттап, оны дидактикалық үрдістер мен оқыту құралдарымен жабдықтауда жаңа ақпараттық технологияға негіздеу туралы мәселе қозғалады.

Педагогикалық шеберліктің тағы бір көрінісі – мұғалімнің шығармашылық іс-әрекеті, яғни оның тұлға ретінде жеке-даралығы және адамның индивид ретіндегі кейбір ерекшеліктерінің өзгеріске ұшырауы. Осыдан шығарар қорытындымыз: әрбір педагог мұғалім мамандығын таңдап алған соң, ол жауапкершілігін бірге ала жүруі керек. Ұстаз өз пәнін ғана емес, дүние сырын, қоғамдағы өзгерістерді, адам мінездерін, өнердің қуат әсерін білетін жан болуы қажет.

Біздің ойымызша, инновациялық технологиялар оқытуды ізгілендіру, яғни оқу құралдарын оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетінде пайдалануға көмектеседі. Оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдаланудың шарттарының өзі мұғалімнің әрдайым ізденісте, өздігінен білім алудың

жағдайын туғызады. Ол педагогикалық шарттарға: инновациялық ізденіс қажеттілігі; инновациялық әдіс-тәсілдер жайлы білім; инновациялық әдіс-тәсілдерінің тиімді жолдарын қарастыру; инновациялық әдістерді меңгеру; инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдалану және білім беруді ұйымдастыру формалары; инновациялық әдіс-тәсілдерінің нәтижесінің болуы; инновациялық әдіс-тәсілдердің озық тәжірибелерін бекіту жатады. Инновациялық іс-әрекетті басшылыққа ала отырып, педагогикалық шеберліктің басқа құрауыштарының маңыздылығын жоққа шығармаймыз.

Адам қажырлы еңбегімен табиғатты өзгертсе мұғалім жалпы жасампаз еңбегімен жаңа адамды қалыптастырып, дамытып, жетілдіріп өмірге дайындайды. Оқушыларын тек біліммен қаруландырып қана қоймай, назарын, білгендерін жадында сақтауға, қабілетін, ойлауын, тіл шеберлігін ұштауға, дүниеге деген құштарлығын, өмірге деген көзқарасын дұрыс қалыптастырып, ықыласын, сенімін, төзімділігін, іскерлігін, ізденімпаздығын тағы басқадай танымдық қасиеттерін жетілдіріп, адамгершілігі мол азамат етіп тәрбиелеуді өзінің өмірлік мақсаты, ізгілік мұраты деп санайды.

«Талант» деген сөзді әркім әр түрлі ұғынуы мүмкін. Талант көбіне, ақын – жазушылырда, әртістерде, өнер адамдарда кездеседі. Ал, «мұғалім болу – талант па, ол әркімнің қолынан келе бермей ме?» – деген сұрақ туады. Ұстаздың барлығы талант болып тумайды. Егер кез келген мұғалім ынта – ықылас қойып, табандылық танытатын болса, өз бетімен көп еңбектенсе, идеялық жағынан сенімді, саяси жағынан есейген азамат болса, өз пәнін жақсы білсе, оқытудың әдістемесін меңгеріп, бала психологиясын жете білсе, педагогикалық техниканы қалыптастыра алса, педагогикалық шеберлікке жету қасиеттеріне ие бола отырып, педагогикалық кәсіпті меңгерсе, педагогикалық әдепті бойына сіңірсе, онда талантты, шебер ұстаз бола алады.

Педагогикалық шеберлік – ұстаздық талантпен тығыз байланысты. К.Д.Ушинский: «Педагогика теориясын қаншама жетік білгенмен, педагогикалық әдептің қыр – сырын меңгермейінше бұған оның оның қолы жетпейтіндігін», – айтады.

Педагогикалық шеберлік – тек қана мұғалімнің жалпы, жан – жақты және әдістемелік сауаттылығы ғана емес, ол – әр сөзді оқушылырға жеткізе білу, олардың толық қабыл алуы.

Ұстаздық шеберлік: 1) мұғалімнің өмірге көзқарасы, оның идеялық нанымды, моральды бойына сіңірген адам екендігі; 2) пәнді жетік білген, ойын толық жеткізетін және оқушылардың бойында әдеп, әдет, дағды сияқты моральдық нормаларды сіңіре білгендігі; 3) оқыту мен тәрбиелеудің әдіс – тәсілдерін меңгерген, білгенін қызықты да, тартымды өткізе алатын, педагогикалық әдеп пен талантын ұштастырған адам ғана шеберлікке ие болады. Педагогикалық шеберлікте педагогикалық техника деп аталатын мәселеге мән беріледі. Мұғалім әр сөзін дұрыс сөйлеп, нық айтуы тиіс, оның жүріс – тұрысы, қозғалысы, отырып – тұруы оқушыларға ерсі болмайтындай дәрежеде болуы керек.

Педагогикалық шеберліктің негізі – балалардың өз еркімен дамуына жол ашу, оқу – тәрбие процесінде оқушылармен педагогикалық ынтымақтастықтар жұмыс атқарудың формаларын, әдістерін дамыту, шәкіртке деген қамқорлық пен сүйіспеншілікті арттыру педагогикалық шеберліктерінің басты сипаты болып табылады.

Болашақ ұстаздың педагогикалық мамандыққа өзін-өзі бағыттап, жұмысты ұйымдастыруы педагогикалық шеберлік негіздерін білумен шарттас. Бұл саланы зерттеуші ғалымдардың пікірінше педагогикалық шеберлік мынадай жүйелерге бөлінеді:

- педагогикалық іс – әрекеттегі гуманистік бағыттылығы;
- педагогикалық кәсіби білгірлігі;
- педагогикалық іс- әрекеттеке бейімділігі;
- педагогикалық техникасы.

Бұл аталған педагогикалық шеберлік жүйелері бір-бірімен тығыз байланыста жүзеге асады.

Зерттеу жүргізген ғалымдардың пікірінше, педагогикалық шеберлік жөніндегі ғылыми – зерттеу пайымдаулар мыналар:

- педагогикалық мақсаттылық, бағыттылық;
- тәрбие мен білім беру ісінің нәтижелілігі;
- әдістерді, құралдарды қолдана білудегі үйлесімділік;
- іс – әрекет мазмұнының шығармашылық сипат алуы.

Сонымен қатар әлеуметтік – қоғамдық өмірдің жаңаруына байланысты кәсіптік педагогикалық шеберлік деңгейіде дамуы тиіс. Педагогикалық кәсіптік шеберлікті дамыту міндеттер:

1. Педагогикалық білім бірлігі;
2. Педагогикалық кәсіпке бейімділігі;
3. Ситуацияларды меңгеру;
4. Балалардың психологиялық жағдайын меңгеру.

Осының барлығын қазіргі заман талабына сай маман өз тәжірибесінде қолдану керек.


2.2 Мектепке дейінгі жастағы балаларды отансүйгіштікке тәбриелеу бойынша тәжірибелік эксперименталдық жұмысының моделі

Балабақшадағы тәжірибеге келсек, бүлдіршіндерді адамгершілік-отансүйгіштікке тәбриелеу жұмыстарын олардың өз туған қаласының тарихы, оның көркем жерлері, мәдениеті, қаһармандары туралы білімдерін диагностикалаудан бастадық. Диагностикалау нәтижелері бойынша келесі мәліметтерге ие болдық:

Бүлдіршіндер 1941-1945 Ұлы Отан соғыс туралы білмейді. Ал Ұлы Отан соғысқа қатысқан жерлестеріміз туралы мүлдем бейхабар. Кейбір балалар қалада орнатылған ескерткіштерінің мағынасын білмейді. Өз көшелерінің аталуы неге байланысты екені жөнінде бейхабар екен.


Сауылнамаға қатысқан балалар саны 60. Олардың ішінде 36 ұл бала, 24 қыз бала.

Сауалнаманы өткізу барысында алғашқы мәліметтер келесі суреттерде берілген.




1 сурет – «Ұлы отан соғыс туралы білесін бе?» сұраққа жауаптар.

Суретте көрсетілгендей, балалар Ұлы отан соғысы туралы білмейтін деп айтуға болады. Білетіндер пайызы қыздар арасында 0%, ұлдар арасында 6,2 % құрады.




2 сурет – «Павлодар қаласында Ұлы отан соғысқа қатысқан адамдар бар ма?» сұраққа жауап беру туралы мәліметтер.

Суретте көрсетілгендей, білетіндер пайызы қыздар арасында 0%, ұлдар арасында 0 % құрады.




3 сурет – «Павлодар қаласы қандай өзеннің жағасында орналасқан» сұраққа жауап беру туралы мәліметтер.

Суретте көрсетілгендей, білетіндер пайызы қыздар арасында 7,2 %, ұлдар арасында 18 % құрады.




4 сурет – «Ертіс өзеннің жағасында тағы қандай қалалар орналасқан?» сұраққа жауап беру туралы мәліметтер.

Суретте көрсетілгендей, білетіндер пайызы қыздар арасында 2,4 %, ұлдар арасында 14,4 % құрады.



5 сурет – «Біздің қала неге осылай аталады?» сұраққа жауап беру туралы мәліметтер.

Суретте көрсетілгендей, білетіндер пайызы қыздар арасында 0 %, ұлдар арасында 0 % құрады.



6 сурет – «Суретте кімге арналған ескерткіш көрсетілген?» сұраққа жауап беру туралы мәліметтер.

Суретте көрсетілгендей, білетіндер пайызы қыздар арасында 0 %, ұлдар арасында 0 % құрады.

Қорыта келе, балабақша тәрбиеленушілердің көбі Ұлы отан соғыс туралы білмейді, соғыс ардагерлері де бейхабар. Қаламыз туралы да көптеген мәліметтерді білмейді.

2.3 Эксперимент жүргізу нәтижелері

Экспериментті жүргізу барысында келесі нәтижелерге жеттік.

Зерттеу жүргізу тақырыбы шеңберінде мектепке дейінгі жастағы ересек балалардың қоршаған ортаға қатысымдық көзқарасты қалыптастыруда олардың туған өлкеден бастап туған елге деген қатысу тәжірибесін қалыптастыру маңызды рөлді атқарады. Баланың тәжірибелік дағдылары келесі қызметтерде көрінісін табады: оқу, еңбек, ойын, бейнелеу қызметтері. Осы қызметтермен айналысу барысында бала алған білімді сезінеді, баланың қоғамдық жүріс-тұрысының дағдылары мен әдеттері қалыптасады, бала қызмет етудің рухани құнды бейімделуіне ие болады.

Ортақ мақсатқа жету үшін оқыту-тәрбиелеу жұмысының тиімділігін арттыру шарты ретінде тәрбиеленушіге дифференцияланған және жеке тәсіл анақталады, балалардың жеке мүмкіндіктерін және әрқайсысының қасиеттерін ескеру қажет.

Тәжірибелік-эксперименталдық жұмыстарды жүргізу нәтижесінде тұлғаның интеллектуалдық, эмоциялық және әрекеттік салаларында маңызды өзгерістер орын алды. Балалардың туған ел, туған өлке туралы білімдері тереңдетілді, олар қоғамдық өмірге деген қызығушылықты білдіре бастады, алған білімдерін жеке әрекеттерінде қолдануға тырыса бастады. Сонымен қатар келесі өзгерді:

– мектепке дейінгі жастағы балалардың қоғамдық пайдалы жұмысқа көзқарасы өзгерді. Мектепке дейінгі жастағы ересек балалар бастаманы, бір-біріне көмек көрсетуді, жеке мүдделерін қоғамдық мүдделерге бағындыруды білдіре бастады.

Жүргізілген жұмыс мектепке дейінгі жастағы ересек балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу мәселесін қозғау құқылы болуын дәлелдеді және осы мәселені шешу жолдарын анықтады. Жұмысты жүргізу нәтижелері отансүйгіштікке тәрбиелеу процесінің баланың жалпы тәрбиеленуімен тікелей байланысы дәлелденді, баланың Отанға деген қатысуының басқа қатынас түрлеріне байланысты болуы анықталды – өзіне, адамдарға (кішкентайларға, құрдастарына, үлкендерге), қжымға, еңбекке.

Қазіргі таңда қоғам алдында тұрған маңызды мәселердің бірі – қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму қарқындығын арттыру проблемасы. Осы проблеманы жалпы қоғамның әр мүшесінің белсенділігін арттырусыз шешіле алмайды.

Мектепке дейінгі жастағы балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу үдерісі жүйелі процесс. Осы үдеріс мақсатталған және бағытталған болу керек.

Отансүйгіштікке тәрбиелеу дегеніміз – үлкендер мен балалар арасындағы, балалардың жалпы адамзаттық, рухани байлық қасиеттерін қалыптасуға және ашуға, ұлттық аймақтық мәдениетке, туған өлке табиғатына қатысуға, эмоциялық-әрекеттік қатысу сезімін, айналадағыларға бауыр басуға тәрбиелеуге бағыттылған, бірегей қызметегі өзара әрекет жасау.

Мектепке дейінгі ересек балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің мақсаты – олардың жақсы істерді жүзеге асыру қажеттілігін қалыптастыру, айналағыдарға қатысу, аянышты білдіру, қызуғушылықпен қарау сезімін тәрбиелеу.

Отансүйгіштікке тәрбиелеудің міндеттері:

- Рухани-адамгершілікті қалыптастыруға туған үйге, туған өлкеге, отбасына, балабақшаға, қалаға ауылға деген жақын болу сезімін қалыптастыру;

- өз халқының рухани байлығына жақын болу, қатысу сезімін қалыптастыру;

- туған өлке табиғатына жақын болу, қатысу сезімін қалыптастыру;

- өз ұлтына деген сый-құрмет білдіруді, өзін өзі жақсы бағалау, өз ұлттық ерекшеліктерін құрметтеу, басқа ұлттарға (құрдастарға, олардың ата-аналарына, көршілерге, басқа адамдарға) деген төзімділік сезімін қалыптастыру.

Ересек мектепке дейінгі жастағы балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің мазмұны:

- балаларды, мерекелерге, дәстүрлерге, өнерге, ұлттық-қолданбалы өнерге, халық ауыз әдебиетіне, музыкалық фольклорға, ұлттық ойындарға, мәдени мұраға қатыстыру.

- Отбасымен танысу, отбасы тарихымен, аталармен, шежіремен, отбасылық дәстүрлермен танысу; балабақшамен, құрдастармен, үлкендермен, ойындармен, ойыншықтармен танысу; қаламен, ауылмен, олардың тарихымен, елтаңбамен, дәстүрлермен, атақты жерлестермен, атақты ауылдастармен, көрнектілермен танысу;

- әртүрлі жыл маусымдарында объектілердің жағдайын мақсаттылы байқау, табиғатта маусымдық гүлдерді егу, көкөністерді егу, бұталарды егу, және т.б. жұмыстарын ұйымдастыру;

- баланың қоршаған ортаға, айналадағыларға (адамдарға, хайуандарға) қамқорлық білідре, көмек көрсете алатындай шығармашылық өнімдеу жұмыстарды ұйымдастыру, осындай жұмыстар балаларды күнделікті жаңа өмір жағдайына бейімдеуге байланысты болады.

Мектепке дейінгі жастағы ересек балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін келесі шарттар болу қажет:

- балабақшада және отбасында эвристикалық ортаны қалыптастыру

- балабақша тәрбиелеушілері мен отбасы мүшелерімен бірегей әріптестік қызметі,

– балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу проблемаларын шешуге педагогтар мен ата-аналардың дайын болуы.

Эвристикалық орта жағымды эмоциаларға толы болып, баланың шығармашылық бастамасын жүзеге асыру, өз бетімен шешімдерге келу өрісі болу керек.

Балабақша тәрбиелеушілері мен отбасы мүшелерімен бірегей әріптестігі келесілер арқылы жүзеге асырылады: балалардың ата-аналарымен сенім білдіру іскерлік қарым-қатынастарын орнату; ата-аналарды педагогикалық-психологиялық ақпараттар минимумын қамтамасыз ету; ата-аналарды балалармен қарым-қатынастарды құру тәсілдерді меңгеруге үйрету; отбасы мүшелерін педагогикалық үдеріске қатыстыру; балабақшада және отбасында пәндік дамыту ортасын құру.

Балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу проблемаларын шешуге педагогтар мен ата-аналардың дайын болуы, балалардың отансүйгіштік сезімін қалыптастыру үдерісіне дайын болуы, педагогтар мен ата-аналардың сәйкес кәсіптік құзыреттілік, кәсіптік шеберлік деңгейінің болуын және қойылған міндеттерді шешу үшін өзі өзі ұйымдастыру, өзін өзі бақылау қабілеттерінің болуын шарт етеді.

Жоғарыда аталған барлық педагогикалық жағдайлар өзара байланысты және өзара шартталған.

Әр мектепке дейінгі білім беру мекемеде отансүйгіштікті тәрбиелеу келесі бағыттарда жүзеге асырылады:

- рухани-адамгершілік,
- әлеуметтік,
- эстетикалық,
- өлкетану,
- еңбек,
- интеллектуалдық,
- отбасылармен жұмыс істеу және т.б.

Осы жұмысты жүзеге асыру үшін отансүйгіштікке тәрбиелеу бағдарламасы шеңберінде жүйелі жұмысты ұйымдастыру қажет. Осыған орай келесі міндеттер кешенін орындау керек, олар:

- балаларды өз отбасын, балабақшаны, көшені, қаланы сүйуге, табиғатты аялауға тәрбиелеу;
- балаларды мемлекеттік рәміздермен таныстыру (елтаңба, ту, әнұран);
- елінің, қаласының жетістіктерін мақтан тұтан ету, жауапкершілік сезімін дамыту;
- басқа халықтарды сыйлау, олардың дәстүрлерін сыйлау сезімін қалыптастыру;
- еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу;
- қазақ халқының дәстүрлерін, қолшеберлікті білуге қызығушылықты қалыптастыру;

- адам құқықтары жөнінде бастапқы білімдерді қалыптастыру;
- Қазақстан қалалары туралы білімдерін кеңейту.

Осы міндеттер балалармен жұмыс істеу барлық түрлерінде шешіледі, олар: ойындар, еңбек ету, тұрмыстық жағдаяттар.

Балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу қоғамның қазіргі даму кезеңінде мектепке дейінгі білім беру мекемелерін Отанға деген сүйіспеншілік сезімін, Отанның тарихи-мәдениет рухани мұрасына тану қызығушылығын дамытуға міндеттейді.

Өз тарихын білмеген, болашағы жоқ адам, дегендей, өз шығу тегін, халқының дәстүрін білмеген адамды отбасын, елін, халқын сүетіндей, басқа халықтарды құрметтейтіндей тәрбиелеуге болмайды.

Азаматтықты тәрбиелеу оның кіші еліне деген құрметтеуден басталады. Мектепке дейінгі жастағы бала отансүйгіштікке жолды туыстарға, айналасына, балабақшаға, қаласына деген сезімдері арқылы бастайды.

Бүлдіршін өзін ел азаматы ретінде сезіну үшін айналасындағы жақсы үлгілерді көру керек. Осыған орай балабақшадан бастап мемлекеттік рәміздерге, халықтық салт-дәстүрлерге көзқарасы қалыптасады. әрине осы мәселені шешуде халық ертегілері өзінің орнын алады.

Бүлдіршін ертегілердің кейіпкерлерін үлгі ретінде қабылдап, өз жүрегінен өткізіп, эмоция арқылы сезімін білдіреді. Нәтижесінде олар өздерін кейіпкерге ұқсатып, бүлдіршін жасынан бастап адамгершілікке, отансүйгіштікке, әдептілікке бағытталып, балалар өздері жақсы қасиеттерге тартылады.

Қазақ халқының ерекше өз ертегілер әлемі қалыптасқан. К.Д.Ушинскийдің пікірі бойынша : « ...тәрбие әлсіз болмаймын десе, халықтық болу керек». К.Д.Ушинский педагогикаға «халықтық педагогика» ұғымын енгізген. Зерттеушінің пікірі бойынша, халықтық салт-дәстүрлерге үйрету, фольклор арқылы халықтың жанын білуге, рухани байлық құндылықтарды бағалауын көруге болады.

Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде кеңінен халық ауыз әдебиетінің материалдары қолданылады. Бірақ осы әдісті бір жүйеге келтірген жөн. Мысалы, мақал-мәтелдерді жай жаттаумен қатар оларды түсіндіріп, белгілі жағдайда орынды болуын көрсету керек.

Бүлдіршіндерді отансүйгіштікке тәрбиелеуде өлкетану негіздерін қолдануға болады. Балалар арасында «Менің көшем», «Менің қалам» атты көркем сурет көрмесін ұйымдастыруға болады. Осында жіберілетін бір қателік балаларды ң жұмыстарын іріктеуге болмайды, себебі баланың суреті оның ішкі сезімін білдіреді.

Балабақшадағы тәжірибеге келсек, бүлдіршіндерді адамгершілік-отансүйгіштікке тәрбиелеу жұмыстарын олардың өз туған қаласының тарихы, оның көркем жерлері, мәдениеті, қаһармандары туралы білімдерін диагностикалаудан бастадым. Диагностикалау нәтижелері бойынша келесі мәліметтерге ие болдық:

Бүлдіршіндер 1941-1945 Ұлы Отан соғыс туралы білмейді. Ал Ұлы Отан соғысқа қатысқан жерлестеріміз туралы мүлдем бейхабар. Кейбір балалар

калада орнатылған ескерткіштерінің мағынасын білмейді. Өз көшелерінің аталуы неге байланысты екені жөнінде бейхабар екен.

Орын алған мәселелерді шешу үшін отансүйгіштікке тәрбиелеу жұмысын келесі тақырыптаға бөлдік: «Қаламыздың тарихы», «Павлодар қаласының көріністері», «Жерлестеріміз – халық қаһармандары».

Отансүйгіштікке тәрбиелеуде қойылған міндеттерді шешу мақсатында топта мәндік-дамыту орта қалаптастырылған. Қалыптастырылған орта арқылы туған өлке тарихын және дәстүрлерін тереңінен білуге жағдай жасалған. Мұнда: балаларға аталған тақырыпта жазылған әдебиеттер кітіпханасы, балалармен жұмыс істеуге арналған «Павлодар қаласы бойынша экскурсия», «Павлодар қаласының тарихынан», «Павлодар қаласының қаһармандары» атты альбомдар. Ойын бұрыштарында аталмыш тақырыптарда рольдік ойындарды ойнатуға қажетті құралдар жиналған. Мысалы, ұл балалар үшін әскери ойын құралдары, қыз балалар үшін әскери санитарлар құралдары.

Жалпы әр дамыту бағыты бойынша жұмыс мазмұнын ашатын перспективтік жоспар құрастырылған.

Жұмыс мазмұның жүзеге асыруы түрлі нысандар бойынша өтеді: балалармен әңгіме құрастыруда, кітаптарды оқып, талқылау, Ұлы Отан соғысы туралы әңгіме құрастыру, қаланың көріністеріне жаяу экскурсия жасау, әскери-патриоттық ойындарды ұйымдастыру. Сонымен қатар жоспарға Ұлы Отан соғыс ардагерлерімен кездесулердің, тақырыптық көрмелердің, мерекелік шаралардың ұйымдастырылуы енгізілген. Мысалы, Жетінші мамыр – Халық қаһарманының күні.

Осындай түрлі жұмыстарды қолдану арқылы балаларға білім беру үдірісінің тиімділігіне әсер етіп, отансүйгіштік сезімге тәрбиелеуге жағымды әсер етіледі.

Отансүйгіштікке тәрбиелеу отбасынан басталады. Бүлдіршін өз отбасының да тарихын білу керек. Бала өз отбасын мақтан тұтса, өзін де сыйлай бастайды, жоғары бағалайды. Арнайы отансүйгіштікке мәжбүрлеуге болмайды, нәтиже болмайды.

Сондықтан бүлдіршіндерді туған өлкесімен таныстыруда ата-аналармен тығыз қарым-қатынас арқылы жұмысты ұйымдастыру керек. Осы бағытта да перспективтік жоспар құралған. Жоспарға ата-аналар жиналыстарының, әңгімелердің, кеңес берулердің, түрлі шығармашылық сайыстардың және көрмелердің ұйымдастырылуы енгізілген. Топта ата-аналарға арналған әдістемелік кітапхана жиналған.


Отансүйгіштік сезім өзінен өзі пайда болмайды. Отансүйгіштікке тәрбиелеу балаға жастайынан үздіксіз мақсатталған адамға әсер ету үдерісін ұйымдастыруының нәтижесі болып табылады. Баланы туған өлкемен таныстырып, туған өлкенің тарихи-мәдени ерекшеліктерімен таныстыру арқылы балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеуге болады.

Жастайынан туған өлкесіне деген сүйіспеншілік сезімі адам есінде өмір бойы қала береді.

Осыған орай келесі тәжірибелік ұсыныстар беріліп отыр. Мектепке дейінгі жаста кіші топтағы балаларға қаланы көз алдарына елестету өте қиын. Сондықтан олармен жақын көшеге серуен жасау, өз үйлері, көшелері, үйлерінің нөмірлері туралы әңгіме жүргізу. Алдымен балабақшаның тұрған ауданымен таныстырамыз, балабақшаның айналасының қолымен жасалған әдемілігімен таныстыру жұмыстарын жүргізуге болады. Қаланың ауылмен айырмашылығы туралы әңгімелеу. Ересек топта туған қаласы туралы білу мәліметі ұлғаяды. Балаларды өз туған қаламыз өнеркәсібімен, тарихымен, оның көрікті жерлерімен таныстырылу керек. Осылай таныстырғаннан балаларда өз туған қаласы бойынша мақтаныш сезімі туады. Балалардың өзінің туған қаласымен және Отанымен танысқаннан олардың көңіл – күйлері көтеріліп, көріп білгендерін сурет арқылы көрсеткілері де келеді. Сондықтан бұл жұмыс бейнелеу өнерінде де жалғасады. Балалардың салған суреттерінде өзінің туған қаласына деген сүйіспеншілігі және де серуен кезінде бақылаған табиғаты жөнінде бейнеленеді. Музыка сабақтарында өз халқының дәстүрін танып араласады. Балабақшада отансүйгіштік тақырыпқа мерекелік ертеңгіліктер өткізу дәстүрлі болып кету керек: Мысалы, «Сарбаздар күні», «Қала күні», «9 Мамыр – Жеңіс күні», «Балаларды қорғау күні» және т.б. Балалармен өзінің туған өлкесі бойынша танысу кітап бұрышында, түрлі – түсті суреттер – дидактикалық материалдарды қарау бойынша, ұлттық салт – дәстүр өнері бойынша жүргізілу керек. Жыл бойы балалармен жүргізілетін жұмыстың негізі, ол табиғатпен танысу, қорғау қызметі. Табиғатты танып – білу, қорғау – Отанды тану, қорғау болып табылады. Тәрбиешілер балалармен аракідік «экологиялық күзетке» өз ауласын тазалауға шығып тұрған жөн. Осы арқылы балаларға олардың айналаны таза ұстап, үлкендерге көмектесіп, өздерінің осы қаланың тұрғыны ретінде қаланы таза сақтау керектігін түсінулеріне құлшындыру. Осы айтылғандарды есепке ала отырып, біртіндеп балабақшада рухани – адамгершілік – отансүйгіштік тәрбие жұмысының жүйесі қалыптасады.


Мектепке дейінгі білім мекемелерінде рет-ретімен, жүйелі түрде ұйымдастырылған жұмыс нәтижесінде бүлдіршіндерді болашақта жауапкершілігі жоғары, белсенді азаматтық ұстанымы бар, туған өлкесіне қатыстығын сезінетін, халқын, Отаның, отбасын, сүйетін, өз азаматтық парызын әрдайым өтеуге дайын болатын тұлға ретінде тәрбиелеуге әкеледі.

Қорыта келе жүргізілген жұмыстар өз нәтижелерін әкелді. Осы нәтижелердің дәлелін біз сауалнаманы қайта жүргізу барысында байқадық.




7 сурет – «Ұлы отан соғысы туралы білесін бе?» сұраққа жауап беру туралы мәліметтер.

Суретте көрсетілгендей, білетіндер пайызы қыздар арасында 100 %, ұлдар арасында 100 % құрады.




8 сурет– «Ұлы отан соғысқа қатысқан ардагерлер туралы білесін бе?» сұраққа жауап беру туралы мәліметтер.

Суретте көрсетілгендей, білетіндер пайызы қыздар арасында 100 %, ұлдар арасында 100 % құрады.



9 сурет – «Ескерткіш кімге арналған?» сұраққа жауап беру туралы мәліметтер.

Суретте көрсетілгендей, білетіндер пайызы қыздар арасында 100 %, ұлдар арасында 100 % құрады.



10 сурет – «Қаламыз қандай өзен жағасында орналасқан, өзен туралы не білесін?» сұраққа жауап беру туралы мәліметтер.

Суретте көрсетілгендей, білетіндер пайызы қыздар арасында 100 %, ұлдар арасында 100 % құрады.

Қорыта келе, осындай нәтижелерге келесі жұмыстарды орындау арқылы жеттік:

- отансүйгіштікке тәрбиелеу жұмысының бағдарламасы әзірленді;
- отансүйгіштікке тәрбиелеу жұмысы жүйелі түрде жүргізілген болатын;

– осы жұмысты атқару барысында балалармен бірегей шығармашылық тапсырмалар орындалды;


– әр баланың жеке портфолиосы құралды, мұнда: суреттер, Ұлы отан соғысқа қатысушы жерлес туралы папка, өзінің көшесіне арналған суреттер, қала ескерткіштерінің суреттері, мүсіндер және т.б. шығармашылық жұмыстар түрлері жиналған;

– ата-аналарға арналған дидактикалық бұрыштар жинақталған, осы жинақталған материалдарды олар балалармен үйде тапсырмаларды орындау барысында қолдануы ұсынылға;

– ата-аналар жиналыстарында отансүйгіштікке тәрбиелеу тақырыбына арналған әңгімелер жүргізілген.


Барлық жүргізілген жұмыстар нәтижелі болды.

Нәтижелілігін кесесі суреттерде көрсетілген динамикасы бойынша байқауға болады.




11 сурет – «Ұлы отан соғысы туралы білесін бе?» сұраққа жауап беру туралы «иә» жауап беру динамикасы.

Суретте көрсетілгендей, жағымды динамика байқалады.




12 сурет – «Қаламыздың Ұлы отан соғысына қатысушылары туралы білесін бе?» сұраққа жауап беру туралы «иә» жауап беру динамикасы.

Суретте көрсетілгендей, жағымды динамика байқалады.



13 сурет – «Қаламыз қандай өзен жағасында орналасқаны туралы білесін бе?» сұраққа жауап беру туралы «иә» жауап беру динамикасы.

Суретте көрсетілгендей, жағымды динамика байқалады.



14 сурет – «Қаланың ескерткіштері туралы білесін бе ?» сұраққа жауап беру туралы «иә» жауап беру динамикасы.

Суретте көрсетілгендей, жағымды динамика байқалады.

Қорыта келе, келесі туралы айтуға болады. Балалардың арасында, ата-аналар арасында жүргізілген жұмыстар нәтижелі болды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген зерттеу нәтижелері келесіні анық анықтады. Қазақстан Республикасында білім беру саласында халықаралақ деңгейде білім беру және тәрбиелеу үдерісін қалыптасуымен қатар, халқымыздың, еліміздің өздік ұлттық тәрбие мұрасын кеңінен қолдануға болады.

Ата-бабаларымыздың мұрасы жас ұрпақты тәрбиелеуде таусылмас көз екені баршамызға мәлім.

Адамзат тарихының беттерін ақтара отырып, әлем құрлықтарында өмір кешкен халықтар, ғасырлар бойы тәуелсіздік үшін күресіп келгенін білеміз. Еліміздің дербес, толық қанды ел, егеменді мемлекет болуы, халқымыздың ертеден бергі еркіндік үшін, туған жері – Отаны үшін күресінің жемісі. Бүгінгі таңдағы еліміздің әлемдік өркениет шеңберінде өз орны мен статусын алуға ұмтылысы заңды құбылыс. Өйткені, әр елдің, халықтың өзіндік болмысына тән мақсат – мұраты бар. Мұрат – алға жетелейтін, болашақтан қол бұлғап шақыратын, халықтың арманы, мақсаты. Ал мақсат немесе мұрат – ол, болашақта қол жеткізуге жетелейтін қоғамдық-рухани сананың көрсеткіші - идеал.

Осы тұрғыдан, Қазақстан халқының мұраты: еркін халық болу; өзгелермен терезесі тең мемлекет болу; өз ішінде береке-бірлік пен ынтымақ орнаған халық болу. Бұл мұратты жүзеге асырудың негізгі шарты – әрбір Қазақстан азаматының қатардағы қоғам мүшесі деңгейінен мемлекеттің саналы әрі белсенді азаматы әрі өз Отанының, халқының нағыз патриоты дәрежесіне көтерілуі.

Отансүйгіштік - азаматтық санамен қалыптасатын қасиет. «Азаматтық сана» – біліммен қаруланған, аға ұрпақтың қалдырған мәдени-тәлім мұраларынан сусындаған, туған жері мен елінің рухани-материалдық, мәдени құндылықтарын бойына сіңіре білген, ақыл мен парасаттылығы жетілген, жеке мүдде мен болашақ үшін жауапкершілікті өткен мен келешек ұрпақ алдындағы парызбен ұштастыра білетін, ұлтжанды саналы азаматы болуды талап ететін құбылыс. Қазақстан Республикасы этномәдени білім беру тұжырымдамасында «Бізге қажетті - жаны да, қаны да қазақы халықтың тілі мен дінін, тарихы мен салт-дәстүрін бойына ана сүтімен бірге сіңірген, егеменді елінің еңсесін көтеруді азаматтық парызым деп ұғатын ұрпақ тәрбиелеу» - деп атап көрсеткендей, еліміздің елдігі мен бірлігін сақтайтын ұрпақ тәрбиелеу, білім берудің барлық салаларының алдындағы негізгі міндеттердің бірі.

Әр халықтың өзіне тән, тарихи-әлеуметтік даму ерекшеліктері мен өмір-тіршілігіне, тұрмыс-салтына, дәстүрлеріне байланысты дүниетанымдық, рухани-материалдық, мәдени құндылықтары қалыптасады. Қазақ халқы бай тарихтың иесі. Қазақ даласы әлемге «Екінші ұстаз» атанған Әл Фарабиды, Ж.Баласағұн, Ахмет Иассауи, М.Қашқари, Қадырғали Жалаири сияқты ғұламаларды берді. Олардың еңбектері, ортағасырдағы Орта Азиялық ренессанс кезеңінің мәдени өміріне зор үлес қосқан, асылдары болып табылады. Әсіресе, Әл-Фарабидің сан-салалы ғылыми еңбектері тек Таяу

немесе Орта шығыс ғұламалары: Ибн-Сина, Бируни, Хорезми, Омар Хайям, Хафиз т.б сияқты ғұламаларының ой-пірлеріне ғана емес, сонымен бірге Европа ғылымына да ықпал етті.

Тарих тұңғығынан Қазақстанның мәдени қазыналарын тауып, бүгінгі ұрпақтың ол байлықты сақтауына, танып білуіне, рухани-мәдениет саласындағы білімін дамытуға ұсынған еліміздің ғұлама ғалымдарының қажырлы еңбектері – жастардың отансүйгіштік тәрбиесінің асыл арналары.

Есік қаласынан табылған «Алтын адам» ескерткішінен бастап, Орхон-Енисей тас жазулары, кең байтақ жеріміздің әр аймағынан табылып жатқан ежелгі мәдениет жәдігерлері, көне сәулеттік ескерткіштер, халық шеберлерінің қолөнер туындыларының үлгілері – осының бәрі Қазақстан мәдениетінің қазынасын байыта түсті әрі бүгінгі ұрпақтың рухани білім көзіне айналды.

Еліміздің егемендігімен бірге, халықтық тәлім-тәрбие қазыналарын жинақтап, оны этнопедагогиканың негізі мазмұнына енгізсек, сол мазмұнды жүзеге асырудың басты құралы – этномәдениет қазыналары.

Мектепке дейінгі жастағы ересек балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу арқылы патриоттік сезімінің бастамасын қалыптасудың маңызды шарты ретінде тәрбиелеу процесінің мақсатталған болашаққа бағытталған бағдарламасын құрастыру анықталады. Осы процесс мектепке дейінгі жастағы ересек бала тұлғасына педагогикалық әсер ету жүйесін қарастырады және мектепке дейінгі білім беру мекемесінде барлық жүргізілетін жұмыстарының мақсатталуын қамтиды.

Мектепке дейінгі жастағы ересек балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу балаларды туған елімен таныстыру сабақтар жүйесін сипаттайтын тұтас педагогикалық оқыту-тәрбиелеу процесі.

Белгілі тұрғыда іріктелген, жинақталған және педагог балаға дұрыс ұсынған туған ел, туған өлке туралы білімдер мектепке дейінгі жастағы ересек балалардың Отан туралы білімдер жүйесін қалыптастыруға әсер етеді: қоршаған ортаға сана сезімді білдіру, туған жерге деген сүйіспеншілігін білдіру.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық процестері эмоциялық процестерімен тығыз байланыста болады. Эмоциялар мен сезім балаға айналаны тануға, қабылдауға, қоршаған ортада, қоғамда өз орнын түсінуге, білімдерді басқа қызмет түрлеріне торанформациялауға мүмкіндік береді.

Қазақстандық отансүйгіштік әр қазақстандыққа тән. Біздің ортақ Отанымыз, ортақ тарихымыз, ортақ салт-дәстүріміз, ортақ тіліміз мен мәдениетіміз бар. Қазақстандық отансүйгіштік мен ұлтаралық татулықтың маңыздылығы Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тарихи еңбектері толық қамтылып, жазылған.

Елбасы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында айтқан: «2050 жылға қарай біз Қазақстанның кез келген азаматы ертеңгі күнге, болашаққа өте сенімді болатындай саяси жүйе құруымыз керек. Біздің балаларымыз бен немерелеріміз сырт елден гөрі Отанында өмір сүргенді артық көретіндей, өйткені, өз жерінде

өзін жақсы сезінетіндей болуға тиіс. Біздің еліміздің әрбір азаматы өзін өз жерінің қожасы ретінде сезінуге тиіс».

Жас ұрпаққа сапалы біліммен бірге саналы тәрбие беру қай кезде де өзектілігін жоғалтқан емес. Арғы ата-бабаларымыз жас өренді елін, жерін сүйуге үндеп, ұлттық салт-дәстүрмен сусындатуды мұрат тұтқан. Сол рухани үндеу бүгінгі күнге жеткізді. Жаңа ғасырлардың белесінде өзінің жиырма жылдық тарихына табан тіреген Қазақ елінің отансүйгіштіктің мекеніне айналуы өзгеге үлгі, өзімізге медеу. Сондықтан да болар, мемлекет тарапынан патриоттықты дамыту бағытында көптеген шаралар атқарылып, көлемді бағдарламалар жасалып жатыр.

Қазіргі таңда балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу мәселесі көкейтесті мәселелерінің болып тұрғаны баршамызға мәлім. Сонымен қатар осы мәселе әлеуметтік оңалту үдерісінде, тұлғаның әлеуметтік ортада өз орнын табу және өмір жолын таңдауда жаңа сипатқа ие болып, өзінің шешу жолдарын табу үшін жаңа әдістерді таңдауға тұра әкеледі. Тұлғаның адамгершілік қасиеттері мектепке дейінгі жаста қалыптаса бастайды. Осыған байланысты қазіргі білім беру мекемеде жұмыс істейтін мамандар балаларды тәрбиелеуде азаматтық сезімге, өз Отаның мақтан тұту сезімін қалыптастыру міндеттері қойылады. Аталмыш міндеттерді шешу үшін мектепке дейінгі жастағы балаларда азаматтық-отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған тиімді педагогикалық жүйені құру мақсатын қою қажет.

Бірақ, балаларды азаматтық-отансүйгіштікке тәрбиелеу бойынша жұмыстарды тиімді ұйымдастыруда кедергі жасайтын бірқатар проблемалар орын алып жатыр, олардың ішінде:

- оқыту үдерісінің жеткіліксіз бағдарламалық-әдістемелік қамтылуы;
- қазіргі уақытқа дейін сақталған білім беру мекеменің материалдық-техникалық базасының толық қамтылмауы;
- балаларды азаматтық-отансүйгіштікке тәрбиелеуді насихаттауда БАҚ қызығушылығының болмауы және т.б.

Әдістемелік әдебиеттерде көбінесе отансүйгіштікке тәрбиелеу мәселесінің нақты жұмыс түрлеріндегі тек жеке жақтары ашылып, осы мәселенің барлық жақтарын көрсететін жүйесі қалыптасқан жоқ.

Қазіргі таңда қоғамды қайта қалыптастыру кезеңінде халқымыздың ең үздік рухани дәстүрлеріне бет бұру қажеттілігі орын алып отыр. Олардың қатарына туыстық, Отан мәңгілік түбегелі ұғымдар жатады. Мектепке дейінгі жастан бастап балалардың жоғары рухани және моралдық-психологиялық қасиеттерін тәрбиелеу керек, олардың ішінде отансүйгіштік ерекше орын алады.

Отансүйгіштік ұғымы жан-жақты. Мұнда басым орынды Отанға деген сүйіспеншілік алады. «Отан» ұғымына өмір сүру жағдайы кіреді, атап кеткенде аумақ, климат, табиғат, қағамдық өмірдің ұйымдастырылуы, тіл және тұрмыс ерекшеліктері, деген ұғымдардан құралады. Патриот болу - өзін Отанның ажырамас бөлігі ретінде сезіну. Осы күрделі сезім балалық шақта қоршаған орта әлеміне деген құндылығын бағалау негіздерін қалау арқылы қалыптасады.

Басқа сезімдер сияқты отансүйгіштік сезіміне ар адам жеке ие болады және осы сезімді жеке сезеді. Осы қасиет адамның рухани байлығымен, сезіну тереңдігімен тікелей байланыста болады. Патриот болмаған мұғалім баланы отансүйгіштікке тәрбиеле алмайды. Отансүйгіштікке тәрбиелеу баланы осы сезімге мәжбүрлеу емес, керісінше осы сезімге жетелеу, баланың сана-сезімін ояту. Себебі отансүйгіштіктің түбінде тұлғаның рухани өзін-өзі анықтау жатады.

Әр мектепке дейінгі білім беру мекемеде отансүйгіштікті тәрбиелеу келесі бағыттарда жүзеге асырылады:

- рухани-адамгершілік,
- әлеуметтік,
- эстетикалық,
- өлкетану,
- еңбек,
- интеллектуалдық,
- отбасылармен жұмыс істеу және т.б.

Осы жұмысты жүзеге асыру үшін отансүйгіштікке тәрбиелеу бағдарламасы шеңберінде жүйелі жұмысты ұйымдастыру қажет. Осыған орай келесі міндеттер кешенін орындау керек, олар:

- балаларды өз отбасын, балабақшаны, көшені, қаланы сүйуге, табиғатты аялауға тәрбиелеу;
- балаларды мемлекеттік рәміздермен таныстыру (елтаңба, ту, әнұран);
- елінің, қаласының жетістіктерін мақтан тұтан ету, жауапкершілік сезімін дамыту;
- басқа халықтарды сыйлау, олардың дәстүрлерін сыйлау сезімін қалыптастыру;
- еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу;
- қазақ халқының дәстүрлерін, қолшеберлікті білуге қызығушылықты қалыптастыру;
- адам құқықтары жөнінде бастапқы білімдерді қалыптастыру;
- Қазақстан қалалары туралы білімдерін кеңейту.

Осы міндеттер балалармен жұмыс істеу барлық түрлерінде шешіледі, олар: ойындар, еңбек ету, тұрмыстық жағдаяттар.

Балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу қоғамның қазіргі даму кезеңінде мектепке дейінгі білім беру мекемелерін Отанға деген сүйіспеншілік сезімін, Отанның тарихи-мәдениет рухани мұрасына тану қызығушылығын дамытуға міндеттейді.

Өз тарихын білмеген, болашағы жоқ адам, дегендей, өз шығу тегін, халқының дәстүрін білмеген адамды отбасын, елін, халқын сүетіндей, басқа халықтарды құрметтейтіндей тәрбиелеуге болмайды.

Азаматтықты тәрбиелеу оның кіші еліне деген құрметтеуден басталады. Мектепке дейінгі жастағы бала отансүйгіштікке жолды туыстарға, айналасына, балабақшаға, қаласына деген сезімдері арқылы бастайды.

Бүлдіршін өзін ел азаматы ретінде сезіну үшін айналасындағы жақсы үлгілерді көру керек. Осыған орай балабақшадан бастап мемлекеттік рәміздерге, халықтық салт-дәстүрлерге көзқарасы қалыптасады. әрине осы мәселені шешуде халық ертегілері өзінің орнын алады.

Бүлдіршін ертегілердің кейіпкерлерін үлгі ретінде қабылдап, өз жүрегінен өткізіп, эмоция арқылы сезімін білдіреді. Нәтижесінде олар өздерін кейіпкерге ұқсатып, бүлдіршін жасынан бастап адамгершілікке, отансүйгіштікке, әдептілікке бағыттталып, балалар өздері жақсы қасиеттерге тартылады.

Қазақ халқының ерекше өз ертегілер әлемі қалыптасқан. К.Д.Ушинскийдің пікірі бойынша : « ...тәрбие әлсіз болмаймын десе, халықтық болу керек». К.Д.Ушинский педагогикаға «халықтық педагогика» ұғымын енгізген. Зерттеушінің пікірі бойынша, халықтық салт-дәстүрлерге үйрету, фольклор арқылы халықтың жанын білуге, рухани байлық құндылықтарды бағалауын көруге болады.

Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде кеңінен халық ауыз әдебиетінің материалдары қолданылады. Бірақ осы әдісті бір жүйеге келтірген жөн. Мысалы, мақал-мәтелдерді жай жаттаумен қатар оларды түсіндіріп, белгілі жағдайда орынды болуын көрсету керек.

Бүлдіршіндерді отансүйгіштікке тәрбиелеуде өлкетану негіздерін қолдануға болады. Балалар арасында «Менің көшем», «Менің қалам» атты көркем сурет көрмесін ұйымдастыруға болады. Осында жіберілетін бір қателік балаларды ң жұмыстарын іріктеуге болмайды, себебі баланың суреті оның ішкі сезімін білдіреді.

Балабақшадағы тәжірибеге келсек, бүлдіршіндерді адамгершілік-отансүйгіштікке тәрбиелеу жұмыстарын олардың өз туған қаласының тарихы, оның көркем жерлері, мәдениеті, қаһармандары туралы білімдерін диагностикалаудан бастадым. Диагностикалау нәтижелері бойынша келесі мәліметтерге ие болдық:

Бүлдіршіндер 1941-1945 Ұлы Отан соғыс туралы білмейді. Ал Ұлы Отан соғысқа қатысқан жерлестеріміз туралы мүлдем бейхабар. Кейбір балалар қалада орнатылған ескерткіштерінің мағынасын білмейді. Өз көшелерінің аталуы неге байланысты екені жөнінде бейхабар екен.

Орын алған мәселелерді шешу үшін отансүйгіштікке тәрбиелеу жұмысын келесі тақырыптаға бөлдік: «Қаламыздың тарихы», «Павлодар қаласының көріністері», «Жерлестеріміз – халық қаһармандары».

Отансүйгіштікке тәрбиелеуде қойылған міндеттерді шешу мақсатында топта мәндік-дамыту орта қалаптастырылған. Қалыптастырылған орта арқылы туған өлке тарихын және дәстүрлерін тереңінен білуге жағдай жасалған. Мұнда: балаларға аталған тақырыпта жазылған әдебиеттер кітіпханасы, балалармен жұмыс істеуге арналған «Павлодар қаласы бойынша экскурсия», «Павлодар қаласының тарихынан», «Павлодар қаласының қаһармандары» атты альбомдар. Ойын бұрыштарында аталмыш тақырыптарда рольдік ойындарды ойнатуға қажетті құралдар жиналған. Мысалы, ұл балалар үшін әскери ойын құралдары, қыз балалар үшін әскери санитарлар құралдары.

Жалпы әр дамыту бағыты бойынша жұмыс мазмұнын ашатын перспективтік жоспар құрастырылған.

Жұмыс мазмұның жүзеге асыруы түрлі нысандар бойынша өтеді: балалармен әңгіме құрастыруда, кітаптарды оқып, талқылау, Ұлы Отан соғысы туралы әңгіме құрастыру, қаланың көріністеріне жаяу экскурсия жасау, әскери-патриоттық ойындарды ұйымдастыру. Сонымен қатар жоспарға Ұлы Отан соғыс ардагерлерімен кездесулердің, тақырыптық көрмелердің, мерекелік шаралардың ұйымдастырылуы енгізілген. Мысалы, Жетінші мамыр – Халық қаһарманының күні.

Осындай түрлі жұмыстарды қолдану арқылы балаларға білім беру үдірісінің тиімділігіне әсер етіп, отансүйгіштік сезімге тәрбиелеуге жағымды әсер етіледі.

Отансүйгіштікке тәрбиелеу отбасынан басталады. Бүлдіршін өз отбасының да тарихын білу керек. Бала өз отбасын мақтан тұтса, өзін де сыйлай бастайды, жоғары бағалайды. Арнайы отансүйгіштікке мәжбүрлеуге болмайды, нәтиже болмайды.

Сондықтан бүлдіршіндерді туған өлкесімен таныстыруда ата-аналармен тығыз қарым-қатынас арқылы жұмысты ұйымдастыру керек. Осы бағытта да перспективтік жоспар құралған. Жоспарға ата-аналар жиналыстарының, әңгімелердің, кеңес берулердің, түрлі шығармашылық сайыстардың және көрмелердің ұйымдастырылуы енгізілген. Топта ата-аналарға арналған әдістемелік кітапхана жиналған.

Отансүйгіштік сезім өзінен өзі пайда болмайды. Отансүйгіштікке тәрбиелеу балаға жастайынан үздіксіз мақсатталған адамға әсер ету үдерісін ұйымдастыруының нәтижесі болып табылады. Баланы туған өлкемен таныстырып, туған өлкенің тарихи-мәдени ерекшеліктерімен таныстыру арқылы балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеуге болады.

Жалпы отансүйгіштікке тәрбиелеу тәрбиелеудің ажарамас бөлігі болғанымен, осы үдеріс нақты мақсатталған болу керек. Мақсатталу мәселесі көптеген зерттеушілердің еңбектерінде қозғалып жатыр.

Жүйелілік-құрамдылық мақсаттау топтастырмаларында 3-тен 5-ке дейін деңгей анықталады. Осындай топтастырма Беспалько В.П., В.Оконь, Ильина деген зерттеушілердің еңбектерінде көрсетілген. Т.И.Ильина педагогикалық мақсаттардың үш деңгейін ажыратады:

- 1.Тәрбие жұмысының жалпы бағытын көрсететін мақсат, педагогикалық әсер ету сипатын анықтайды, қоғамның адам идеалы туралы түсінігін көрсетеді, қоғамның адамға деген талаптарын анықтайды.

- 2.Тұлғаның белгілі қалыптасу кезеңдегі педагогикалық мақсаттар.

3. Оперативтік мақсаттар, олар жеке сабақта немесе жеке шарада қойылады.

В.Оконь, келесі топтастырманы ұсынады. Тұлғаны дамыту мақсаттары (1 деңгей) - білім беру жүйесінде тұлғаның дамуы және танымдық процестерінің дамуы; сабақ міндеттері оқу қызметін дамыту арқылы сипатталады (2 деңгей); тұлғаның өздігінен дамуы (3 деңгей). И.П. Пидкасистый оқыту мақсаттарының

деңгейлігін ұсынады: білім берудің макродеңгейдегі мақсаттары, білім берудің микродеңгейдегі мақсаттары, жалпы және арнайы пәндік оқу процесінің әр білімді меңгеру деңгейдегі мақсаттар мен міндеттері.

В.П. Беспалько соңғы деңгейде қызмет әрекетіне қарай білім мен дағдылары деңгейін бағалау үшін сапалық бағынды енгізуді ұсынады. Мұнда ақпаратты тану, өз бетімен әзірлеген бағдарлама негізінде өнімдік қызметті жетілдіру.

М.Т. Баранов келесі, өзара салыстыру негізінде құралған, мақсаттар топтастырмасын ұсынады: тұлғаның жалпы – кәсіптік дамуы; оқу курсы мен меңгерудің теориялық – тәжірибелік бағытталуы; білім көлемі – білім дағдылары.

Н.Д. Гальскова мақсатталудың прагматикалық және жалпы білімдік аспектілерін салыстырады

Аталған құрамдылық-жүйелілік топтастырмасының кешендік талдауы келесі қорытындыларды шығаруға тұра әкеледі:

Абстракциялаудың төрт деңгейі бар. Олар: глобальдық мақсатталу жүйесі, концептуальдық мақсатталу жүйесі, тактикалық мақсатталу (мемлекеттік жалпы білім беру стандарттары), нақты оқу процесінде мақсатталу.

Әрине, қандай да болсын қызметті ұйымдастыруда мақсаттар қою керек. Мақсат қойылып, нақты бағыт таңдалса, әрі қарай үдерістің мазмұны бірінші орынға шығады.

Жастайынан туған өлкесіне деген сүйіспеншілік сезімі адам есінде өмір бойы қала береді.

Мектепке дейінгі білім мекемелерінде рет-ретімен, жүйелі түрде ұйымдастырылған жұмыс нәтижесінде бүлдіршіндерді болашақта жауапкершілігі жоғары, белсенді азаматтық ұстанымы бар, туған өлкесіне қатыстығын сезінетін, халқын, Отанын, отбасын, сүйетін, өз азаматтық парызын әрдайым өтеуге дайын болатын тұлға ретінде тәрбиелеуге әкеледі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. - Алматы.- 1993ж.
2. Барабанов В.Н. «К вопросу о Казахском патриотизме»: размышления школьного учителя // Білім — инфо. - 2006 - № 2.- С.36-37
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жж. арналған Мемлекеттік бағдарламасы. www.adilet.kz
4. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» // Егемен Қазақстан, 7 ақпан 2008 ж., №36, 1-4 бб.
5. Назарбаев Н. Ә. Қазақстан-2030. - Алматы : Білім, 1997. - 256 б.
6. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. Астана, 2005
7. Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасы.
8. Досмұхамбетұлы Х. Аламан «Ана тілі». -1991ж.
9. Жолдасбеков М. Асыл арналар.-Алматы:«Жазушы». -1986ж.
10. Жұмабаев М. Педагогика:«Ана тілі». -1992ж.
11. Жарықбаев Қ.Б., Наурызбаев Ж. Қазақтың ұлттық тәлім - тәрбие атауларының түсіндірме сөздігі. – Алматы. - 1993ж.
12. Жарықбаев Қ., Табылдиев Ә. Әдеп және жантану.Атамұра.- 1994 ж.
13. Құнанбаев А. Шығармалары. Екі томдық. «Жазушы».- 1968ж.
14. Қалиев С. Қазақ халқының салт - дәстүрлері және демократ ағартушылары. Алматы: РБК. - 1993ж.
15. Абдымананов С. Будущее страны — за патриотами // Экспресс К. - 2006. - 22 апреля. - С.6.
16. Байтанаев С. Сто строк по поводу патриотизма // Юридическая газета. - 2006. - 25 января. - С.1.
17. Биекенов К. Патриотизм как основа служения государству // Саясат. - 2007. - №8. -с. 9-11.
18. Джилкишнева М. а патриотом быть обязан // Казахстанская правда. - 2008. - 31 января.- С.5.
19. Насырова М. Зарождение казахстанского патриотизма // Мысль. - 2005. - №5. - С.59-60.
20. Насырова М. Героические традиции и патриотизм // Мысль. - 2005. - №6. - С.31-32.
21. Кертаева Қ. М. Ұстаз қызметіндегі педагогикалық деонтология. – Алматы: Ғылым, 2002. – 147 б.
22. Сәдірмекова Ж. Б. Жеткіншектерді халықтық педагогика арқылы адамгершілікке тәрбиелеу. Пед.ғыл.канд. ...дисс. – Алматы, 1994. – 150 б.

23. Қазақстан Республикасының тұрақты дамуының негізі. Е. Жуматаева, М.М. Жарқумбаева// ПМУ хабаршысы - 2009, №1 91-101 Б. ISSN 1811-1831
24. e-mail: kense.oo.ap@pavlodar.gov.kz
25. Қазақ балабақшаларында тәрбиелеу, оқыту мазмұнын жаңарту тұжырымдамасы. ҚР БҒ министрлігі. А., 1991.
26. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.
27. Кертәева Ғ. М. «Рахат» мектебі: жаңа ғасырға – жаңа мектеп: Монография. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы ПМУ баспасы. 2005. – 55б.
28. Бородин В.А. Библиотечное обслуживание: Учебно — методическое пособие . - М.: Либерия,2004
29. Олзаева Г.К. Массовая работа библиотек : Учебно — методическое пособие. - М.: «Либерия — БИБИНФОРМ». - 2006.
30. Краеведческая работа библиотеки: Методические рекомендации в помощь работе библиотек, школ, ПТШ, колледжей. - Алматы: Республиканский издательский кабинет. 1997.
31. Микрюков В. Патриотизм: к определению понятия // Воспитание школьников. - 2007. - №5. - С.2-8
32. Тимофеева И.Н. Нам есть чем гордиться, нам есть, что хранить: Детские библиотеки и воспитание любви к Отечеству // Библиотечное дело. - 2006.- №2. - С.7-11
33. Бродский М.А. Книги о войне — урок практического патриотизма // Школьная библиотека. - 2006. - №1. - С.41-48.
34. Литвинчук С. Я — патриот своей Республики // Внеклассная работа в школе.- 2007.- №7. - С.15-17.
35. Шайхутдинов Е. Простые истины: без прошлого нет настоящего. Без настоящего нет будущего // АиФ Казахстан. - 2007. - №43. -С.
36. Программа патриотического воспитания граждан Республики Казахстан на 2006-2008 годы».
37. Закон Республики Казахстан от 7 июня 1999 года "Об образовании".
38. Закон «О государственной молодежной политике в Республике Казахстан".
39. Государственная программа «Культурное наследие».
40. Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2005–2010 годы.
41. Библиотека и юный читатель. - М.: Книжная палата, 1987.-256с.
42. Айтхожина Г.Р. Воспитание казахстанского патриотизма, национального согласия// Воспитание школьника.-2004.-№1.-С.2-10.
43. Балтабай Е. Использование содержания казахстанской этнопедагогики как условие формирования патриотической воспитанности учащихся// Воспитание школьника.- 2004.- №5.- С.7-8.

44. Буря В.И. Воспитание у детей и подростков чувства патриотизма и гражданственности// Практическая помощь учителю.- 2005.- №5.- С.21-23.
45. Мантарида Н.И. классный час: «Казахский язык – язык Республики Казахстан»// Практическая помощь учителю.- 2003.- №6.- С.2-5.
46. Камбулова Г. Поэты – барды Степи// практическая помощь учителю – 2006.- №2.- С.8-12.
47. Ягунина А.В. Урок – откровение: «Поэт – батыр» (Махамбет Утемисов)// Практическая помощь учителю.- 2004.- №6.- С.7-10.
48. Оразбекова З.А., Первых Н.И. Устный литературный журнал «Степная звезда» (К 170-летию Чокана Уалиханова)// Практическая помощь учителю.- 2005.- №5.- С.9-11.
49. Богославский В.В. Жалпы психология.- Москва. - 1978ж.
50. Базарбаев Ж. Нұсқабаев Ж., Даулетова Қ. Инабат.Әдептану оқу құралы. Алматы: «Жазушы». - 1996ж.
51. Власкин А.Г. Оқушының рухани әлемі. - Ленинград.- 1991ж.
52. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті: «Мектеп». - 1974ж.
53. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тілінің тәрбиесі. - Атамұра.- 1994 ж.
54. Дулатов М. Шығармалары. - Алматы: Жазушы, 1991. -
55. 381 б.
56. Жарықбаев Қ. Әдеп және жантану. Хрестоматия. Оқу құралы. - Алматы: Атамұра, 1996.
57. Игенбаев Б. Қ. Адамгершілік сабақтары. Оқу құралы. - Алматы: Дәуір, 2001ж.
58. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. Алматы, «Рауан», 1994ж.
59. Философия және мәдениеттану. Оқу құралы. Құраст. Ж. Алтаев, Т. Ғабитов, А. Қасабеков және т.б. Алматы. «Жеті жарғы», 1998.
60. «Қазақстан мектебі» 1967, №5, 12 бет.
61. Маслоу А. Самоактуализация // Психология личности: Тесты, М.: 1982. 110с.
62. Жутикова Н. В. Учителю о практике психологической помощи. Книга для учителя, М., 1988, С.74.
63. 143 Табылдиев Ә. Тағылым. - Алматы: Рауан, 1995. - 240 б.
64. 144 Дүйсембінова Р. Қ. Қазақ этнопедагогикасын мектеп практикасына ендіру. - Алматы: Ғылым, 1999. - 354 б.
65. Жампейсова К. К. Формирование основ политической культуры старшеклассников в целостном педагогическом процессе школы. - Алматы: Ғылым, 1993. - 232 с.
66. Бейсенбаева А. А. Теория и практика гуманизации школьного образования. - Алматы. 1994. - 220 с.

67. Калюжный А. А. Теория и практика профессиональной подготовки учителя к нравственному воспитанию учащихся в целостном педагогическом процессе дисс. ...докт. пед. наук. – Алматы, 1995. – 291 с.
68. 148 Щуркова Н. Е. Воспитание: новый взгляд с позиции культуры. – М., Воронеж, 1996. – 510 с.
69. Гей М. И. Формирование готовности будущих учителей осуществлению нравственного воспитания школьников. Автореф. дисс.канд.пед.наук. – Киев, 1988. 23 с.
70. Хамраев Э. Подготовка студентов педвузов к работе к идейно-нравственному воспитанию учащихся проф. технических училищ. Автореф. канд. пед. наук. – Ленинград, 1987. – 23 с.
71. Бережной Л. И. Имитационно-вероятностная модель «обучаемый и ППС». – автореф. дисс. ...канд.пед.наук. – СПб., 1992. – 19с.
72. Михеев В. И. и др. Организация воспитательной работы в СДЮСШОР. – М.: ГЦОЛИФК, 1982, - 30 с.
73. Рузавин Г. И. Методология научного исследования: Учебное пособие для вузов, М.: ЮНИТИ-ДАНА, 1999. – 317 с.
74. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология // Жалпы ред. басқ. – А.Қ.Құсайынов – Алматы: мектеп, 2002. – 256 б.
75. Подласый И.П. Педагогика: Учеб. для студ. высш. учеб. заведений: в 2 кн. – М.: ВЛАДОС, 2006.- 256с. – ISBN5691001760
76. Краевский В.В. Общие основы педагогики: Учебное пособие для вузов. – М.: Академия, 2005. – 256 с. – ISBN 5769523417
77. Болонский процесс: концептуально-методологические проблемы качества образования / под ред. В.И.Байденко. – Астана, 2010.
78. Кусаинов А.А., Омербаев С.М. Кредитная технология. – Алматы, 2010.
79. Каланова Ш.Ш. Менеджмент образования. – Астана, 2010.
80. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің сайты. «Болон үдерісі» бөлімі.
81. Документы международного права по вопросам образования / Сост. Ю.А.
82. Кудрявцев, Г.А. Лукичев и др. / Под ред. Г.А. Лукичева и В.М. Сырых. Законодательство об образовании. Т. 1. М.: Готика, 2003. - 500 с.
83. Конституции государств участников СНГ. - М.: НОРМА - ИНФРА М., 1999. - 736 с.
84. Коджаспирова Г.М. Педагогика в схемах и таблицах и опорных конспектах. – М.: Айрис-пресс, 2007. – 256с. – ISBN 9785812603
85. Столяренко А.М. Психология и педагогика: учеб. пособие для вузов. – М.: ЮНИТА-ДАНА, 2004. – 423с. – ISBN 5238002599

86. Педагогика: Учеб. Пособие / Под ред. П.И. Пидкасистого. – М.: Высшее образование, 2007. – 430 с. – ISBN 5969200913
87. Сарсекеева Ж.Е. Педагогика. Оқытудың несиелік жүйесіндегі сабақтар. Қарағанды, 2007.
88. 3.Педагогика. Дәріс курсы. Алматы 2003.
89. Әбиева Ж., Бабаев С., Құдиярова А. Педагогика. Алматы: Да-рын, 2004.
90. 5Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Мектеп. Алматы, 2002.
91. Сарбасова Қ.А., Шаушекова Б.Қ. Педагогика негіздері. Қарағанды, 2004.
92. Сейталиев К. Тәрбие теориясы. –А., 1986.
93. 8Хмель Н. Педагогический процесс в общеобра-зовательной школе. –А., 1984.
94. Гершунский Б.С.; Никандров Н.Д. Методологическое знание в педагогике. –М., 1986
95. Краевский В.В. Методология педагогического исследования. Самара, 1994.
96. Загвязинский В.И. Методология и методика дидактического исследования. М. 1981.
97. Абенбаев С. Оқушы жастарға эстетикалық тәрбие беруді жетілдіру. – А., 1992.
98. Абилова З. Оқушыларға эстетикалық тәрбие беру. – А.,1996.
99. Айтмамбетова Б. Қазақ педагогикалық энциклопедия сөздігі. / РБК. Алматы, 1995.
100. Айтмамбетова Б. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. Алматы, 1991.
- 101.Алмаханова Х. Жас өспірімдерге эстетикалық тәрбие беру /Методикалық нұсқау/. – А., 1990.
102. Кертаева Қ. М., Ажіғалиева У. А. Болашақ мұғалімнің деонтологиялық даярлығын халық педагогикасы құралдары арқылы қалыптастыру : педагогика және психология мамандығының студенттеріне арналған оқу құралы / Қ. М. Кертаева., У. А. Ажіғалиева – Павлодар : Кереку, 2010. – 130 б.

Құрметті комиссия төрағасы, комиссия мүшелері.

Қазіргі таңда тарихи алаңға жаңа тұлға шығып жатыр. Тәуелсіз елеміз Қазақстан үшін іскер, тәуелсіз, жан-жақты дамыған тұлғалар қажет екені баршамызға мәлім. Бірақ та «адамгершіліктің жетіспеушілігі» орын алып отыр. Нәтижесінде Одақ ыдырағанынан бастап аласапат кезінде отансүйгіштік ұғымы өзінің маңыздылығынан айырыла бастады. Соңғы жылдары өсіп келе жатқан ұрпақ тіпті отандық мәдениеттен, тарихи құндылықтарынан, қоғамдық-тарихи тәжірибеден бас тартып жатыр. Осыған орай отансүйшікке тәрбиелеу проблемаларын шеші үшін білім беру және тәрбиелеу саласындағы қызметте жаңа идеологияны қалаптастыру қажет.

Соңғы жылдары, балаларды тәрбиелеуімен байланысты, орын алған маңызды өзгерістер отансүйгіштікке тәрбиелеу қоғамдағы орны, оның рөлі жөнінде жаңа шешімдерді қабылдауды талап етеді. Осыған орай отансүйгіштікке тәрбиелеу мәселесі барлық деңгейлерде көтеріліп жатыр.

Зерттеудің көкейкестілігі. Зерттеуге алынған проблема төңірегінде тәрбиені жастайынан бастау керек деген пікір басым орын алып жатыр. Әсіресе мектепке дейінгі жастан бастап. Осы кезеңде баланың рухани-адамгершілік негізі қаланады, эмоциялары, сезімдері, қоғамды әлеуметтік бейімделу механизмдері қалыптасады, бала өзін қоршаған ортада сезіне бастайды. Себебі баланың сезімталдығы күшті болып, жасында көргені, сезгені бүкіл өмір бойы есінде сақталады, яғни осы уақытта отансүйгіштікке тәрбиелеу бүкіл өміріне жалғастырылады.

Сонымен қатар айтып кететін жайт, азаматты, патриотты қалыптастыру тұтас ғылыми концепциясы қазіргі уақытта әлі де құралмаған. Педагогтар арасында осыған байланысты отансүйгіштікке тәрбиелеуге не жатады, осы тәрбиелеуді қалай жүзеге асыру керек, әдіс-тәсілдері қандай деген сұрақтар өз шешімін талап етеді.

Педагогикалық зерттеулерде осы мәселе өз шешуін әлі де табуда. Көптеген авторлар мектепке дейінгі жастағы балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу маңызыдылығын анықтайды, бірақ осы бағытта тұтас жүйелі жұмысты ұсынбайды. Мектепке дейінгі жастағы балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің кейбір аспектілері ғана жеке қарастырылады.

Таңдалған тақырыптың теориялық және тәжірибелік мәнін ескере отырып, біз зерттеуді «Қазақ ұлттық байлық мұрасы негізінде балабақшадағы балалардың отансүйгіш қабілетін тәрбиелеу» тақырыбы шеңберінде жүргіздік.

Зерттеу мақсаты – мектепке дейінгі жастағы ересек балаларды ұлттық идея, қазақстандық отансүйгіштік моделі негізінде отансүйгіштікке тәрбиелеу процесінің педагогикалық негіздерін ашу.

Зерттеу объектісі -мектепке дейінгі жастағы ересек балалар.

Зерттеу мәні – балабақша жағдайында мектепке дейінгі жастағы ересек балалардың бастапқы отансүйгіштік сезімін тәрбиелеу процесі.

Қағида. Мектепке дейінгі жастағы ересек балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу процесінің нәтижелілігі балабақшада мақсатталған отансүйгіштікке тәрбиелеу жүйесінің қалыптасып, орын алғанымен

шартталған. Осы жүйе мектепке дейінгі жастағы ересек балалардың жастық психологиялық-педагогикалық даму ерекшеліктерін және мектепке дейінгі жастағы балалардың түрлі әрекеттерінің тәрбие мүмкіндіктерін өзара тығыз байланыста максималдық қолдануда негізделген. Сонымен қатар, ұлттық педагогика негіздерін, қазақстандық отансүйгіштік моделі, ұлттық идея принциптерін ескере отырып, балаға қоғамдық өмір болмысы туралы түрлі білімдерін қалыптастыру, олардың қоршаған ортаға, халқына, халық салт-дәстүрлеріне, мәдениетіне, рухани байлығына, ата мұрасына деген эмоциялық деңгейде қатысу сезімін және қызығушылығын дамытып, мектепке дейінгі жастағы ересек балалардың жүріс-тұрысының негізін құру.

Қойылған мақсатқа қарай және шығарылған қағидаға байланысты зерттеу жүргізу барысында **келесі міндеттер шешіледі:**

1. мектепке дейінгі жастағы балаларды отансүйгіштікке тәбиелеудің теориялық негіземесін зерттеу;

2. отансүйгіштікке тәбиелеуге арналған мемлекеттік бағдарламаларын қарастыру;

3. қазақ халқының отансүйгіштікке тәбиелеу ұлттық идеясын қарастыру;

4. отансүйгіштікке тәбиелеу Қазақстандық моделін қарастыру шеңберінде мектепке дейінгі жастағы балаларды отансүйгіштікке тәбиелеу бойынша балабақша жұмысының сипаттамасын жасау;

5. мектепке дейінгі жастағы балаларды отансүйгіштікке тәбиелеу бойынша тәжірибелік эксперименталдық жұмысының моделін әзірлеу;

6. Зерттеу барысында жүргізілген эксперимент нәтижелері негізінде мектепке дейінгі жастағы ересек балаларды отансүйгіштікке тәбиелеу бойынша балабақша жұмысын арттыру бойынша ұсыныстар беру.

Зерттеудің методологиялық негізі. Зерттеудің методологиялық негізін ұлттық, отандық және шетелдік зерттеушілердің педагогикалық және психологиялық зерттеулері қалаған.

Зерттеу жүргізу барысында отансүйгіштікке тәбиелеу мәселелерін шешуге арналған білім беру саласында бағдарламалық құжаттар басшылыққа алынған.

Зерттеу әдіс-тәсілдері. Зерттеуде белгіленген міндеттерді шешу барысында келесі жалпы ғылымдық және арнайы педагогика ғылымында пайдаланатын әдіс-тәсілдер қолданған: осы тәсілдердің қатарында ерекше орынды әдебиеттерді зерттеу алған.

Балабақша тәжірибесінде мектепке дейінгі жастағы ересек балаларды отансүйгіштікке тәбиелеу жағдайын зерттеу мақсатында процесті зерттеу жұмыстары жүргізілді. Олар: байқау әдісі, әңгімелер, сауалнамалар, құжаттарды зерттеу, балалар қызметі нәтижелерін талдау, педагогикалық жағдаяттарды құрастыру. Зерттеушінің балабақшада тәрбиеші ретінде педагогикалық тәжірибесі де жан-жақты талданған.

Зерттеуде басым орын тәжірибелік-эксперименталдық жұмысқа бөлінге. Осы жұмысты жүргізу негізінде мектепке дейінгі жастағы ересек

балаларды отансүйгіштікке тәбиелеу бойынша балабақша жұмысының жүйесін тәжірибеде нәтижелелегін дәлелдеуге мүмкіндік берілді.

Зерттеу жүргізу барысында балабақшаның 60 тәрбиеленушілері қамтылған.

Диссертация құрылымы. Диссертация кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан және пайдаланған әдебиеттер тізіміне тұрады, диссертацияда эксперимент барысы және нәтижелері суреттер арқылы көрсетілген.

Жұмыста қолданған әдебиеттер саны 103.

«Педагогика» деген ұғым көне грек елдерінде б.э.б. 2,5 жылда пайда болған дейді. Педагогика деген сөз, яғни тәрмин, көне грек тілінен шыққан, ол балаларды ертіп жүру, баланы жетектеп мектепке апаруы деген сөз. Анығырақ айтатын болсақ, «Педагогика» термині гректің екі сөзінен: «пайс» - балалар және «эгейн» - баланы басқару, тәрбиелеу, жетектеу, бағу ұғымдарынан шыққан. Адам өмір бойы тәрбиеленеді және қайта тәрбиеленеді. Педагогика - бала жайындағы ғылым, олай болса ол ұрпақ тәрбиесі жайындағы ілім.

Тәрбие дегеніміз - адамдарды қоғамдық өмірге және өнімді еңбекке дайындау мақсатын көздеп, жаңа ұрпаққа қоғамдық-тарихи тежірибені беру процесі. Тәрбие ұғымы кең мағынада әлеуметтік қоғамдағы құбылыс ретінде барлық тәрбие салаларын, атап айтсақ: отбасы, мектепке дегінге мекеме, оқу тәрбие орындары, еңбек ұжымы, ақпарат құралдары, баспа орындарын қамтиды.

Отансүйгіштік – Отан анаға деген сүйіспеншілік, адам бойындағы қабілет қарым мен күш-қуатты, білім мен білікті, ақыл парасатты ел игілігіне жұмсау, атамекен мүддесіне арнау

Патриот – Отанын, халқын, жері мен суын шынайы сүйетін, халық мүддесі үшін бар күш-жігерін, қабілетін аямайтын адам.

Отан сүю сезімі – халқының келешегі үшін күресумен, ол үшін аянбай еңбек етумен етене қабысып жатқан сезім, Қазақстанның келешегі үшін ақ жүрек, адал ниетпен қандай салада болмасын өз шама-шарқы келгенше аянбай еңбек етуді мен Қазақстандық отансүйгіштіктің бүгінгі шынайы көрінісі.

Деонтология – адамның парыздылыққа негізделген жүріс-тұрысы, қылықтары, әрекеттері туралы ғылым.

Педагогикалық деонтология - ұстаздық парыз туралы ғылым, ұстаздың іс-әрекетіне қойылатын нормативті талаптар. Бұл ұстаздық қызмет аясында практикалық іс-әрекеттерін реттеуші амалы.

Патриоттық тәрбие – бұл мектепке дейінгі жастағы балаларға адамгершілік, патриоттық сезімдерін мақсатты түрде қалыптастыру үрдісі.

«Ұлттық идея» ұғымын дұрыс іс-әрекетте қолдану және ұлт тұтастығын сақтаудың мәнін бағамдау, оның тек өзіне тән ерекшеліктерін ескеріп, сан ғасырлар бойы сараланған ең озық дәстүрлерді болашақ мақсатында ұтымды пайдалану болып табылады»

Зерттеу үш кезеңден тұрады.

Бірінші кезең (2012-2013 жж.) проблема шеңберінде теория қалаушыларының еңбектері, педагогикалық және психологиялық әдебиеттер зерттелген. Нәтижесінде теориялық ұстаным анықталып, тәжірибелік-эксперименталдық жұмысының бағдарламасы әзірленген.

Сонымен қатар, нақтылайтын эксперимент жүргізіліп, мектепке дейінгі жастағы ересек балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеудегі типтік жетіспеушіліктері мен кемшіліктері және тиімді әдіс-тәсілдері анықталды.

Екінші кезеңде (2013-2014 жж.) балабақша базасында тәжірибелік-эксперименталдық жұмысы жүргізілген, осы жұмысты жүргізу барысында ғылыми қағиданың ғылыми нақтылығы тексерілген, мектепке дейінгі жастағы ересек балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеудегі тиімділігінің жағдайлары анықталды.

Үшінші кезеңде (2014 ж.) қорытындылар шығарылды, тәжірибелік-эксперименталдық жұмысының нәтижелері талданды, балабақша жұмысы тәжірибесіне нәтижелерді енгізуі жүзеге асырылды, енгізілуі келесілерден құралған:

1. Балабақшада мектепке дейінгі жастағы ересек балаларды адамгершілікке тәрбиелеу процесінде отансүйгіштікке тәрбиелеу бойынша арнайы жұмыстарды жүргізу қажеттілігі негізделген.

2. Мектепке дейінгі жастағы ересек балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу процесінің құрамы және мән-мағынасы ашылған.

3. Мектепке дейінгі жастағы ересек балаларды отансүйгіштікке тәрбиелену критерийлері мен белгілері әзірленген.

4. Осы процестің тиімділігін қамтитын негізгі бағыттары, әдіс-тәсілдері және жағдайлары мен шарттары анықталған.

Зерттеудің маңыздылығы келесілерден құралады: зерттеуде балабақшада мектепке дейінгі жастағы ересек балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу жұмыстарының негізгі бағыттары анықталып, негізделген; осы тәрбиелеу жүйе мектепке дейінгі жастағы ересек балалардың жастық психологиялық-педагогикалық даму ерекшеліктерін және мектепке дейінгі жастағы балалардың түрлі әрекеттерінің тәрбие мүмкіндіктерін өзара тығыз байланыста максималдық қолдануда негізделгені дәлелденген; ұлттық педагогика негіздерін, қазақстандық отансүйгіштік моделі, ұлттық идея принциптерін ескере отырып, бабалға қоғамдық өмір болмысы туралы түрлі білімдерін қалыптастыру, олардың қоршаған ортаға, халқына, халық салт-дәстүрлеріне, мәдениетіне, рухани байлығына, ата мұрасына деген эмоциялық деңгейде қатысу сезімін және қызығушылығын дамытып, мектепке дейінгі жастағы ересек балалардың жүріс-тұрысының негізін құратыны дәлелденген.

Әзірленген ұсыныстар тәрбиешінің педагогикалық тәжірибесінде қолданылады.

Зерттеу нәтижелерін мектепке дейінгі педагогика бойынша дәрістер курсына, отансүйгіштікке тәрбиелеу проблемасы бойынша арнайы курстарын жүргізуде қолданылы алады, жалпы білім беру мекемелерінде

мектепке дейінгі білім беру мекемелер үшін мамандарды дайындауға қолданыла алады.

Апробациялау. Жұмысты апробациялау және зерттеу нәтижелерін енгізу. Диссертацияның негізгі қағидалары Инновациялық еуразия университетінің «Педагогика және психология» кафедрасының мәжілістерінде талқыланды, мақалар VII Педагогикалық оқуларында (ИнЕУ, Павлодар, 2013 ж.), «Калужный оқулары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдарында жарияланды (Ақтөбе, 2014) Тәжірибелік-эксперименталдық жұмысын жүргізу барысында осы жұмыстың нәтижелері бірнеше рет Павлодар қ. «Санаторлық үлгідегі №22 сәбилер бақшасы» МҚКК-ның педагогикалық кеңестерінде тыңдалған.

Қорғауға шығарылған ережелер:

1. Мектепке дейінгі жастағы ересек балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу процесінің нәтижелілігі балабақшада мақсатталған отансүйгіштікке тәрбиелеу жүйесінің қалыптасып, орын алғанымен шартталған.

2. Осы жүйе мектепке дейінгі жастағы ересек балалардың жастық психологиялық-педагогикалық даму ерекшеліктерін және мектепке дейінгі жастағы балалардың түрлі әрекеттерінің тәрбие мүмкіндіктерін өзара тығыз байланыста максималдық қолдануда негізделген.

3. Сонымен қатар, ұлттық педагогика негіздерін, қазақстандық отансүйгіштік моделі, ұлттық идея принциптерін ескере отырып, балаға қоғамдық өмір болмысы туралы түрлі білімдерін қалыптастыру, олардың қоршаған ортаға, халқына, халық салт-дәстүрлеріне, мәдениетіне, рухани байлығына, ата мұрасына деген эмоциялық деңгейде қатысу сезімін және қызығушылығын дамытып, мектепке дейінгі жастағы ересек балалардың жүріс-тұрысының негізін құрайды.

Жалпы патриотизм ұғымына тоқталайық. Патриотизм – Отанға сүйіспеншілігін білдіру, Отан тарихына, мәдениетіне, табиғатына, өміріне, жетістіктеріне және проблемаларына қатысу.

Жалпы біз патриотизмді рухани категория тұрғысында қарастырамыз.

Әр жаста патриотизмді білдіру және отансүйшілікке тәрбиелеу ерекше қарастырылады. Мектепке дейінгі жастағы балаға қатысты біз патриотизмді баланың қоғамдық өмірге қатысу қажеттілігі, табиғат өміріне белсенді қатысу қажеттілігі ретінде, баланың адамгершілікті білдіру, өзін өзі жоғары бағалау, өзін қоршаған ортаның бөлігі ретінде сезіну деп анықтаймыз.

Мектепке дейінгі жаста баланың жоғары әлеуметтік мотивтері және ерекше қасиеттері қалыптасады. Осы қасиеттерінің баланың бойына қалайша сеніуне байланысты оның әрі қарай дамуы да байланысты болады. Осы кезеңде баланың бала мінезінің әрі қарай оны халқымен, елімен байланыстыратын қасиеттері қалыптасады. Осындай әсер етудің түбінде баланың ана тілі, ұлттық өлендері, музыка, ойындар, ойыншықтары, тұған өлке бабиғаты, айналадғы адамдардың жүріс-тұрысы, тұрмысы, тұрмысы жатады.

Отансүйгішікке тәрбиелеу дегеніміз – үлкендер мен балалар арасындағы, балалардың жалпы адамзаттық, рухани байлық қасиеттерін қалыптасуға және ашуға, ұлттық аймақтық мәдениетке, туған өлке табиғатына қатысуға, эмоциялық-әрекеттік қатысу сезімін, айналадағыларға бауыр басуға тәрбиелеуге бағыттылған, бірегей қызметегі өзара әрекет жасау.

Мектепке дейінгі ересек балаларды отансүйгішікке тәрбиелеудің мақсаты – олардың жақсы істерді жүзеге асыру қажеттілігін қалыптастыру, айналағыдарға қатысу, аянышты білдіру, қызуғушылықпен қарау сезімін тәрбиелеу.

Отансүйгішікке тәрбиелеудің міндеттері:

- Рухани-адамгершілікті қалыптастыруға туған үйге, туған өлкеге, отбасына, балабақшаға, қалаға ауылға деген жақын болу сезімін қалыптастыру;

- өз халқының рухани байлығына жақын болу, қатысу сезімін қалыптастыру;

- туған өлке табиғатына жақын болу, қатысу сезімін қалыптастыру;

- өз ұлтына деген сый-құрмет білдіруді, өзін өзі жақсы бағалау, өз ұлттық ерекшеліктерін құрметтеу, басқа ұлттарға (құрдастарға, олардың ата-аналарына, көршілерге, басқа адамдарға) деген төзімділік сезімін қалыптастыру.

Ересек мектепке дейінгі жастағы балаларды отансүйгішікке тәрбиелеудің мазмұны:

- балаларды, мерекелерге, дәстүрлерге, өнерге, ұлттық-қолданбалы өнерге, халық ауыз әдебиетіне, музыкалық фольклорға, ұлттық ойындарға, мәдени мұраға қатыстыру.

- Отбасымен танысу, отбасы тарихымен, аталармен, шежіремен, отбасылық дәстүрлермен танысу; балабақшамен, құрдастармен, үлкендермен, ойындармен, ойыншықтармен танысу; қаламен, ауылмен, олардың тарихымен, елтаңбамен, дәстүрлермен, атақты жерлестермен, атақты ауылдастармен, көрнектілермен танысу;

- әртүрлі жыл маусымдарында объектілердің жағдайын мақсаттылы байқау, табиғатта маусымдық гүлдерді егу, көкөністерді егу, бұталарды егу, және т.б. жұмыстарын ұйымдастыру;

- баланың қоршаған ортаға, айналадағыларға (адамдарға, хайуандарға) қамқорлық білідре, көмек көрсете алатындай шығармашылық өнімдеу жұмыстарды ұйымдастыру, осындай жұмыстар балаларды күнделікті жаңа өмір жағдайына бейімдеуге байланысты болады;

Ересек мектепке дейінгі жастағы балаларды отансүйгішікке тәрбиелеу тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін келесі шарттар болу қажет:

- балабақшада және отбасында эвристикалық ортаны қалыптастыру

- балабақша тәрбиелеушілері мен отбасы мүшелерімен бірегей әріптестік қызметі,

– балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу проблемаларын шешуге педагогтар мен ата-аналардың дайын болуы.

Эвристикалық орта жағымды эмоциаларға толы болып, баланың шығармашылық бастамасын жүзеге асыру, өз бетімен шешімдерге келу өрісі болу керек.

Балабақша тәрбиелеушілері мен отбасы мүшелерімен бірегей әріптестігі келесілер арқылы жүзеге асырылады: балалардың ата-аналарымен сенім білдіру іскерлік қарым-қатынастарын орнату; ата-аналарды педагогикалық-психологиялық ақпараттар минимумын қамтамасыз ету; ата-аналарды балалармен қарым-қатынастарды құру тәсілдерді меңгеруге үйрету; отбасы мүшелерін педагогикалық үдеріске қатыстыру; балабақшада және отбасында пәндік дамыту ортасын құру.

Балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу проблемаларын шешуге педагогтар мен ата-аналардың дайын болуы, балалардың отансүйгіштік сезімін қалыптастыру үдерісіне дайын болуы, педагогтар мен ата-аналардың сәйкес кәсіптік құзыреттілік, кәсіптік шеберлік деңгейінің болуын және қойылған міндеттерді шешу үшін өзі өзі ұйымдастыру, өзін өзі бақылау қабілеттерінің болуын шарт етеді.

Жоғарыда аталған барлық педагогикалық жағдайлар өзара байланысты және өзара шартталған.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде де көптеген өзгерістер енгізіліп жатыр. Осындай өзгерістерден бейхабар болмай, салада орын алған жетістіктерге сүйене отырып, әр балабақша тәрбиелеушісі өз жұмысында озық тәжірибені қолдану керек. Көп жылдары ұлттық құндылықтарымызға қол жеткізе алмай, идеологиялық тәрбиелеу қапқанында болған халықтардың бірі болдық. Тәуелсіздікке ие болғанның арқасында ұлттық сана сезіміміз оянып, жас ұрпақты тәрбиелеуде ғасырлар бойы қалыптасып, халқымызды халық еткен, рухани байлығымызды бағалай бастадық. Ұлттық тәрбиелеу, этнопедагогика жетістіктерін балаларды тәрбиелеу тәжірибесінде отандық зерттеушілердің жалпы еліміздің «турақғы дамудың негізі - алдымен «Ұлттық идея» ұғымын дұрыс іс-ерекетте қолдану және ұлт тұтастығын сақтаудың мәнін бағамдау, оның тек өзіне тән ерекшеліктерін ескеріп, сан ғасырлар бойы сараланған ең озық дәстүрлерді болашақ мақсатында ұтымды пайдалану болып табылады», деген қағидасын біз де ұстанып отырмыз.

Балабақшадағы тәжірибеге келсек, бүлдіршіндерді адамгершілік-отансүйгіштікке тәрбиелеу жұмыстарын олардың өз туған қаласының тарихы, оның көркем жерлері, мәдениеті, қаһармандары туралы білімдерін диагностикалаудан бастадық. Диагностикалау нәтижелері бойынша келесі мәліметтерге ие болдық:

Бүлдіршіндер 1941-1945 Ұлы Отан соғыс туралы білмейді. Ал Ұлы Отан соғысқа қатысқан жерлестеріміз туралы мүлдем бейхабар. Кейбір балалар қалада орнатылған ескерткіштерінің мағынасын білмейді. Өз көшелерінің аталуы неге байланысты екені жөнінде бейхабар екен.

Сауылнамаға қатысқан балалар саны 60. Олардың ішінде 36 ұл бала, 24 қыз бала.

Мектепке дейінгі білім мекемелерінде рет-ретімен, жүйелі түрде ұйымдастырылған жұмыс нәтижесінде бүлдіршіндерді болашақта жауапкершілігі жоғары, белсенді азаматтық ұстанымы бар, туған өлкесіне қатыстығын сезінетін, халқын, Отаның, отбасын, сүйетін, өз азаматтық парызын әрдайым өтеуге дайын болатын тұлға ретінде тәрбиелеуге әкеледі.


Қорыта келе жүргізілген жұмыстар өз нәтижелерін әкелді. Осы нәтижелердің дәлелін біз сауалнаманы қайта жүргізу барысында байқадық.

Қорыта келе, осындай нәтижелерге келесі жұмыстарды орындау арқылы жеттік:

- отансүйгіштікке тәрбиелеу жұмысының бағдарламасы әзірленді;
- отансүйгіштікке тәрбиелеу жұмысы жүйелі түрде жүргізілген болатын;
- осы жұмысты атқару барысында балалармен бірегей шығармашылық тапсырмалар орындалды;
- әр баланың жеке портфолиосы құралды, мұнда: суреттер, Ұлы отан соғысқа қатысушы жерлес туралы папка, өзінің көшесіне арналған суреттер, қала ескерткіштерінің суреттері, мүсіндер және т.б. шығармашылық жұмыстар түрлері жиналған;
- ата-аналарға арналған дидактикалық бұрыштар жинақталған, осы жинақталған материалдарды олар балалармен үйде тапсырмаларды орындау барысында қолдануы ұсынылға;
- ата-аналар жиналыстарында отансүйгіштікке тәрбиелеу тақырыбына арналған әңгімелер жүргізілген.


Барлық жүргізілген жұмыстар нәтижелі болды.

Нәтижелілігін кесесі суреттерде көрсетілген динамикасы бойынша байқауға болады.




11 сурет – «Ұлы отан соғысы туралы білесін бе?» сұраққа жауап беру туралы «иә» жауап беру динамикасы.

Суретте көрсетілгендей, жағымды динамика байқалады.




12 сурет – «Қаламыздың Ұлы отан соғысына қатысушылары туралы білесін бе?» сұраққа жауап беру туралы «иә» жауап беру динамикасы.

Суретте көрсетілгендей, жағымды динамика байқалады.



13 сурет – «Қаламыз қандай өзен жағасында орналасқаны туралы білесін бе?» сұраққа жауап беру туралы «иә» жауап беру динамикасы.

Суретте көрсетілгендей, жағымды динамика байқалады.



14 сурет – «Қаланың ескерткіштері туралы білесін бе ?» сұраққа жауап беру туралы «иә» жауап беру динамикасы.

Суретте көрсетілгендей, жағымды динамика байқалады.

Қорыта келе, келесі туралы айтуға болады. Балалардың арасында, ата-аналар арасында жүргізілген жұмыстар нәтижелі болды.

Отансүйгіштік сезім өзінен өзі пайда болмайды. Отансүйгіштікке тәрбиелеу балаға жастайынан үздіксіз мақсатталған адамға әсер ету үдерісін ұйымдастыруының нәтижесі болып табылады. Баланы туған өлкемен таныстырып, туған өлкенің тарихи-мәдени ерекшеліктерімен таныстыру арқылы балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеуге болады.

Жалпы отансүйгіштікке тәрбиелеу тәрбиелеудің ажарамас бөлігі болғанымен, осы үдеріс нақты мақсатталған болу керек.

Мектепке дейінгі білім мекемелерінде рет-ретімен, жүйелі түрде ұйымдастырылған жұмыс нәтижесінде бүлдіршіндерді болашақта жауапкершілігі жоғары, белсенді азаматтық ұстанымы бар, туған өлкесіне қатыстығын сезінетін, халқын, Отаның, отбасын, сүйетін, өз азаматтық парызын әрдайым өтеуге дайын болатын тұлға ретінде тәрбиелеуге әкеледі

Диссертацияның негізгі мазмұны мен нәтижелері төмендегі еңбектерде көрініс тапты:

1. «Мектепке дейінгі білім беру мекемесінде отансүйгіштікке «ұлттық идея» арқылы тәрбиелеу маңызы // «Калюжный оқулары» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы. - Ақтөбе, 2014. - Б.110-112.

2. Қазіргі мектепке дейінгі білім беру мекемесі жағдайында отансүйгіштікке тәрбиелеу// VII Педагогикалық оқулары аймақтық конференция жинағы.-Павлодар, ИнЕУ, 2013.

Назарларыңызға рахмет.